

Болат Мағазұлы САҒЫНДЫҚ

# Жөніл сүрье



Издательство  
«Северный Казахстан»



**Болат Мағазұлы САҒЫНДЫҚ**

# Көңіл сүрбі

*Осы жинақ – көңілімнің сыры да,  
Жүрек жарып шыққан шындық жыры да.  
Тәуелсіздік таңы шашқан нұры да,  
Әділ айтқан зілді, аңы сыны да.*

Петропавл қаласы  
2016 жыл

УДК 534 (84)  
ББК 84.3 (Каз) 5-2  
С 12

С. Оразалыгұлы  
С 12 Көңіл сыры./Б. Сагындық. – г. Петропавловск:  
Издательство «Северный Казахстан», 2016-244 б.


ISBN 978-601-7247-51-3

51966  
2016 жыл  
Осы еңбегімді 34 жасында өмірден озған  
Кенже үлым Жанатқа арнаймын.

УДК 534 (84)  
ББК 84.3 (Каз) 5-2

ISBN 978-601-7247-51-3

© Б. Сагындық, 2016  
© Издательство «Северный Казахстан», 2016



# **ЖҮРЕГІ АҚЫН БОЛЫП ЖАРАЛҒАН АЗАМАТ**

Болат Мағазұлы Сағындық – Қызылжар өніріне өзінің ілгі істерімен танылған, ардақты азамат. Өткен ғасырдың аты шулы 37-ші жылында басталған кеңестік саяси құғын-сүргіннің құрбаны болған ұлы ақын Мағжан Жұмабаев сыңды жазықсыз жазаланған жандардың, солардың ішінде, нақақтан күйген өз әкесінің де алдындағы перзенттік парызын өтеу мақсатымен «Память» қоғамдық қорын құрып, Петропавл қаласында олардың рухтарына арнап ескерткіш орнатуға, одан кейін Еске алу қабырғасын тұрғызуға және «Ақталған есімдер» атты кітап шығаруға бастамашы болып, жергілікті билік органдарының табалдырықтарын тоздыра жүріп атқарған есіл еңбегі – өнір тарихына өшпестей етіп жазуға лайықты өнеге. Өз басым Болат ағамызды осындей, шын мәнінде рухани ерлікке пара-пар қайраткерлігі үшін айрықша қадір тұтамын. Бесінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың сессиясында оған «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағын беру жөніндегі ұсынысты депутат ретінде қос қолымды қатар көтеріп қолдағаным да сондықтан.

Пайымдал қарасақ, Болат Мағазұлы тікелей үйітқы болған ғибратты істер көзі ашық, кекірегі ояу азаматтың ғана қолынан келетіндігі даусыз. Әйтпесе, кешегі кеңес заманында ол кісімен қатар кеңшар директоры болып, дүрілдеген атқамінерлердің көзі тірілерінің арасында бүгінде Болат ағамызша белсенді қоғамдық қызметімен көзге түсіп, ел мен жер, тіл мен діл мәселелерін көтеріп, оларды шешуге де аяnbай атсалысып жүргендер некен-сақ. Мұның бір себебі, менің ойымша, Болат ағамыздың әу бастан сөз қадірін өз қадіріндей түсінетің, жүрегі ақын болып жаралған азамат екендігінде болса керек. Ал, ақын

булу – жыр дүлдүлі Төлеген Айбергеновтің сөзімен айтқанда, сыздыған барлық жараның аузында журу. Өзгелер сезіне бермейтін парыз бен қарызды да жүргегі ерекше нәзік жаратылған ақындар жұрттан ерек сезінетіндігі анық. Оған Болат Мағазұлының «Көніл сыры» атты жаңа кітабына енгізген өлеңдері де айғақ бола алады. Биыл сексеннің сенгіріне аяқ басқалы отырған асыл ағамыздың бүл еңбегі туған елінің Тәуелсіздінің ширек ғасырлық тойына арнаған тартуы, әрі қеудесінің алтын сандығынан алып, халқына ұсынған ең қымбат қазынасы іспетті.

Билік тізгінің ұстаган басшыларға да, өз қатарластарына да, кейінгі үрпаққа да айтар сөзі бар және оны ешкімнің бет-жүзіне қарамай, ашық та, ашы да айтуға батылдығы мен батырлығы жететін Болат ағамыздың айнымас азаматтық ұстанымы – кімге болса да үлгі.



Асылдан туган текті едің,  
Өмірге іштей кекті едің:  
Нақақтан күйген әке үшін  
Қасірет қанша шекпедің?!

Баласы «халық жауының»  
Деген сөз еді ауыры.  
Жас шыбық едің майысқан  
Соққанда тағдыр дауылы.

Майыстың, бірақ, сынбадың,  
Мақсатқа жетпей тынбадың.  
Алмастай өткір мінезді  
Ақиқат іздең, шындағадың.

Жеңісті жолды салдыңыз,  
Асуды асқар алдыңыз.  
Замана деген тұлкіні  
Тазы боп талай шылдыңыз.

Намысың жаңған - бір алау  
Нұр шашқан жұртқа шырақ-ау.  
Құғынның құрбандары да  
Өзіңе риза шығар-ау.

Игі істі бастап жүргіздің,  
Биліктің бетін бұрғыздың.  
НКВД үйі орнына  
Ескерткіш мұнды тұргыздың.

Өтедің солай парызды –  
Алдында әке қарызды.  
Сол ескерткіш өзіңнің  
Ең үлкен ісің тәрізді.

Жалының жастық жоймаған,  
Жұртының қамын ойлаган  
Жансыз Сіз берік болаттай,  
Болат деп бекер қоймаған!

Қызылжарыңың әр тасын  
Ардақтап, қалам тартасың.  
...Айта түс, аға, жаза түс,  
Жұртыңың шері тарқасын!

*Кәрібай Мұсылман,  
Қазақстан Республикасы Парламентінің  
мажіліс депутаты*

# **ӨҢІРІМІЗДІҢ ТАМАША ЖЫРШЫСЫ**

## **БОЛАТ САҒЫНДЫҚОВТЫҢ**

### **80-ЖЫЛДЫҒЫНА**

Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Болат Мағазұлы Сағындықов облыс ауылшаруашылығын дамытуға мол еңбек сініргені баршаға аян. Сонымен қатар ол облысымзға белгілі айтулы ақын. Оның алғашқы «Алтын заң» атты өлеңі 9-кластада оқып жүрген кезінде 1954 жылғы 5 декабрьде «Ленин туы» газетінде жариялаған болатын. Осы алғашқы жарияланған өлеңі қанат бітіріп әрі қарай жазуға жол ашқандай болады.

Өзінің айтуынша ол институттың 2-курсына дейін әр тақырыпта өлеңдерін газетте бастырып тұрган. Кейін жұмыс басты болып өлең жазуды қойып кеткен.

Ол тек зейнетке шыққаннан кейін ғана өлең жазуды қайта жалғастырған. Бөкең «дала жыры» атты бірінші өлеңдер жинағында, «Өзімді ақын деуден аулақпын. Кәсіби ақын емеспін, Алланың берген нәсібі болар» – деп ағынан жарылып кішіпейілділік көрсетеді. Дегенмен, жазғандарғы азды-көпті жинала бастағанда: «Ескерткіш болар кітап шығарайын деп шештім. Қемекшім жұбайым Күннәр. Мән-мағынасын қадағалайтын, алып-қосары бар, компьютерде басатын да сол жан жолдасым» Байқап қара-сак, Күннәр тек қемекші ғана емес, ақын жұбайына шабыт беруші екенін де көреміз. Ақын осы жинақтағы «Алпыс бесте өлеңнен өрмек өрдім» атты алғашқы өлеңінде:

Алпыс бесте өлеңнен өрмек өрдім  
Мен өлеңнің өріне өрлеп көрдім.  
Болмасаң да үқсалп бақ деген бар ғой  
Үлгі тұтып өлеңнің өрендерін.

Әттең-ай, өткір емес қаламым да  
Жаңымды азапқа тек саламын ба?  
Жасымда жанбай жатып сөніп қалған  
Шырақты қайта жаға аламын ба?

Жоғары үстап атақты Адам деген  
Қайсарлық мінезім бар анам берген.  
Төсөлермін талпынсан жаза келе  
Құдай шығар қолыма қалам берген.

Мазасыз ойымды алды өлең деген  
Мен бе едім азабына көнем деген.  
Тәуекел деп бел байлап жазып жүрмін  
Үмітпен қызығынды көрем деген.

Үрпағыма ескерткіш қалдырамын  
Өзіме өлеңден там салдырамын.  
Мың ойлап, мың толғанып бір жазғаным  
Сәтті шықса жайылып жадырармын – деп

Өлеңге қайта келгенін зор қуанышпен айтады.  
2006 жылы Болат Сағындықовтың «Ауыл жыры»  
атты екінші жинағы жарық көрді. Бұл кітапты ақын  
алдымен өзі туған «Бостандық» колхозының үйімда-  
суы, оның алғашқы басшылары, алғашқы мектеп пен  
оның мұғалімдері туралы сөз қозғайды. Бұл еңбегін ол  
«Қарғыс атқан 1937-1938 жылдардың құрбаны болған  
әкесі Мағаз Сағындықұлына бағыштапты. Кітапта әкесі  
мен анасы туралы сағынышты өлеңдер бар. Туған ауылы  
«Бостандық» туралы тағы бірнеше өлеңдер берілген.  
Бұл өлеңдерде автор ауылға деген сағыныш пен бірге  
оның соңғы кездे құлазып, құрып бара жатқанына күй-  
зеледі. «Ауылды қайткен күнде сақтап қалу керек» атты  
өлеңінде:

Ауыл біздің сүйікті Отанымыз  
Ауыл жоқта біздің де жоқ сәніміз.  
Ауыл бүгін жудеп тұр өні қашып  
Қаңырап қалар ма еken қотанымыз.

Бүгін менің мазалайды ойымды,  
Мұнға толы сезім билеп бойымды  
Келешексіз деген пәле табылып  
Қандай-қандай ауылдарым жойылды.

Қайткен күнде ауылды сақтау керек,  
Бұл пікірді ел болып жақтау керек.  
Ата-жұртың қаңырап қалғанынша  
Қалғып-шүлғып үн-тұнсіз жатпау керек.-деп

Күйзеледі, әрі қайткен күнде де ауылды сақтау үшін  
жай жатпау керек деп халыққа үндеу тастайды.

Бекең «Жетпіс бес» деген өлеңінде өзінің 75-ке келгенін  
айтып өмірде адап болғанын, әлде де өмірін сәнді, мәнді  
болса еken деп армандаиды:

Жетпіс бес те жетіпті желіп жортып  
Бұл белесті қарсы алам сезім толқып.  
Төрттен үшін ғасырдың жолын өттім  
Кез келді өткенімді алар қорытып.

Сақал шашты алды бүгін ақ қырау  
Тізбектесе өткенді ұзақ жыр-aу.  
Бала жастан қарттыққа, жеткенімше  
Көз алдында өткерген өмір тұr-aу.

Жолым адап, жат істен мүлде азатпын  
Тамак тоқ, көйлегім көк тап-тазамын  
Шабыт кеп шат-шадыман болса бойым,  
Отырып азды-көпті жыр жазамын.

Бүйірса анам жасы сексенге кеп  
Арманым бар аман-сau жетем бе деп.  
Санаса да санаулы қалған жасым  
Ойлаймын сәнді, мәнді өтсем бе деп

**Бекеңің жаңа шығып отырған төртінші кітабы «Көңіл сыры» деп аталған.** Бұл жинақ туралы автор:

Осы жинақ көңілімнің сыры да  
Жүрек жарып шыққан шындық жыры да.  
Тәуелсіздік таңы шашқан нұры да.  
Әділ айтқан зілді ашы сыны да –

деп жинақтағы өлеңдердің мазмұнын қысқаша айтып берді. Жинақ Қазақ елі, қазақ жері, қазақ туралы жа-зылған нағыз терең патриоттық өлеңдермен басталады. Мысалы, «Жасасын мәңгілік ел – Қазақ елі» атты өлеңінде:

Жасасын мәңгілік ел – Қазақ елі  
Әлемнің жарқыраған ғажап елі.  
Көк аспанда шарықтап көк байрағы  
Алашымның аңсаған азат елі – десе,

**«Мақтанамын» – деген өлеңінде:**

Мақтанамын – Ұлы дала ұлымын,  
Үрпағымын қазақ деген ұлымын.  
Бүгін міне, тәуелсіздік таңы атты,  
Ұлықтадық Ұлы дала ұтымын – деп мақтанады.

**«Қазақ жері – байырғы ата мекен» атты өлеңінде**

Бабаларым қорғаған байтақ жерім,  
Жазира жазығым, тау, асқар белім.

Әр шөкімін қан тамған топырағы,  
Төгілген сақтау үшін қазақ елін – дейді.

Ақын қазақ елін, жерін, үлтүн сүюді, қазақпын деп  
мақтануды ұрпағына, немересіне де өснет қып айтады  
«сен қазақсың» деген немересімен әнгіме өлеңінде:

Сен қазақсың, мақтанып қой, құлыным,  
Ұрпағысың қазақ деген Ұлының.  
Қазақ елі бар әлемге әйгілі,  
Ұғып алғын ұлылығын үлтүңның.

Санаға өшірілмес таңба салған зұлмат жылдарға ар-  
наған өлеңдерінде ақын сол кездегі саясатты, НКВД-нің  
қатал жауыздығын өткір сынайды. Мысалы, «Ұлы нәубет»  
деген өлеңін алайық:

Мына жер НКВД ғимараты  
Тұрғанда жан түршігер қаралы аты.  
Бұл тамұққа қамалып қиналғандар  
Осы өнірдің мындаған азаматы.

Қайнап түрді НКВД қазаны,  
«Үштіктер-ақ» шыгаратын жазаны.  
Бірі атылса, біреуіне жазылды,  
Сталиндік лагерлердің азабы.

Біздің ғана бір өнірден кеткені,  
Анықталды 8 мыңға жеткені.  
Айдалғандар, қашқындардың саны жоқ,  
Күгін-сүргін құрбандары еткені.

Тарихтың бұл нәубетін ұмытпайық,  
Құрбандардың есімін ұлықтайық.

Егеменді ел болдық тәуелсізбіз,  
Алапатты енді елге жуытпайық.

Ескерткіш қып қағайық алтын қазық,  
Мәрмәрга мыңдардың атын жазып.  
Кейінгі үрпақ өзіне сабак етіп,  
Таусылмастай рухани алсын азық.

Болат Сағындықов құғын-сүргін құрбандарына ескерткіш орнатуға көп күш жұмсады. Ол облыста тұңғыш «Память» қоғамдық қорын құрып, көп жылдар бойы оны басқарып жүріп, ақыры Қызылжардың қақ төсіне, бұрынғы НКВД-нің ғимаратының орнына 1937-1938 жылдары репрессияға ұшырағандарға арнап ескерткіш орнатуға басты үйтқы болды. Бұл туралы ол «Мәңгілік із қалдырдым өз артымда» атты өлеңінде былай деп жазған:

Мәңгілік із қалдырдым өз артымда,  
Өшпейтіндей сакталар қаз қалпында.  
Құрбан болған аруақтардың есімі,  
Аманат боп тұрап үрпақ алдында.

Он бір жылым мемориал салуға,  
Тарихтағы нәубет есте қалуға,  
Күш-қуат пен білімімді арнадым  
Халқымыздың раҳметін алуға.

Жеті мындан асқан ата-бабалар,  
Еш жазықсыз құрбан болған аналар  
Мәйіттері қай шүқырда қалғанын  
Мұны бүгін қалған кімдер таба алар

Құғын-сүргін елімізді торлады,  
Жазықсыздан халқым мыңдал сорлады.

НКВД- жаналғыштың орнына  
Сол нәубетке мемориал орнады.

Жеті мың да алты жұз он адамның  
Қабыргаға есімдері жазылды.  
Бұл ескерткіш көркі болып алаңын,  
Еске салды абзалдар мен асылды.

Әке! Саған парызымды ақтадым,  
Есімінді үрпақтарға сақтадым.  
Қолдан келген құрметімді көрсettім,  
Әттең ғана қабірінді таппадым.

Бекең асыл мұра орталығымен бірігіп «Ақталған есімдер» атты кітап та шығарды. Онда аталған қырғында апат болған жұздеген адамдардың есімдері зерттеліп жазылған. Бұл кітап мың жарым дана болып шығып бүкіл облысқа тарады.

Болат Мағазұлы барлық кітаптарында қырғын-сургінде қаза тапқан әкесі мен «халық жауының» зайыбы ретінде колхозда ауыр жұмысқа жегіліп өмірі бейнетпен өткен анасы туралы үлкен қүйзеліспен және зор сағынышпен жазады. «Көніл сыры» атты тәртінші жинағында да «Қайран ана асылым» деген өлең бар:

Әкемді ажал алғанда,  
Бір жаста жетім қалғанда,  
Қайыспадың, сынбадың,  
Тағдыр жүгін алғанда.

Халық жауы зайыбы,  
Заманың салған айыбы,  
Айдауда жүрдің аяусыз,  
Мұрттының болмай қайыры.

Жаз түссе қой бағасын,  
Алыстың жайлап даласын,  
Жат жерде жүрдің зар жылап,  
Жаза алмай жүрек жарасын.

Ақын шығармаларының айтарлықтай бөлімі арнау өлеңдермен жалғасады. Бір топ өлеңдері балаларына, немере-шөберелеріне, туыстарына, дос-жаран, жолдастарына арналған.

Айтылған кітаптардың бәрінде автормен бірге қарап мәтінін компьютерде басып шығарып баспаға дайындастын ақынның сүйікті жұбайы Күннәр Жұқышқызы екен. Ол және ақын жұбайын әрқашан демеп, шабыт беріп, оның шығармашылығының өркендеуіне көмек көрсетіп отырады. Бөкең де оның осындай еңбегін бағалап, оған арнап бірнеше өлеңдер шығарыпты. Солардың кейбіреуінен үзінділер келтірейін. «Сен болмасаң» атты өлеңінде:

Сен болмасаң мен осылай журер ме ем,  
Көнілім тоқ, бақытты өмір сүрер ме ем.  
Жан шуағың маған қуат бермесе,  
Осы жасқа келгенде мен тұлар ме ем.

Сен болмасаң көнілімді кім табар,  
Сен болмасаң шөгірімді кім алар.  
Ұмытқанды, үқпазанды түзетіп,  
Мезгілінде оны есіме кім салар.

Бүгін, міне, қатарымнан қалмаймын,  
Қайраттымын, шаршамаймын, талмаймын.  
Тәубе деймін Күннәрімнің жанында,  
Жайлы жазда жаңа атқан таңдаймын.

## «Күннәрім» деген өлеңінде:

Күннәрім- соққан жүргегім,  
Өзіңмен қайта түледім.  
Жаңында сенің жадырап,  
Жайылып, жайнап жүремін.

Мықтымын, жаным, сен барда,  
Өзіңе келер тең бар ма.  
Дүниеде бүтін аз емес,  
Зар болған сендей әз жанға.

## «Күннәрімсің күнімсің» деген өлеңінде:

Құдай берген жарымсың,  
Кеудемдегі жанымсың,  
Дүние боқ не керек,  
Байлышымсың, барымсың.

Күннәрімсің күнімсің,  
Солмайтын мәнгі гүлімсің,  
Жазғанымды жарыққа,  
Жария етер үнімсің, –

дейді Болат ақын бар көңілімен жұбайына ризашылығын білдіріп.


Сөз соңында жас үрпакқа үлгі боларлық тамаша шығармалар жазған Болат Мағазұлын сексен жасқа толуымен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, сүйікті жұбайы Күннәрімен бақытты өмір сүріп, шығармашылық табыстарға жете беруіңе тілекестік білдіремін. Шабытыңыз шарықтап, өлең- жырларыңыз көбейе берсін.

*Қайролла Мұқанов.*

*Казақстан Республикасының мәдениет қайраткері,  
Журналист, өлкетанушы*



# 1 БӨЛІМ



## Жасасын Мәңгілік ел – қазақ елі

Жаһандық көшбасшы көсеміміз,  
Ел басымен еселеп өсеміз біз.  
Қадамымыз қарымды, сенім берік,  
Отыздың қатарына көшеміз біз.


Ел басының даналық ақыл-оыйы,  
Көрегендік қасиет тұла бойы.  
Ақиқат ел тізгіні берік қолда,  
Әлемде өсе бермекabyроны.

Емес бүл бір тұлғага табынғандық,  
Көш бастап, отыр, міне, тағында нық.  
Ұлы қазақ ұлтына лайық етіп,  
Жаратқан еліміздің бағына анық.

Бабаларым аңсаған арман еді,  
Сан ғасыр орындалмай қалған еді,  
Сан жүздеген жыл өтіп тарихында  
Қазақ елі бостандық алған еді.

Дүние жүзі елімді танып отыр,  
Шүкіршілік, бағымыз жанып отыр.  
Болмысым өрге өрлең, өсіп, дамып,  
Өркенді елдер сабында анық отыр.

Жасасын Мәңгілік ел – Қазақ елі,  
Әлемнің жарқыраган ғажап елі.  
Кек аспанда шарықташ көк байрағы  
Алашымның аңсаған азат елі.



## 550 жыл Қазақ хандығына

Бес жұз елу жыл қазақ хандығына,  
Зор белес қазагымның тағдырында.  
Мемлекет ірге тасы қаланыпты,  
Қарамай заманымның тарлығына.


Басында Керей, Тәуке бабаларым,  
Бекітіп өмірдің сан салаларын.  
Мәңгілік Елдің берік қабырғасын  
Қалап кетті көреген даналарым.

Тарихта орны бөлек Абылайдың,  
Батырлардың Наурызбай, Қабанбайдың,  
Елді, жерді қорғаган жауларынан  
Қожаберген, Баян батыр, Бөгенбайдың.

Ғасырлар шынықтырды, кемелдеді,  
Откеріп соғыс, нәубет дегендерді.  
Мың өліп, мың тірілді, деген сөз хак,  
Қол жетті елдігіме егеменді.

Қазақ елі бүгінде дамып отыр,  
Бар әлем өркенді деп танып отыр.  
Өсуіміз қарқынды болғаннан соң,  
Ертеңіне көздері қанып отыр.

Болашаққа «Нұрлы жол» сапарында,  
Келеміз өркенділер қатарында.  
Кезекті дағдарысты жеңеміз деп,  
Сенеміз арайлы таң атарына.



## Ел басына арнаймын

Данышпан ақыл-оыйң, парасатың,  
Үстанған көрегендік саясатың.  
Егеменді еліңнің туын үстап,  
Көш бастадың, алысқа апарасың.

«Нұрлы жолың» – болашаққа барап жол.  
Елімізге жарқын өмір құрап жол.  
Қылыштың қызындықты өткерер,  
Өткелдерде шамшырақ бол тұрап жол.

Дүние жүзі дүмпілі үдегенде,  
Көп елдердің келбеті жүдегенде,  
Қазақ елі жұмақтың аралыңдай,  
Жарқырап тұрленген де, гүлденген де.


Ел мұддесі, өз жұртың қамы үшін,  
Аянбай бағыттанды қуат – қүшің.  
Бар халық зор сеніммен соңыңа ерді,  
Қолдау тапты бастаған жауапты ісің.

Ұлы жолда халқынды өзің бастап,  
Тығырықтың талайын артқа тастап.  
Болашаққа жетеміз тек өзіңмен,  
Келісім бер тілекті өзің растап.



## Мақтанамын!

Мақтанамын Ұлы дала ұлымын,  
Үргағымын қазақ деген Ұлының.  
Бүгін, міне, тәуелсіздік таңы атып,  
Ұлықтадық Ұлы дала ұғымын.



Ұлы дала перзентіміз байыргы,  
Әрі дана, әрі батыр, пайымды.  
Күн-күн сайын өркені өскен елімнің,  
Әз болмысы бар әлемге жайылды.

Тәуелсіздік туын арман еткенбіз,  
Тарихтағы талай сыннан өткенбіз.  
Алуан тұрлі жаулар менен шайқаста,  
Жерді қорғап женістерге жеткенбіз.

Бес жұз елу жылғы өмірге қанықпыш,  
Іргем берік бейбіт жатқан халықпыш.  
Женістермен мақтанамын паш етем.  
Жер жүзіне өнегелі алыппыш.


## Мақтанамын

Ұлы дала, кең байтақ қазақ жері,  
Кек аспанның астында азат елі.  
Бабаларым қалдыրған мұрасы бұл,  
Сактаған жауға бермей жалғыз елі.

Ұлы дала ұлықты ұланымыз,  
Алға деген айбынды ұранымыз.  
Керегем кең, шаттықты шаңырағым,  
Сан ұлттың қоныс тапқан тұрағымыз.

Байтақ ел қазағымның кең өңірі,  
Гүлденген, жарқыраған жаңа өмірі.  
Алтын дән миллион тонна алқабында,  
Жер асты мұнай, газы кең, көмірі.

Мақтанам шалқып жатқан байлығыма,  
Мыңғырған мал жайылған жайлымына.



Өр Алтай, Баянауыл, Бурабай мен  
Дария көл Балқаш, Каспий айдынына.

Мақтанам ата-жүрттың қонғанына  
Тізілген аққайындар орманына.  
Сылаңдал ерке Есіл ағып жатқан,  
Елімнің әсем көркі болғанына.

Елімнің ең байлығы- халқым менін,  
Айтсайшы даналығын, көңілі қеңін.  
Жұз отыз ұлт өкілі тату-тәтті,  
Ұлықтаймыз бәрінің тең екенін.


Әйгілі ұлықты ел екеніміз,  
Ұлы да ұлан дала мекеніміз.  
Дамыған елу елдің қатарына,  
Өркендеп өр басына жеткеніміз.

Қарымды қадамменен өсеміз біз,  
Отыздың қатарына көшеміз біз.  
Сенеміз, жеңістердің кепілдігі –  
Ел басы Нұрсұлтандаі көсеміміз.

## **Тәуелсіздік туы түр нұрын шашып**

Кеңестің кеміткені аз болмады,  
Рухымыз өсіп-өніп мәз болмады.  
Қоспады өркенділер қатарына,  
«Агалар» өркендеді аз қолдады.

Бодандықтың бұғауы алынғалы,  
Таланттардың талабы жалындағы.  
Өнерін бар әлемге паш етуге,  
Жалтақтап жоғарыға жалынбады.



Париж, Лондон, Римнің сарайларын,  
Ән салу сахнасында жайланарын  
Батыстың тыңдарманын тамсандырып  
Тұрам деп ойлап па еді Майраларым.

Қазақстан спорты шеберлері,  
Кезінде көзге түсіп еленбеді.  
Ал бүгін алға шығып, алтын алып,  
Жарқырап жатыр елдің өрендері.

Тәуелсіздік туы түр нұрын шашып,  
Болашаққа келеміз алшаң басып.  
Тарихтың жиырма жылдық кезеңінде,  
Көп елдерден келеміз алшақ асып.


## «Қазақ елі боламыз!»

Ата-бабам армандаған азаттық,  
Сан ғасырлар астында едік азаптың.  
Табиғаттан қайсар болып жаралған,  
Майыспаған, мойымаған қазақпын.

Төзімдіміз, байсалдымыз, данамыз,  
Отан үшін отқа түсіп жанамыз.  
Көздің қарашығындай боп сақталған,  
Асыл мұра – кең жазира даламыз.

Көк аспанда желбіреді көк байрак,  
Кенстікте ән-ұраным түр сайрап.  
Қазағымды бүкіл әлем таныды,  
Жарқыраған болмысымыз боп айғақ.

«Мәңгілік Ел» – ұранымыз бүгінгі,  
Қазақ елі – ел басының бүл үні.  
Ұлтыймыздың ұлағатты арманы,  
Орындалып ашылар мұн түндігі.



Ертең-ақ біз қазақ елі боламыз,  
Ең өркенді ел салына қонамыз.  
Ерлігіміз таңдаңдырар ғаламды,  
Тарихтағы кездеспеген бұл аңыз.

Ұлағатты ұсынысты қолдаймыз,  
Байсалдылық байыбынан озбаймыз.  
Жүрек жарып санамызға сінетін,  
Сырды қолдап, Ел басына жолдаймыз.


Президенттің сөзі тербел, толқытты.  
Қазақ жүрті тебіреніп, толқыпты.  
Қариялар, ақ жаулықты аналар,  
Орындалсын дейміз тілек бұл құтты.

## Мәңгілік ел

Қазақстан әлемге әйгілі ел,  
Жарыста оза шыққан бәйгелі ел.  
Бәсеке мен байлығы берік тұрған  
Жұлдызы жарқыраған Мәңгілік ел.

Жыл санап гүлденуде қазақ жері,  
Ұлтының бағы жанған азат елі.  
Жұздеген жыл бодандық басып, езіп,  
Жер бетінен жоғалу аз-ақ еді.

Егемендік көтерді ел еңсесін,  
Жиырма жыл өтті міне, жигалы есін.  
Көк туым, ән ұраным, ел таңбамды,  
Дербес еттік. Шығардық ел теңгесін.



Шарықтап кең даламда оң ісіміз,  
Есейдік, қуаттандық, зор күшіміз.  
Бабалар талай ғасыр армандаған  
Тәуелсіздік бүгінгі болмысымыз.

Мәңгілік ел, мәңгілік тілім болмақ,  
Мәңгілікке ылайық білім болмақ.  
Ең дамыған елдерге жетелейтін,  
Дәрежесі жоғары ғылым болмақ.


Жаңғыртайық байыргы салтымызды,  
Ұлықтайық ұлтымды, халқымызды.  
Нығайтып достық пенен ел бірлігін,  
Сақтайық бейбіт өмір қалпымызды.

## **Сен қазақсың** (Немерммен әнгіме)

Сен қазақсың мақтанып қой құлышынам,  
Ұрпағысың қазақ деген Ұлының.  
Қазақ елі бар әлемге әйгілі,  
Ұғып алғын ұлылышын ұлтытыңын.

Құрметтей біл, рухы биік халқыңың,  
Болмысы мен болашағы жарқының.  
Бабалардың діні, тілі, ділінің,  
Асылдығын дәстүрі мен салтының.

Сен қазақсың, сүй өзіңнің елінді,  
Асты, үсті байлығы мол жерінді.  
Сай болсыншы сенің сана-сезімің,  
Қоргайтындаі ел намысын сенімді.



Сен қазақсың, Отаныңды мақтан тұт,  
Шаңырағына қонған бақыт, ырыс, құт.  
Жер жүзіне үлгі болып келеді  
Тату-тәтті бірлікте жүз отыз ұлт,

Тәуелсіздік- бабалардың арманы,  
Бүтінгіге аманат бол қалғаны.  
Тағдыр сиы-бодандықтан босанып,  
Елім, міне, тәуелсіздік алғаны.


Ұғып алшы, қазағымның ғұрпы бай,  
Сол байлыққа сайрандаған салты сай.  
Көнілі кең мына байтақ даламдай,  
Бір халық жоқ бізден асқан қонақжай.

Біздей кім бар ата-анасын сыйлайтын,  
Жетімдерін жат жұртқа еш қимайтын.  
Қонағына барын жайып салатын,  
Ертелі-кеш дастарханын жимайтын.

Бабалардан бізге қалған өсиет –  
Қанға сіңген имандылық қасиет.  
Үлкен сыйлау, ибалықты көрсету,  
Әдептілік, ізеттілік, ақ ниет.

Біздің қазақ ырыздықты талтамас,  
Біреудің бір ала жібін аттамас.  
Сыпайылық жарасады жастарға,  
Бейпіл сөйлеп, анайы сөз салтамас.

Қарт адамның жолын кесіп өтпейді,  
Кішіпейіл мінезімен көктейді.  
Тәрбие алған, өнегелі өрімдер,  
Ата-ананың абыройын төкпейді.



Мың өлгенде, мың тірілген қазақсың,  
Бастан кешкен сан қилемсын азаптың.  
Арайлы таң атты бүгін жарқырап,  
Шүкір – шүкір бүгін, міне, азатпың.

Тәуелсіздік жиырма жылың өткердік,  
Өттік талай тереңінен өткелдің.  
Бұл кезеңді сипаттасам көркемдеп,  
Көрдік бүгін өмірдің әсем көктемін.


Қадірлей біл, бұл тәуелсіз тағдырды,  
Қазақ жері, жарқырады, жаңғырды.  
Алға басқан қадамымыз қарымды,  
Асуларды аламыз біз сан қырлы

## Жасасын Мәңгілік Ел – Қазақстан!

Мен қазақтың! Тарихым ғасырлар тереңінде,  
Қажет болса ақтарып беремін де.  
Бес жұз елу жыл бұрын хандық болған,  
Айдай анық ғылымның дерегінде.

Мәңгілік Ел іргесі қаланғалы,  
Неше заман жан-жаққа алаңдады.  
Байтақ жерге қызыққан қызыл көзге  
Бейбіт елім неше рет талаңбады.

Қас батыр қайран менің бабаларым,  
Ұдайы жау бұзғанда мазаларын.  
Тойтарыстың көрсетіп көкелерін,  
Ешқашан жыртқызбаған жағаларын.



Қазақ елі әлемге әйгілі ғой,  
Жерінің асты үсті байлығы ғой.  
Батыр, дархан кең пейіл халқымызға,  
Данышпан ел басының сыйлығы ғой.

Өркендереген елімді білмейді кім?!  
Үлгілі ісімізде табылmas мін.  
Отыз елдің сабында орнымыз тұр,  
Болмысымыз лайық. Сенімдімін.


Президенттің көрсеткен жұз қадамы,  
Мәңгілік Ел төріне жол табады.  
Неше түрлі тірелсе тығырыққа,  
Межелерге «Нұрлы жол» апарады.

Жасасын Мәңгілік Ел – Қазақстан!  
Хан-ахуалы халқының қалыпатасқан.  
Достық, бірлік – бұлжымас ұранымыз,  
Төбеде жарқырап тұр ашық аспан.

## Қазақ жері – байырғы ата мекен

Бабаларым қорғаған байтақ жерім,  
Жазира жазығым, тау, асқар белім.  
Әр шөкімің қан тамған топырағы,  
Төгілген сақтау үшін қазақ елін.

Тарихтың айқын бетін өшірер кім,  
Жалғындықты дәріппеп, өсірер кім?  
Бір аймағын бір елдің басқа елге  
Өз қолымен апарып көшірер кім!



Қазақ жері – байырғы ата мекен,  
Ей, көршілер! Көңілге алма секем.  
Көз қызырып сұқтанба, сұғанақ болп,  
Біліндер, шекарамыз бүгін бекем.

Соңынан енді ешкімнің ере алмаймыз,  
Бір шекім қазақ жерін бере алмаймыз.  
Жерімді саудаға сап тәлкектеуге  
Ешқашан келісімге келе алмайсыз.

Біз қазақ ежелден-ақ момын халық,  
Бейбіт өмір сүреміз, оным анық.  
Тиіскеннің талқанын шығарамыз,  
Күш-қуаты дамыған елміз алып.

Просвириңдер, есірмей ес жиындар,  
Біліндер, жағдайларың тым қиындар.  
Ресейдің жері мол, тарлық етсе,  
Барына шүкіршілік қып сиындар.

Ашық айтам, шекарам мызғымайды,  
Бір қадам ішке қарай жылжымайды.  
Басып айтам еліріп басынарга,  
Қазағым қауіптеніп, қынжылмайды.

## Нұрлы жол

Ел басы анықтады нұрлы жолды,  
Ойы-қыры сан қылы қырлы жолды.  
Кемелді келешекке жол сілтеген,  
Сындарлы саясаттың сырлы жолы.



Жаһанға төніп тұрған түнек бұлты,  
Үрейленіп отыр ғой әлем жұрты.  
Дағдарыстың дауылы соғып өтсе,  
Дөңгелеген дүниенің кетер сұрқы.

Әрдайым біз сенеміз Ел басына,  
Ел тағдырын байлаған ер басына.  
Көсемім көрегендік көрсетеді.  
Тұсірмей ауыртпалық ел басына.


Нұрлы жол – болашаққа айқын бағыт,  
Отырмаймыз боларын артын бағып.  
Халқымның күш, жігерін жалындаатты,  
Жүректерге сенімнің отын жағып.

Нұрлы жолды қолдаймыз сенімменен,  
Ел басына ереміз елімменен.  
Сөз ғана емес, айтатын алақайлап,  
Үлес қосып, қолғабыс – ебімменен.

Нұрлы жол – болашақтың сара жолы,  
Ел басы өзі салған дара жолы.  
Тығырыққа тірелтпей елі-жұртын  
Шығынсыз алып шығар дана жолы.

## Мәңгілік ел қақпасы

Елімдегі еңбектің зор жемісі –  
Жиырма жылғы тәуелсіздік женісі.  
Орнатылды «Мәңгілік ел» қақпасы –  
Бостандықтың баяндылық белгісі.



Тұрғыздық біз «Мәңгілік ел» қақпасын,  
Ашық болсын, ешбір дауыл жаппасын.  
Досымызға айқара ашық тұратын,  
Қазақылық қасиетін сақтасын.

Құтты болсын тәуелсіздік мәңгілік,  
Салтантты қақпа берсін сәнділік.  
Ғұрпыменен өркениет елдердің  
Бұл қақпаның салыныуы заңдылық.


Алла жар боп, берік болсын есігім,  
Әйгілі етсін алашымның есімін.  
Талай үрпақ, өссін, өнсін, жетілсін,  
Тербелे бер тәуелсіздік бесігім.

## Қазақ жері

Қазақ жерін көзің салып көр байқап,  
Шетсіз, шексіз мынау неткен кең байтақ.  
Асты-үсті толған байлық осынша  
Сиып жатыр қойынына неше аймақ.

Қазақ жері қасиетті, киелі,  
Әлем бүгін өзіне бас иеді.  
Жұз отыз үлт үрпақтары ұйыққан,  
Анасындағ құрметтейді сүйеді.

Халқым, міне, гүлдендірді өлкемді,  
Артқа тастап неше елді өз теңді.  
Ел байлығы, әлеуметі өрге өрлеп,  
Қатарластық елу елмен өркенді.



Қазағымды аялаған құдайым,  
Жер астына берген дария мұнайын.  
Жүзден асқан асыл заты бауырында,  
Тек баянды етсін бізге ылайым.

Топырағы торқалы боп жаралған,  
Жарқыраған күн нұрынан нәр алған.  
Жылда жиған алтын дәнім – астығым,  
Елден артып бар әлемге таралған.

Әйгі етемін қазақ жері осындей,  
Мақтанамын, мадақтаймын тосылмай.  
Елім менің жыр өзегі болған соң,  
Қалай қалсын жырымызыға қосылмай.


2012 ж.

## Астана жасыл белбеуі

Астана жасыл белбеуі  
Жайқалған желек – бел бауы.  
Елорданы қорғайды  
Соқса да жойқын жел – дауыл.

Ел басы өзі бастаған,  
Гүлденсін деп Астанам,  
Жасыл баққа бөлениң  
Деген үран тастаған.


Он мыңдаған гектарда  
Жайқалып ағаш өсіп тұр.  
Орданы орман қоршады  
Желдің үні өшіп тұр.



Баға жетпес құнды іс,  
Табигатта бұл құбылыс.  
Қалың орман ішінде  
Мекен етті аң мен құс.

Ауыл менен қалалар,  
Игі істен үлкен үлгі алар.  
Жасыл баққа оранып,  
Көркейіп көркі жаңарап.


Өзгерер дала келбеті,  
Көк жамылып жер беті.  
Ну орманға бөленер  
Сайын далам ел шеті.



*Kerjia cuspid*



2-БӨЛІМ



## Сөз басы

Әр адамның әртүрлі өмір жолы,  
Сан қылыш белестерге болып толы.  
Кедір-бұдыр кедергілер шығып алдан,  
Қалыспай қатарласып оңы-солы.

Бұл өткен жол – бір үрпақтың сапары,  
Бұған күә замандастар қатары.  
Бұл жинаққа орналасқан жырларым –  
Кейінгіге қалған біраз ақпары.


Мейлі оқы, мейлі таста сөреге,  
Мейлі мылжың, мейлі болсын өнеге  
Ұнар ма деп көіл сырын ақтардым  
Кәрі, жасқа, қара менен төреге.

Өткінші өмірдің бір өткелі ғой,  
Өз қалпынша қарқындал өткені ғой,  
Аманат бол қалсын деп үрпақтарға,  
Сыр қазанын төңкеріп төккенім ғой.

## Жарқ еттің де өте шықтың, құлышын

Ботам-ау, көпейім-ау, Жанатым,  
Өзің кетіп қыылды ғой қанатым.  
Отыз төртте қыршыныңан қыылдың,  
Осылай ма еді артында мен қалатын.

Жарқ еттің де өте шықтың құлышын,  
Қасіретінен үзілді ғой жұлышын.  
Көре алмадың өсіп-жеткен қызығын,  
Сәбілерің – қызынменен ұлыңын



Өкінемін келмеді ғой кезегім,  
Күйіп, жанып өртенеді өзегім.  
Ұзақ күнге боздау менен жүрмін ғой,  
Алланың бұл жазуы деп төземін.

Тағдырымның тәлкегіне көнермін,  
Басқа тұскен кеселдерді көрермін.  
Есіме алып еңіреп жүріп, егіліп,  
Құса болып, қайғырумен өлермін.

Жанат жаным – егізімнің сыңары,  
Балаларым ішіндегі шынары.  
Еркелігі ерекше еді, өмірде,  
Әрбір іске құштарлығы, құмары.

Бір жәндік кеп дастарханға қоныпты,  
Аруағын осылайша жолықты.  
Құлышым-ау, құран тілеп келдің бе,  
Кеткеніңе кеше 40 күн толыпты.

Қайғы жеңген бұл бір менің қиялым,  
Қайтсем ғана көз жасымды тиямын.  
Қасіретің қуатымды менdedі,  
Қашан, қалай есімді мен жиямын.

Сен өлді деп өзіме-өзім сенбеймін,  
Есілдегі жарға соққан сендеймін.  
Тұла бойым толықсиды толқындаі,  
Таудан құлап зымыраған селдеймін.

Балапаным, сағындым ғой өзінді,  
Дөп-дөңгелек жарқ-жүрк еткен көзінді.  
Жетпіс үш күн естігем жоқ, қайтейін,  
«Сәлем, папа» деген жылы сөзінді.

Естімеймін дауысынды мәңгілік,  
Осыны ойлап езілемін мәңгіріп.  
Күлімсіреп кіріп келер секілді,  
Шаңырағыма өзіңменен сән кіріп.

Алтынным-ай, сағындым ғой, сағындым,  
Қайғы меңзеп сары уайымға салындым.  
Тұсіп кетсе есіме қылықтарың,  
Толықсимын, болбырылышқа бағындым

\*\*\*


Тағдыр-ай, біреулерді аялайсың,  
Енді бірді сорлатып аямайсың.  
Бір қалыпты болмайсың, мың құбылып,  
Өмірде адамдарды алалайсың.

Біреуге жасы ұзақ өмір бердің,  
Біреуге тым қысқа ғып, өлім бердің.  
Біреуді жастайынан басып, жаншып,  
Ал біреуді елеп-жебеп өрімдедің.

Жанатым жаңа жанып жалынады,  
Өмірдің өріне өрлеп, адымдады.  
Талпынған талаптанып тауға шығар  
Деуші едім болашағым алдындағы.

Тағдыр-ай арманымды қос көрмедің,  
Құлшынған құлашымды бос сермедім.  
Отыз төртте, ботам-ау, бақи болдың,  
Сен өлгенше, құдай-ай мен өлмедім.

Тағдыр-ау, қайырымсызың, ашынамын,  
Кейде бұлт бол, кейде әзер ашыламын.  
Құдайдың бүйрекіна не амал бар,  
Күрсінемін, көнемін, басыламын.



Тілеймін, боталарым аман болсын,  
Өсіп-жетіп бақытты адам болсын.  
Әкелерің жетпеген жетістікке  
Сендер жетер жақұтты заман болсын.

«Папам қайда?» дейді балаң Батырхан,  
Әлі үқлаған жас сәбійң пақыр жан.  
Өсе келе түсінер не болғанын  
Іздеу салар әкесінің артынаан.

Есейгенде білерсің әке жоғын,  
Талай рет жоқтарсың әке жолын.  
Ер жеткенше азамат бол арқалы,  
Өз аузыңа жеткенше өзің қолың.


\*\*\*

Бүгін, міне, боталарың келеді,  
Сағынышпен шұрқырасып енеді.  
Саңқылдаған сә билердің у-шуы  
Үйдің ішін базар етіп береді.

Ескерткішің тұрғызылды басында,  
Мұң-зарымды жаздым мәрмәр тасына.  
Жапырағы желпіп тұрсын өзінді  
Аққайынды егем ертең басыңа.

Аруағыңа иман тілеп отырмыз,  
Басыңа кеп құран-дұға оқырмыз.  
Көз алдымда асыл бейнең тұрады,  
Мәз күлкінді жадымызға тоқырмыз.

Көз алдымда бейнең тұр күлімдеген,  
Гүл жайнап жарқылдаған жүзіңменен.  
Құлагымда телефон шалғанымда  
«Па» деген көңілің көк үніңменен.



Бейненді қалай ғана ұмытайын,  
Ерекше ерке мінез құлын-тайым.  
Жылаумен өтіп жатыр әрбір күнім,  
Зарымды қалайша мен құрықтайын.

Сағынамын, құлыным, сағынамын,  
Бір көруге өзінді зарығамын.  
Қартайған әкенді сен тастап кеттің,  
Артында неге қалдым қамығамын.

Есіктен күлім-қағып кірмейсің-ау,  
Төрімде ерсіл-карсыл жүрмейсің-ау.  
Жан азығым таусылып, жәудіреген  
Халімді енді келіп білмейсің-ау.


Қалдырдың екі сәби жас баланды,  
Қалдырдың «Байқоңырда» баспананды.  
Енді кім қарсы алады барғанымда,  
Машинамен қыдыртып Астананды.

Ерекше еді, Жанатым, жаратылған,  
Қалыптасып қалған еді-ау жаңа тұлғаң.  
Бар үмітті өзіңе артушы едім,  
Үлдардың арасында дара туған.

Сүйкімді де сүйіктім Жәкетайым,  
Маңдайыма сыймадың кенжетайым.  
Мәрмәр тастың астында сен жатырсың,  
Еңіреймін басыңа келген сайын.

\*\*\*

Берік бол, айналайын Динажаным,  
Бізге ауыр көз жасынды тимағаның.  
Бақылық болып кетті ғой сүйген жарың,  
Қайтерсің мандайыңа симағанын.



Қос құлыншақ сәбиің саған қалды,  
Тағдырдың ауыр жүгін саған салды.  
Біз барда жалғыздықты көрмейсің-ау,  
Өзіңмен бөлісерміз қолда барды.

Ертең-ак ер жетеді ұлың-қызың,  
Кемімей құт-береке, дәмің, тұзың.  
Бақытты аналыққа ылайықсың,  
Жарқырап жайнап кетер сенің жүзің.

Өмір жолы, әрине, тайғақты жол,  
Белді бекем бу дағы, қайратты бол.  
Ойлы-қырлы жолында кездесер көп,  
Қындыққа қарсы тұр, айбатты бол.

Тамыз, 2014


## Бүгін Жанатымнан айрылғалы 8 ай болды

Сегіз ай сергелденде селендеймін,  
Сағынып өзінді іздең, елеңдеймін.  
Есіме түсіп кетсе қылықтарың,  
Қайғыға батамын да терендеймін.

Басыңа кеп отырамын мәңгіріп,  
Есім шығып болғандаймын әңгүдік.  
Жылағанмен өзің қайтіп келмейсің  
Кеттің-ау сен ол дүниеге мәңгілік.

Еріксіз кеп көзім жасқа толады,  
Төгілмеуге қалай ғана болады.

2 белгілі



Халім кетіп, құр сүлдерім қалады,  
Тоқтата алмай сорғалаған жасымды.

Ажал жұтты көрерімді зар қылып,  
Бақытымды маңдайыма тар қылып.  
Көз алдыма елестейді еріксіз,  
Еркелікпен сен көрсеткен бар қылық.

Ұйықта құлышым алаңдамай артыңа,  
Сәбілерге, бауырларға, қартыңа.  
Алла өзі бәрімізге жар болсын,  
Қуат берсін жан-жарыңа, жартыңа.

Жылдар өтер сениң орның толар ма,  
Байғұс басқа бақыт келіп қонар ма.  
Жұпар иісің жүрегімді тербетер,  
Жанды жайлап самал болып соғар ма!


24 қараша, 2014

## Сыр

Кез келгенге ақтармайсың сырлыңды,  
Сырын шашсан, сындырасың қырыңды.  
Сыр сандығын әркімдерге ашпайсың,  
Жайып салып, айталмайсың жырыңды.

Өкінішті, сырласатын кісің аз,  
Сыртқа шықпай сырқырайды іште наз.  
Досыңменен кездескенде кауышып,  
Бұққан сырды тарқатасың-ау біраз.,

Кейде сырды шешіп, шертіп аласың,  
Жан жайғасып, жеңілдеп бір қаласың.



Жастық шақтың қылышын, қылышын,  
Тебіреніп төгіп-төгіп саласың.

Сыр ақтарар ерекше бір сезім бар,  
Көніл көл боп, сырласытын кезің бар.  
Сары майдай сақталатын сырлардың  
Ашылмайтын алтыны бар, жезі бар.

## Қош келіпсің сексенім!


Сексен келіп селкіліне көндірді,  
Сүм ажалын желкеңе әкеп төндірді.  
Бойындағы күш -қуатты әкетіп,  
Көп арман мен қиялынды сөндірді.

Әжім басып кемітеді шырқынды,  
Тіссіз ауыз опырып тұр тұрқынды.  
Айтарынды айта алмайсың болпылдал,  
Міне, осылай кетіріп тұр сұрқынды.

Сүйретіліп басасың аяғынды,  
Кез келді қолға алу таяғынды.  
Баар жерін әдетте алшақ болып,  
Үмытасың желаяқ баяғынды.

Кейде отырып тұрқымызға күлеміз,  
Берілмеске етек-жәнді түреміз.  
Болмаушы едік, қасарысып көрейік,  
Кәрілікпен күресіп-ақ жүреміз.

Қалмайды екен әзіл-қалжың сөзіміз,  
Сұлуларға сұқтанады көзіміз.



Осылайша көтереміз көңілді,  
Таусылмаймыз, әлі нықпыш өзіміз.

Қимасың мен қоштасқың келмейді-ау,  
Сұмырай сексен ырық бермейді-ау.  
Жиырма бес қайрылмастан кеттің қашып,  
Қатыгез соңымыздан ермейді - ау.

Сұмырай кәрілікten қаша алмаспыш,  
Думан дүние есігін аша алмаспыш.  
Алланың бергеніне разы болғай,  
Аяқты енді алшаңдал баса алмаспыш.


Сексеннің өзіне тән қызығы бар,  
Бұйырсын, тек лайықты ризығы бар.  
Анна жаққа күн бұрын асықпайық,  
Тағдырдың кесілген бір сзығы бар.

Сексеніме сегіз ауыз арнадым,  
Сезімінді айта алмай қалмадым.  
Алла жар боп, көрсем деймін өмірді,  
Үміттенем таусылмас деп арманым.

Қош келіпсің сықырлаған сексенім,  
Сезіледі сыйзыды жел боп ескенің.  
Арманым жоқ қөнемін-ау, қайтейін,  
Жолымды кеп көлденендең деп кескенің.

## Сексен жайлы ойласаң

Сексеннің сенгіріне шығар ма екем,  
Өзімді қандаймын деп сынар ма екем.



Өмірде бар мақсатты тындырыдым деп,  
Риза бол қол жеткенге тынар ма екем.

Адамға биік меже сексен дейді.  
Біреулер сол межеге жетсем дейді.  
Біреулер селкілдеген шал болғанша,  
Тып-тыныш бақылышқа кетсем дейді.

Өмірден өте шығу әсте қын,  
Әрине, таусылмаса құрмет, сиың.  
Құбыланың төртеуі түгел тұрса,  
Қызыққа тоймайтұғын болса күйің.


Сексенге жеткен де бар, жетпеген бар,  
Мұны арман еткен де бар, етпеген бар.  
Бойы тың, тамағы тоқ, көйлегі кек,  
Қайғысыз тоқсан жасқа беттеген бар.

Өмірің аз ба, көп пе, қанағат қыл,  
Адамға бергенінді шапағат қыл.  
Қызығынды қызықтап, салтанат қыл,  
Адалдықты үрпаққа аманат қыл.

Өмірге адам пенде тоймайды екен,  
Таусылмас арманды айтып қоймайды екен.  
Қариялар айтушы еді- бабаларым  
Аман өткен әр күнін тойлайды екен.

Сексенге маған әлі екі жыл бар,  
Жетістікке жеткізсін келер жылдар.  
Денім сау, қайғы көрмей, аман жүрсем,  
Жазармын сырға толы нелер жырлар.

2 белгілі



## Жетпіс жеті

Екі жеті – қасиетті сандар ғой,  
Жетпіс жеті – қарт, қария жандар ғой.  
Осынша жас оңайлықпен өткен жоқ,  
Қылыш күндер, тынышы аз таңдар ғой.

Жетпіс жеті – ұзақ өмір жолы екен,  
Қызығы мен шығығына толы екен.  
Қоңыр күзің қыңыр қысқа айналар,  
Күш-жігерің, қуатыңың соңы екен.

Қыын екен кемігені пәрменің,  
Сәті түспей тұрады екен әр ненің.  
Жеткенінде осы осал кезеңге,  
Күтерсің-ау бір Алланың жәрдемің.


Құр бекерге қол қусырып қалмағай,  
Талпына бер, қанаттарың талмағай.  
Болмаушы едім, болмаймын деп қасарып,  
Басқаға сен салмағынды салмағай.



## Құннәрім

Құннәрім – соққан жүрегім,  
Өзіңмен қайта түледім.  
Жанымда менің жадыrap,  
Жайылып, жайнап күлемін.

Құннәрім – мықты тірегім,  
Қорғанымсың, білемін.  
Демеушімсің күш берер,  
Нық басып еркін жүремін.



Күш-қуатым көзісін,  
Нәр беруші өзіңсін.  
Шабыттымың шалқытар,  
Тізілтер көркем сөзімсін.

Үмітімсің тозбайтын,  
Әрдайым мені қолдайтын.  
Сіз деп қана тұрасың,  
Әдептен жансың озбайтын.

Мықтыймын, жаным, сен барда,  
Өзіңе келер тең бар ма.  
Дүниеде бүгін аз емес,  
Зар болған сендей әз жанга.

05.01.2015


## Қазағымың қазақ болып жатқанда

Елім көркі ерке Есілдің бойында,  
Болдым кеше бір ауылдың тойында.  
Көргенімді сөз етейін өлең қып,  
Бір жайытты жүрген менің ойымда.

Мақтанамың қазағымның салты бай,  
Өкінішті-ақ көрініп жүр жартылай!  
Кіші-гірім той-жынындар өткенде,  
Қуаныштың қалар дәмі татымай.

Жақсы өтсе тойдың әсем сәні бар,  
Жөн-жөнімен өткізуің мәні бар.

2 белгілі



Жүйесімен қолданылса ғұрыптар,  
Есте қалар түрлі ерекше дәмі бар.

Әдістердің жоқ-ау ірі- ұсагы,  
Сөз сөйлеудің тәртібі бар мысалы.  
Ақсақалдар сөз бастайды әдетте,  
Кішілері бір жерлерін қысады.


Улken тұрып кішіге сөз бермейді,  
Ер алдында әйелге жол келмейді.  
Сөздің басын құдағига жолдаса,  
Ұят-ай! Жұрт бұл қылыққа не дейді?!

Отыр сонда ақсақалы ауылдың,  
Бетке ұстары мына қалың қауымның.  
Той иесі сонша топас болды ма,  
Ренжітіп бәрін жат пен бауырдың.

Не болды екен алды-артын ойламай,  
Мән-жайына істің терең бойламай.  
Көрген-білген жайы, міне, осы ма,  
Өткен бе екен қызықтарын тойламай.

Немересі барған екен мектепке,  
Жинаңты елді қызығын той етпекке.  
Улкендердің ақ батасын алмай ма,  
Қызықтарың, тойың тойға жетпекке.

Сәбиіңің білімге алғаш қадамын,  
Арақпенен қайтіп қана жуасың,  
Жолға салып болашақтың адамын,  
Өткен күннің жөн-жобасын қуасың.



Топас деуге қалай ғана қиямын,  
Тектілердің тек боп қалған тұяғын.  
Естілердің есейген бір баласы,  
Сезбей ме екен үрпағына зиянын.

Әдет-ғұрып ұлтымның жан азығы,  
Салт-дәстүрім өмірге тән қазығы.  
Үрпақтарға қалдырган мол қазынасын,  
Жоқ қой, шіркін, бабалардың жазығы.


Сол қазынаны ұмыттайық, сақтайық,  
Ұлтымыздың үміттерін ақтайық.  
Кер заманның кесірлерін ұмытып,  
Жаңа өмірдің қағидасын жаттайық.

## Қамықпа қартым қамықпа

Қамықпа қартым қамықпа,  
Мұңайма бекер, тарықпа.  
Оңай емес, білемін,  
Тұруға бір қалыпта.

Уайым жеңіп зарықпа,  
Үқсанап бір сорлы ғаріпқа.  
Жолдама алған адамша,  
О дүниелік тамүққа.

Бійкке өрлең шарықта,  
Қанатың талмай қалықта.  
Аларың әлі аз емес,  
Айқындалп алып, анықта.



Отырмай бір қалыпта,  
Қозғалудан жалықпа.  
Таусылғанша қуатың,  
Қызмет қыл халыққа.


Көрілік саған алыста,  
Шабарсың әлі жарыста.  
Құрыштайсың шыныққан,  
Қатарыңдан қалыспа.

Болмаушы едің, болмай бақ,  
Болмысыңды қолайлап.  
Алдыңда талай таңың бар,  
Ататын алтын арайлап.

Ғұмырдың көбі кетіп, азы қалды,  
Күз жетіп артта жасыл жазы қалды.  
Білмеппіз күздің қалай еңкейгенін,  
Дарияның сұы бітіп сазы қалды.

Сезбеппіз қысқалығың бұл жалғанның,  
Аз екен-ау өмірден бұл алғаның.  
Құдайым құр өткізбей әрбір күнін  
Зәм-зәм судай тым тапшы бұл қалғанын.

Татулық сыйластыққа бай болайық,  
Болмыстың талабына сай болайық.  
Үргаққа ұлағатты өнегемен  
Бабалар дәстүріне боп лайық.



## Әке сенің жаққан шамың сөнбейді

Фасырдың зор нәубеті қырсығынан,  
Әкекан қылдың ау қыршыныңнан.  
Түскесін анам тағдыр құрсауына  
Сабак алған қасиет қыр-сырынан.

Қаңырағанда әке сенің тұрағың,  
Сөнгендей боп қалып еді шырағың.  
Жасқа толған жас қанаты қатпаған,  
Қалды артында көпей ұлың-құрағың.


Батыр анам өшірмеді шырақты,  
Иесіз етпей шаңырақты -тұрақты.  
Жеті жетім қарауында қалғанда,  
Бытыратпай бастарын нық құрапты.

Әке сенің жаққан шамың сөнбейді,  
Егеменбіз, нәубет қаупі төнбейді.  
Үрпақтарың өсіп, өрбіп келеді,  
Әз есімің ешқашанда өлмейді.

## Қалың қалай ауылдың ардагері (диалог)

Қалың қалай ауылдың ардагері,  
Армысың, алашымның ардақты ери!  
Бейнеттің зейнетіне ризамысың,  
Ақталып, ағыл-тегіл аққан терің.

2 белгілі



- Шүкіршілік бүгінгі өміріме,  
Медаль толды кеудемнің өңіріне.  
Тіршілікке разымын тағдыр тартқан,  
Түссе де кейде қаяу көңіліме.

Кезінде арқаладық ауырлықты,  
Өнгеріп қыр арқага ауыр жүкті.  
Жасырман өкпеміз бар үкіметке,  
Ұмытып отыр бүгін ауылдықты.


Шекімдей зейнетакы неге жетер,  
Шұқышитқан дәрежесін неге бетер?!  
Тұқыртып осыншама қалдырарай,  
Не істедік өз жұртымда жетім етер.

- Кейіме, ардагерім, шыдамды бол,  
Алыс емес сіздерге жақындар жол.  
Төзімділік қазақтың қасиеті,  
Жетпей жатыр бүгінгі тым қысқа қол.

Ренжіме, емессің өгей жетім,  
Күн жақын зейнетакың көбейетін.  
«Нұрлы жол», сеніңіздер бақыт жолы,  
Ертең-ақ еліміздің көркейетін.

## Бұл менің назым

Жастық шақ адам үшін қымбат екен,  
Қызығы мол, әсерлі, сымбат екен.  
Жас үлғайып, кезінде егде тартқан,  
Өмірде көп жәйттер жұмбақ екен.



Еске алсаң жастығыңың өткендерін,  
Қылыштың кең, терең өткелдерін.  
Қызығы мен шыжығы аралас кеп,  
Қайғы – мұнмен көз жасын төккендердің.

Бірге өткізген күндерді ұлықтауға,  
Сауық-сайран кездерді ұмытпауға,  
Талай жыл берік болып жүрген едім,  
Есімізден ешқашан сырғытпауға.

Кей жігіттер ұмытып кетті ме екен,  
Ми сүйылтқан қарілік жетті ме екен!  
Бүгінгі болмыстары тұсау болып,  
Не жәйіттер бөгеттік етті ме екен?!

Кешегі көпейімнен айрылғанда,  
Сорланып қос қанатым қайрылғанда.  
Жан жолдастар жанымда болмады-ау деп,  
Қан жылап құйзеліспен қайғырғанда.

Бұл айтқан азын-аулақ назым еді,  
Мұңыздың тереңінен қазып едім.  
Іште тұнған өкпемді ақтаруға,  
Алты ауыз бұл жырымды жазып едім.



Өкпені тарқатқанда тарау керек,  
Өкпеге түсінумен қарау керек.  
Бетенмен бөліспейсің жан сырынды,  
Ұғынып әділдікке санау керек.

2015 ж.

250



## **Күннәрімсің күнімсің**

Құдай қосқан жарымсың,  
Кеудемдегі жанымсың.  
Дүние бοқ не керек,  
Байлығымсың, барымсың.

Маған тірек өзіңсің,  
Көпті көрер көзімсің.  
Сырымменен, мұңымды  
Тарқататын сөзімсің.


Алла берді бағыма,  
Жұқарған, жүдеу шағымда.  
Жасай бер, жаным, жасай бер,  
Жасай бер тағы, тағы да.

Күннәрімсің күнімсің,  
Солмайтын мәнгі гүлімсің.  
Жазғанымды жарыққа,  
Жария етер үнімсің.

## **Балаға боқтық үйреткен**

Нағашы әже кезінде ұстаз бопты,  
Сіңірген тұл бойына барды-жоқты.  
Сауда-саттық қыр-сырын менгеріпті,  
Жаңылмай қолындағы есеп-шотты.

Жиеніне боқтықты үйретіпті,  
Тәртібіне сәбидің күнделікті.  
Не білсін ес кірмеген бұл нәресте,  
Отырып боқтанады үйде тіпті.



Жиенін осыншама сүйгеніме,  
Ана болып өмірден түйгені ме.  
Баланы былапытқа тәрбиелер  
Бейпіл сөзге тартатын бүйрегі ме!

Үлкен-кіші демейді сыбайды екен,  
«Ол жаман сөз, қой!» десе жылайды екен.  
Ұят-ай, боқтықпенен тілі шықса,  
Тәрбиеші кім деп жұрт сұрайды екен.

Мінез-құлқы тартпасын әжесіне,  
Ұрыс-жанжал жарасып кәдесіне.  
Кеңрек, керісіп кездескенмен,  
Жеткізіл араздықтың мәресіне.


Ұят болды сәбидің анасына,  
Сәби оған пысқырып қарасын ба.  
Масқара-ай, әжесінің бұл қылығы  
У құйған жиенінің санасына.

Отыр міне атасы ашу қысып,  
Өткен кеткен өңсіздік еске түсіп.  
Немерені боқауыз сөзге үйреткен  
Құдагиы екен-ау асқан, «пысық»

## **Немерем Батырханға**

Дүниеге келді менің немерем  
Қуанамын бақыттымын не деген!  
Дәл өзіме тартыпты да қойыпты,  
Алла, өзің қандай ғана шебер ең!

2 белгі



Балапаным, айналайын өзіңнен,  
Маған тартқан қабағыңнан, көзіңнен.  
Азамат боп, ержеткенде, есейіп,  
Айнымағын атаң салған ізінен.

Аймаладық иіскедік, тоймадық,  
Құштарланып, құшуды біз қоймадық.  
Азан айтып атын, қойып бөбектің,  
Бата беріп, тілек тілеп тойладық.

Әрқашанда мейірленіп өбейін,  
Тәтті күлкің, тәй-тәйінді көрейін.  
Өрімдей бол өскеніңді өзіннің,  
Қызықтамай қалайша мен өлейін.


Өс құлыным жігіті бол еліңнің,  
Иесі бол ата-баба жеріңнің.  
Жаудан қорға, ширегінде бастырма,  
Қасиетті кең даламның, белімнің.

Азамат бол, қазағымның ұлы бол,  
Қызмет қып, Отаныңның құлы бол.  
Құтты болсын бұл өмірге сапарың,  
Жолым деп біл, баба салған ұлы жол.

2011 жыл. Астана

### Зор қуаныш

Қуанттың-ау атанды, құлыншағым,  
Келші- енші – жаюлы түр құшағым.  
Қысып, қысып сүйейін құшырланып,  
Аспанға ұшып кетер ем жоқ ұшағым.



Көптен күткен, мінекей, атты таңым,  
Нұрға толып кетті ғой менің маңым.  
Ақ тілегім – жар болсын жалғыз Аллам,  
Құтты болсын сапарың, ботам, жаным.

Үйленбекші алғашқы немереміз,  
Сүйіншіге, Кунеке, не береміз?  
Немере келіндері барларменен  
Бұйыртса, біз де ертең тенелеміз.

Шәбере суюге мен асығамын,  
Арманымды кімнен бұл жасырамын.  
Алладан тілегенім орындалар,  
Шәбере көретүғын жасымдамын.

## Ерге айғайлау жараспас

Дауысынды көтерме, әйел, еріңе,  
Ашуменен сыймасаң да теріңе.  
Ұстамсыздық нәзік жанға жараспас,  
Шапшаңдықтың ырығына берілме.

Үмытпағын ол өзіңнің жұбайын,  
Бейпілдікті қос көрмейді құдайым.  
Биязылық тұл бойына жарасар,  
Бұл жәйітті есінде ұста ұдайы.

Сабырлылық әйел жанға жарасқан,  
Байсалдылық бойына оның жанаңқан.  
Әбігерлік әдепсіздік мінезді,  
Ақымақтықпен адад жолдан адасқан.



Әкіреңдеу – дәрекілік белгісі,  
Көтереді мұны қандай ер кісі.  
Шыдамның да шегі болуын ұмытпа,  
Келіп қалар ыстық жауап бергісі.

Әйел деген даналықтың көзі ғой,  
Адамзатқа жарық берген өзі ғой.  
Ана ақылын құрметтейді бар әлем,  
Жаудың жолын кескен де ана сөзі ғой.


Қапылыста ерге дауыс көтерме,  
Ана рухын құнсыз қылма бекерге.  
Бабалардан қалған асыл дәстүрді,  
Ер сыйлауды аяқасты етерге.

## Батырханым бөбегім

Батырханым бөбегім,  
Жанатты сенен көремін.  
Сағынып кетіп баламды  
Жүректен жырды төгемін.

Батырханым бөбегім,  
Құшақтап сені өбемін.  
Құлазып кетіп көңілім,  
Езіледі өзегім.

Батырханым бөбегім,  
Өзіңе ойды бөлемін.  
Жаралы жаным жабырқап  
Жазылды осы өлеңім.



Батырханым бөбегім,  
Көзімнің жасын төгемін.  
Алланың салған ісіне,  
Жылап жүріп көнемін.

Батырханым бөбегім,  
Тиер ме саған көмегім.  
Сен жетіліп кеткенше,  
Қалайша мен өлемін.

Аман бол, ерке тентегім,  
Болашағым, ертеңім.  
Арман ғой маған арман ғой,  
Есейіп, өсіп жеткенің.


## Тымақ

Не тең келер қазақтың тымағына,  
Төтеп берген ғасырлар сынағына.  
Салтымнан сұр заманда ұмытылған,  
Оралды күткеніміз мың сағына.

Не жетсін тымағымның жылуына,  
Төзетін қыстың қаһар сұрығына.  
Жат жүрттар қызығатын, таңданатын,  
Бас киімнің осынша сұлуына.  
Таңдал киген басына сал серілер,  
Жарасқан сән-салтанат құруына.

Ұлттық қиім өмірдің болып сәні,  
Киіл жүр, міне, оны жас пен кәрі.  
Жаңғырып келе жатыр дәстүріміз,  
Ертең-ақ тымақ киер жүрттың бәрі.

2 балшт



## Қайсарым, шөберем

Қайсарым менің, Қайсарым,  
Ауып тұр саған аңсарым,  
Біраз күн сені көрмесем,  
Сағынып өзім аңсадым.

Қайсарым, жаным Қайсарым,  
Өзіме тартқан ақсарым.  
Сүйкімдісің, тәттісің,  
Жарқыраған жайсаңым.

Теңіздей кең арнасы,  
Үрпағымның жалғасы.  
Ақылды бол, дана бол  
Боларсың мүмкін Елбасы.

25 қараша 2013 жыл.

## Тұңғыш шөберем Дәмелі

Бірінші шөбереміз бірге толды,  
Әuletіме қуаныш, қызық қонды.  
Шөберені көруді армандаған,  
Атаң енді жұмаққа барап болды.

Жетіл сен, желкілдесін қос бұрымың,  
Қызжібектей сұлу боп өс құлыным.  
Көркіне ақылдың сай болсын дәйім,  
Сүйіктің боп қазақтың бір ұлының.

Саналы, бақытты бол, ботам менің,  
Өзіңде ақ тілегім, батам менің.



Қызығынды көрем бе, тоямын ба,  
Толқиды, тебіреніп атаң сенің.

31.05.2013 жыл

## Ғарып болған әріпттер

Әліппеде «ң» әрпі бар байырғы,  
Өз орнынан кімдер ғана тайдырды.  
Бір ғажабы өзіміздің қазақтар  
Тілімізден «ң» байғұсты айырды.

Бұл әріпті айта алмастар аз шығар,  
Сол аздардың арасында басшы бар.  
«ң» орнына «н» ды айтып, шатпақтап,  
Кекірегіңе толтырады ашы зар.


Ана тілге немқұрайды қараған,  
Шалағайлар шендейде көп қарадан.  
Өкінішті-ақ шолжындардың біразы  
Журналистер қауымынан тараган.

Кек сандықтан естіп сөздің шатағын,  
Назаланып отырамын, қапамын.  
Әріптерді ғарып еткен жандарды,  
Откір сөзбен өңменінен атамын.

Әр әріпті дәріптеік өзіміз,  
Сәнді болсын, нәрлі болсын сөзіміз.  
Ыңқыл-сыңқыл, шала-шарпы сөйлеген  
«Шешендерді» көрмесінші көзіміз.

2 белгілі

Қараша 2013 ж.



## Табылар ма айтар бүгін дұрыс сын

Сөйлегенде кейбір орыс бауырлар,  
Дұрыс сөзді бұрып айттып, дау қылар.  
«А» айтқанда «О» әрпінің орнына  
Жан күйзеліп, жүрек сыздап ауырар.


«Отан» сөзі «атан» болып қалады,  
Ұлы ұғымды түйеге әкеп балады.  
Олжасымды «алжас» етіп алжыса,  
Қай қазақтың құлағына жағады.

Омскіні амсқ деп айтқанын  
Естісе егер шақырап еді сайтанын.  
Ольга есімді алга қылыш оқыса,  
Білер ме еді қайда барып қайтқанын.

Уа шіркін, Байжанбаев қандай-тын,  
Әрбір сөздің дұрыстығын аңдайтын.  
Неше түрлі словарьді ақтарып,  
Дыбыстардың анықтауын таңдайтын.

Қадағалар әрбір сөздің дұрысын,  
Үйым бар ма түзететін бұрысын.  
Шешендердің шеберлігін шындаитын  
Табылар ма айтар бүгін дұрыс сын.

*Ә. Байжанбаев –  
қазақ радиосының дикторы*



## Біздің қазақ жетімінен жерімеген

Қашан қазақ жетімінен жеріген,  
Алшақтатып өзі тұған жерінен.  
Қалай ғана айырады сәбиді  
Бауырлардан, жұртыменен елінен.

Осы күні тірі жетім көбейді,  
Ар-намысқа таңба түсті демейді.  
Аналар бар азғындыққа салынған  
Ішімдіктен құрғата алмай көмейді.


Қыздар да бар отырып – ап оң жақта,  
Жүкті болу үят емес бейбаққа.  
Баға алмай бала тапқан қанышықтың  
Айтшы, жүзі қара емей, аппақ па!

Кемімей тұр жетімдердің қатары,  
Тастандылар көбісінің атағы.  
Өсе келе ата-анасын іздейді,  
Таба алмаса сәби жанға батады.

Жетімдердің тағдыр басын сорлаған,  
Туыс, бауыр жетімдіктен қорғаған.  
Ата-анасыз қалса егер ұл мен қыз,  
Зар жылатып, жатқа беру болмаған.

Бабаларым жетімхана дегенді,  
Жетімдердің ашы дәмін жегенді,  
Әлмисақтан білмеген де көрмеген,  
Әрқашанда жетімдерді жебеді.

2 белгілі



## Қайран ана асылым

Әкемді ажал алғанда,  
Бір жаста жетім қалғанда,  
Қайыспадың сынбадың,  
Тағдыр жүгін алғанда.


«Халық жауы» зайыбы,  
Заманның салған айыбы.  
Айдауда жүрдің аяусыз,  
Мұрттының болмай қайыры.

Жаз туса қой бағасың,  
Алыстың жайлап даласың.  
Жат жерде жүрдің зар жылап,  
Жаза алмай жүрек жарасың.

Қыс туса егін соғасың,  
Кигенің жұқа, тоңасың.  
Қасірет қажап жанынды,  
Күн санап жүдеп, соласың.

Үйдегі жеті жетімді,  
Қалған ана жесірді.  
Қайғырып құса боласың,  
Жия алмай кейде есінді.

Сол бір нәубет заман-ай,  
Зұлымдық құрган қамалы-ай.  
Езіп, таптап таstadtы-ау,  
Кімнің болды амалы-ай.



Мұртты сүмьрай өлгесін,  
Зұлматты кезең сөнгесін.  
Жібіді ана жүргегі,  
Қоғамға жылу келгесін.

Қасірет- қайғы көп көрді,  
Ерлікпен бәрін өткерді.  
Егемендік келген соң  
Ана көңілі көктеді.

Айналдым, ана, атыңнан,  
Абзал, асыл затыңнан.  
Тілім-тілім жүргегің,  
Ерлігің кем бе батырдан.

Қасиетті ана киелі,  
Қолында өмір тиегі,  
Азамат аса ардақтап,  
Алтын басын иеді.


2013 жыл.

## Кірмеуші-ең ана түсіме

Кірмеуші-ең ана түсіме,  
Сездің бе жайын халімнің.  
Қалдың ба әлде түсіне,  
Ауруын күн мен айыңның.

Ол дүниеде жүрсөң де,  
Тынбайсың маған алаң бол.  
Екінші өмір сүрсөң де,  
Тұра ма ойың балаң бол.

2 белгілі



Жетті ме саған құйзелісім,  
Ауру-сырқау құйбең ісім.  
Жүресің бе жіті қарап,  
Балаңның үйдегісін, тұздегісін.

Тұсіме кірді елесің,  
Есікті ашып келесің.  
Жаныашырым, періштем,  
Нұрынды маған себесің.

Тағдырдың көріп тәлкегін,  
Талай рет зарладың.  
Білдірмей тұрмыс аз-кемін,  
Өзінді маған арнадың.

Кисен де кебін жесірдің,  
Әлпештеп мені өсірдің.  
Қанаттанып ер жеттім,  
Жетімдік білмей көсілдім.

Жыл өткен сайын анашым,  
Қымбат боп маған баrasың.  
Екі өмірде бар ма еken,  
Сүйтін сендей баласын.

2015ж.

## Тіл тағдыры

Тіл тағдыры толғандырып тұрады,  
Адамдардың қарым-қатынас құралы.  
Бабалардың берген асыл мұрасы,  
«Сақтаңдар» деп тастап кеткен ұраны.

Қиян-кескі қырғындардан өтсек те,  
Көл-көсір қып қанымызды төксек те,  
Сақтап келдік көздің қарашындарай,  
Жеттік, міне, азаттыққа, көксеп кеп.

Ана тілім мемлекеттік тіл болды,  
Тіл мен бірге өркендейтін діл болды.  
Тіл менгеріп, таза сөйлеу біз үшін,  
Ақиқаты жасырмайық зіл болды.

Бүгін әлі шүлдірлейтін адамдар,  
Ана тілді менсінбейтін надандар.  
Жиырма жылда жиырма сөйлем үйренбей,  
Нәдрустерге сын көзбенен қарандар.

Алда өтер талай ғасыр зымырап,  
Кетпесе еken тіл тағдыры құлдырап.  
Тіл жоғалса – ұлт жоғалар ақиқат,  
Ойланайық, кетпейікші ыдырап.

Тал бесікті тербететін келіндер,  
Ұл-қызыңа ұлттық тәрбие беріндер.  
Ана тілі деп бекерге айтпаған,  
Шүлдірлеуден құтылындар, жеріндер.

Баяғының әжелері қайда еken,  
Бүгінгінің талабына сай ма еken.  
Әжелердің университетін өтпеген,  
Үрпак бүгін көмескілеу жайда еken.

Тәлім-тәрбие қарттардың әз парызы,  
Тарихтың зор алдындағы қарызы.  
Қазақ елі мәңгілік ел болды деп,  
Кейінгіге болсын жырлар аңзы.

Қылы-қылы заманның қырсығынан,  
Талай-талай тағдырдың тылсымынан.  
Сақтап келген жоғалтпай тілім қымбат,  
Тірі шыққан кеселдер қысымынан.

Тіл – білімге барад жолдың шырағы,  
Тіл – өмірдің қайнар көзі бұлағы.  
Тіл – болашақ нұрлы өмірдің бейнесі,  
Тіл – тағдыры толғандырып тұрады.

Кеңіс екен тіліміздің өрісі,  
Өркендету қазағымның төл ісі.  
Тіл арқылы салт-дәстүрді дәріптеу,  
Дәл бүгінгі болмысымның үрдісі.


Тілге талай жырымызды арнайық,  
Насихатқа шаршамайық-талмайық.  
Тілімізден ділімізден айрылып,  
Үндістердің кейпін киіп қалмайық.

2014 жыл.

## Ғұмырдария

Ғұмыр шіркін дария ғой шалқыған,  
Біздер – кеме толқынында қалқыған.  
Жастық шақта тереңінен тайынбай,  
Сүйсіндіріп, айналаны таң қылған.

Орта жаста ортасында дарияның,  
Қызығына еш тоймай жанұяның.  
Қадамың нық, алға басып тайынбай,  
Ұмтыласың, жетелейді қиялың.



Орта жастан асып өмір сүресің,  
Жалын кеміп, толастайды күресің.  
Таусылардай жанармайы кеменің,  
Жайлап жортып жаға жаққа жүресің.

Қартайғанда көз жанарың бұлдыrap,  
Кеміп кетер күш-куатың құлдыrap.  
Өткенді ойlap, бойда тулаap сағыныш,  
Болашағың көз алдында ыдыrap.

Біліп қой сен – уайым жауың бұл жайда,  
Жігерінді қайrap отыр мұндайда.  
Кәріліктің өзінше бар қызығы,  
Тұғырыңнан түспегей сен мұңайма.

Қазыналы қария бол, жасыма,  
Қартайдым деп қарай берме жасыңа.  
Биік ұста тауалынды түсірме,  
Жігермен жең не түссе де басыңа.


Сағынамын арайлы атқан таңдарды,  
Бәрін- бәрін нені санам аңгарды.  
Жастық шақты бірге өткізген жарқыrap,  
Жайсан жүзді, асыл, абзал жандарды.

2013 жыл

## Ертең өзің қарт боласың, ұмытпа!

2 ылғыт

Өтіп жатыр бүгін мына ғаламда,  
Құбылған бұл жаһанданған заманда,

Заманына лайықталаңып, өзгерген  
Өзгеше бір бейімделген адам да.

Құбылыстар қоғамдағы жалпыға,  
Ықпал етті біздің қазақ халқына  
Олай да бұлай болды делініп  
Зақым келді дәстүріме, салтыма.

Кер заманда әдет-ғұрып жүдеді,  
Жат қылықтар етек алып, үдеді.  
Өзімізді кінәлі деп санамай,  
Басқаларды жамандаймыз үнемі.

Ата-баба салтымыздан айрылып,  
Бөтен ғұрлың мақтап, күн мен ай қылып.  
Бүгін міне неге келдік, өкініп,  
Отырмыз гой қапаланып, қайғырып.

Біздің қазақ ата-анасын сыйлаған,  
Көңілдерін қалдыруға қимаған.  
О, масқара-ай, жас жұбайлар бар әне,  
Бір шаңыраққа ата-енемен сыймаған.

Жұмыс жоқты сылтау етіп арада,  
Ауылынан көшкен кеше қалаға.  
Қара бастың қамын қойып жоғары,  
Тастап кеткен не дерсің сол балаға.

Қарттар қалды өз жұртында қамығып,  
Немересін бір көргө зарығып.  
Қариямыздан безу деген әдетті,  
Бүгінгінің болмысының заңы етті.



## Екі сұрақ

Ересектің есінде екі сұрақ  
Әрқашан тұрады жауап сұрап.  
Санасына салғанда сабырменен  
Көлденең кеп алдына әсте тұрад.

Мазаласа осы ой көңілінде,  
«Әкем маган не берді өмірінде?»  
Ұмытпай бәрін-бәрін есіңе сал,  
Өткергенің тұрса егер көкргегінде.


Өз-өзіңе әділдік есебің бер.  
Әкең үшін қаншама төгіп ең тер.  
Әлде ұмытып балалық борышынды,  
Қатыгездік көрсетіп кеттің бе кер.

Әкеңе не істесең бүгін өзің,  
Алдыңнан шығар ертең көрер көзің.  
Абайлап есінде ұста, беу қарағым,  
Ғұлама, ұлылардың айтқан сөзін.

Жақсылық қыл әкеңнің тірісінде,  
Разы болар нәр көрсін әр ісінде.  
Алақанға салып күтіп жас балаша,  
Қуат кетіп қалған кез, кәрісінде.

Ұмытпа ғибратты иман жолын,  
Айыра біл жағдайдың онын-солын.  
Және қажет болса бір қолғабыс,  
Айта көрме «бос емеспін, тимес қолым»

Күйзелмесін ешқашан әке жаны,  
Кирлетпесін көнілін өмір шаңы.




Куансын ойдан шығып көп арманы,  
Атсын әр күн арайлы бақыт таңы.

2014 жыл, желтоқсан

## Сөнбесе екен шырағым

«Өмір не?» – болса сұрағың,  
Өмір-өзен, дүр ағым.  
Ағынмен қалқып кетерсін,  
Толқындар болып пырағың.  
Өмірде не тыңдырдым,  
Қай шыбық басын сыңдырдым.  
Өзімнен өзім сұраймын:  
Жігерлі, әлде сылбырмын.  
Өмірге мен не бердім?  
Өмірден мен не тердім?  
Жеңіске қолым жетті ме,  
Шыңына шықтым нелердің?!  
Өмірдің өтіп елегін,  
Жеңілмей-ақ келемін.  
Қайсарлықтан күш алып,  
Нық ұстап жеңіс желеғін.  
Жақсылықтан қалмадым,  
Жамандыққа бармадым.  
Халқыма қызмет етуге  
Өмірімді арнадым.  
Адам боп келдім өмірге,  
Адам боп кету- арманым.  
Жоспарым көп көнілде,  
Көп пе, аз ба алдағым.



Үрпагымды сақтай гөр,  
Аллаға сауал-сұрағым.  
Шаңырағымды жаппай гөр,  
Сөнбесе екен шырағым.  
Кейде ойлап жүресің,  
Бейбіт өмір сүресің.  
Кейде шабыт кеп қалып,  
Басталады күресің.

## Зейнеткердің мұны

Бейнеті аз ба зейнеткердің өзгерген,  
Тауқыметті кім бар одан көп көрген.  
Елге келген нәубеттердің зардабын,  
Жас болса да жасымай – ақ көтерген.

Өсті емес пе қара наңға жарымай,  
Нәрсіз көже тұл бойына дарымай.  
Заман жүгі – ауырлығын арқалап,  
Балаусалар шашылмады тарыдай.

Бірі болды «халық жауы» баласы,  
Зар жылаған, жесір қалған анасы.  
Айналасы ала көзбен қарады,  
Уланды ғой жаны, нәзік санасы.

Бірі соғыс құрбанының жетімі,  
Таусылмаған түрмистың кем-кетігі.  
Ішкен асқа жарымады, бір тойып,  
Тозған шапан жыртық-жыртық етігі.

Тоғыз жасар балғын-бала жұмыста,  
Еңбектенді сеп болар деп түрмисқа.

Жұтап түрған үйдің іші оңған жоқ,  
Шамаңнан тыс мейлі тырмыс- тырмыспа.

Жарты ғасыр еңбек етіп елінде,  
Еңбек етіп өзі туған жерінде.  
Өмір өтті бейбіт көктем көгінде,  
Аяған жоқ аққан маңдай терін де.

Ақтарып-ап қылыштың бейнетті,  
Көріп отыр бүгін мына зейнетті.  
Зейнеткердің қандай бүгін хал-жайы,  
Тұрмыс күйі, қарапайым келбеті


Белгілі еді тракторшы өмірі,  
Шаңды жұтқан майға тойған өңірі.  
Оған деген зейнетақы шөкімдей,  
Қандай дерсің ол байғұстың көнілі.

Жеңіл ме еді сауыншының көргені,  
Ертелі – кеш ауырлыққа көнгені.  
Салпақ-салпақ бейнет көріп фермада,  
Осы ма алар зейнетақы көлемі?!

Олар бүгін қалды емес пе далада,  
Баспана жоқ оған тиер қалада.  
Өз үйінде жылу да жоқ, су да жоқ,  
Жұдеп-жадап осы күйде қала ма?!

Баспананы қолжетімді дегенге,  
Қарапайым халық бұған сенген бе.  
Қалай ғана қаражатты жинарсың,  
Айында алар аз-мұз тиын тебенге.

Ойланамыз, осы кімге керекпіз,  
Қамсыздыққа құқығың жоқ дерексіз.



Үкіметтің қарауынсыз қалдық па,  
Назары оның қашан жетер демекпіз.

2013 ж.

## Шынайы достық

Бұл жазғаным өмірдің бір сыр-мұны,  
Болған Борис Арқалықтың түрғыны.  
Әкем марқұм достасыпты сонымен,  
Қатты сыйласап, құрметтепті құрбыны.

Борис Несин ұлты орыс болса да,  
Елі оның бізден алшақ қонса да,  
Жиі-жіе ауылға ол келетін,  
Жаз ыстықтап, қыс аязда тоңса да.

Әкемменен достықтары шынайы,  
Өмір оны уақыт оза сынайды.  
Қызықтарға туыстай бір қуанып,  
Ренішті бөлісіп, бірге мұнайды.

Берік достық іс түскенде басыңа,  
Білінеді жетіп келсе қасыңа.  
Сені қолдап, болып тірек, сүйеніш,  
Ақыл айттар: «Мойыма, дос, жасыма»

Әкем байғұс халық жауы атанып,  
Ақ түрмеге кеткен екен аттанып.  
Борис досы үмітін бір үзбепті,  
Күткен дейді келер ертең ақталып.

2 белгілі



Сол кеткеннен мулде қайтып келмеді,  
Жанұяны уайым-қайғы мендеді.  
Мал-мүлкіміз тәркіленіп кеткенде  
«Қамқоршы боп қалам енді мен» деді.

Тұрды Борис өзі айтқан сөзінде,  
Болмаса да асқан байлық өзінде.  
Барыменен бөлісті ғой жарықтық,  
Тұрмыстың бір аса ауыр кезінде.


Жас күнімде интернатта оқыдым,  
Ауылымға жаяу келіп отырдым.  
Жол ортада Андреев селосы,  
Борис атай қоныстанған жер осы.

Арып, шаршап сол үйге мен соғамын,  
Емін-еркін үйдегідей боламын.  
Орыс тәте ақ наң қаймағымен қояды,  
Шәй ішіп, жеп, қарыным бір тояды.

«Кто пришел!» деп шалға айқай салатын,  
Орыс тәте қуанып бір қалатын.  
Асты-устіме тұскендей боп екеуі,  
Мені көріп сағынышы қанатын.

«Магазов сын пришел» деп айтатын,  
Бойымдағы шаршағаным қайтатын.  
Тербететін менің бала көңілімді,  
Шын ниетін өз анамдай байқатып.

Әкем кеткен үзак үақыт болса да,  
Жиырма бес жыл сол кездерде толса да.  
Ара қатынас үзілмеді ешқашан,  
Үміт шіркін күтуменен солса да.



Орыс, қазақ достығы бұл мызғымас,  
Ғасырларға созылғаны шын рас.  
Беріктігін бұза алмайды ешбір күш,  
Тау тасындаған орнынан еш жылжымас.

2015 жыл

## Сезім

Сезім, шіркін, жаныңды билейді екен,  
Сезімталды тірідей илейді екен.  
Санаң сезім басын имейді екен,  
Өз еркін өз қолыңа тимейді екен.


Өзіңше өзгеше гой жастық сезім,  
Арманың асқақтаған албырт кезің.  
Құмартып құшқандайсың бар әлемді,  
Аласұрып жүргегің жетпей төзім.

Есейіп келгенінде егде жасқа,  
Бойыңды мендейді екен сезім басқа.  
Қобалжып, алаңдайсың ала көңіл,  
Шым-шытырық ойларың ойнап баста.

Жастықты еске алып сағынасың,  
Толғанып, тебіреніп, ағыласың.  
Мойындағың келмейді-ау кәрілікті,  
Амалсыздан көнесің, бағынасың.

Аңдамапсың қалғанын кеміп сиқың,  
Қоштаспай-ақ өтіпті-ау сезім сылқым.  
Күмілжіген құдікті жайлар женіп,  
Таң алдында алаңдал келер үйқың.

2 белгілі



Тәтті сезім ауылы алыстайды,  
Көңіл пәле жүйрік қой қалыспайды.  
Қаруың көзіңменен сөзің ғана,  
Қиялға күш-қуатың қабыспайды.

## Ұлы нәубет

Сексен жылғы тарихтың қара беті,  
Өткен жоқ оның әлі қасіреті.  
Жау іздеп өз елінен мұртты қесем,  
Қырғыннан қалды емес пе ғасыр дерте.


Мына жер НКВД ғимараты,  
Тұрғанда жан түршігер қаралы аты.  
Бұл тамққа қамалып, қиналғанда  
Осы өнірдің мындаған азаматы.

Қайнал түрді НКВД қазаны,  
«Штіктер -ақ» шығаратын жазаны.  
Бірі атылса, біреуіне жазылды,  
Сталиндік лагерлердің азабы.

Түн жамылып келеді еken көліктер,  
Көліктерге артылады өліктер.  
Қай шұқырға көмгендерін жасырып,  
Құпияны біле білсөң, көріп-көр.

Сезбеді ешкім әкелерді атқанын,  
Шәйіттердің қай шұқырда жатқанын.  
Біздер үшін әлі күнге беймәлім,  
Мәйіттердің беттерін де жапқанын.

Біздің ғана бір өнірден кеткені,  
Анықталды сегіз мыңға жеткені.



Айдалғандар, қашқандардың саны жоқ,  
Құғын-сүргін құрбандары еткені.

Тап жауы деп кәмпескелеп байларды,  
Неше мыңы көкаралға айдалды.  
Зарлап кетіп ел-жұрттынан айрылған,  
Барса келмес тұрғынына айналды.

Сан-алуан ел-жұрттымен қашқандар,  
Жан сауғалап шекарадан асқандар  
Миллиондал саналады қатары  
Босқындар боп шет жерлерді басқандар.


Желеу етіп сенімсіздік халқына,  
Салмай ешбір заң турінде талқыға.  
Миллиондарды жер аударды жазықсыз,  
Дүркіретіп, қаратпай алды-артына.

Қан жылатып туған жерден көшірді,  
Отандарын тарихтан өшірді.  
Қатын-қалаш, бала-шаға зар жылап  
Зорлық пенен зомбылықтан өкірді.

Қайда қалды арыстардың сүйегі,  
Абзалдарды ойлап жаным күйеді.  
Қарғыс атсын қан жылатқан халқымды,  
Сталиндік большевиктік жүйені.

Не көрмеді тарихта қазақ елі,  
Өткергені басынан азап еді.  
Құғын-сүргін нәубеті өрт боп тиіп,  
Тұншықтырды халқымды ажал демі.

Тумай жатып қасіретін менде көрдім,  
Замандас, мен көргенді сен де көрдің.



Жұртымның ашы зарын, қайғы-мұңын  
Ерте арқалап мен көндім, сен де көндің.

Мұртты көсем сұмырай зар жылатты,  
Қазағымды қаңғыртып, ыдыратты.  
Милиондал ішке көшті, шетке қашты,  
Бай-манап деп Көк аралға зымыратты.

Большевиктер іздеді «халық жауын»  
Жазықсыздар атылды ажал тауып.  
Бірін-бірі көрсетті, пәле салып,  
Үрейленді, дүркіреп қалың қауым.


Екінің бірі кетті бекер емес,  
Санына ешкім әлі жетер емес.  
Бір ғасырдай уақыт өтсе дағы  
Зардабы ұмытылып кетер емес.

Тарихтың бұл нәубетін ұмытпайық,  
Құрбандардың есімін ұлықтайық.  
Егеменді ел болдық тәуелсізбіз,  
Алапатты енді елге жуытпайық.

Ескерткіш қып қағайық алтын қазық,  
Мраморға мындардың атын жазып.  
Кейінгі үрпақ өзіне сабақ етіп,  
Таусылмластай рухани алсын азық.

Мемориал түр Қызылжар төрінде,  
Анадайдан көзге анық көріне.  
Бұл тарихи ескерткіш қой мәңгілік,  
Мұң салады келгендердің көңіліне.

Символындағы бауыластар зираты,  
Аруақтарға арналған сый -сияпаты.



Басына кеп тағзым етер үрпақтар,  
Еске алып, ұлықтайтын үн қатар.

Талай жылдар өтіп жатыр зымырап,  
Қазақ елі Мәңгілік Ел боп тұрады.  
Халқымыздың бастаң кешкен нәубетін,  
Баяндайтын бейне бір шам-шырақ.

Бұл қасірет кетсін дейміз келмеске,  
Ендігәрі ел шетіне енбеске.  
Ант етеміз үрпақтардың алдында,  
Жат саясат ықпалына көнбеске.


Бұл бүгінгі ізгілікті ісіміз,  
Біздің үрпақ қалдырган төл ізіміз.  
Откердік бір қасиетті парызды,  
Зардал шеккен жандардың біз біріміз.

Ей, жас үрпақ! Сендерге бұл аманат,  
Өздеріңе өткендерден сәлем хат.  
Құрбандарды ұлықтаңдар ұмытпай,  
Бастарыңа келмесін еш жаманат.

## Ауыр жыл

Биылғы жыл, неткен сен ауыр болдың,  
Қайталанған зіліңнен жауыр болдым.  
Бірінен соң бірі кеп соғып жатыр,  
Осының бәрі сиған дәуір болдың.

Бұлт басып көңілімді жая алмадым.  
Жанымды жеген жұттан жай қалмадым.  
Қасіретпен қақ жарып жүрегімді  
Жанатымды жалмадың, аямадың,



Он күн өтпей тағы зіл салып кеттің,  
Асыл балдыз Айгүлді алып кеттің.  
Бауырынан айрылған Құннәрімді,  
Зар жылатып, жүргегін жалын еттің.

Мәңгілікке қоштастық женгемізben,  
Алпыс төрт жыл бірге өскен өзімізben.  
Жарты ғасыр ағамның жары болған,  
Қоштастық ғайып қылып көзімізден.


Сәулешім Аманымен аман қалды,  
Бастарынан асырып бір ажалды.  
Шығын деген аз емес тәубе дейміз,  
Десек те бұл да ауыр салмақ салды.

Үрейлендік өртеніп кете жаздал,  
Электр сымдарынан от шықты аздап.  
Құннәрім осы сәтте көрмей қалса,  
Жанып кетер еді-ау жалын маздал.

Екеумізге осы жыл жайсыз болды,  
Құн түнеріп, түніміз айсыз болды.  
Табиғат тылсымына кезіккендей,  
Ала сапран басар жер лай, сыз болды.

Осы жылмен қайғымыз кетсін дейміз,  
Жаңа жылда жарылқар етсін дейміз.  
От басым ұрпақтарым аман болып,  
Қолымыз игілікке жетсін дейміз.

2014 ж.



## Сәбілерді сағындым

Астанада екі сәби немерем,  
Жақын болса жиі барып келер ем.  
Иіскең, сүйіп, мауқым басып, сағынған,  
Бойымдағы жан-дүниемді берер ем.

Жұғіріп шықса алдыннан аталап,  
Құшагымды ашып-жайып керер ем.  
Қысып-қысып, айналармын, аймалап,  
Ерекше бір жылы жайға енер ем.


Екеуінің ер жеткенін көрер ме ем  
Оттарыңдай жылтып болып, сөнгер ме ем.  
Орындалса әкелерің арманы,  
Өздеріңе садақа боп өтер ем.

Құлышағым, балапаным, Жанатым,  
Қалдырды ғой артында қос қанатын.  
Қатаяр да, жетілер-ау ертең-ақ,  
Шарықтауға қанаттарын қағатын.

## Ой масқара-ай! (Болған оқиға ізімен)

Қашаннан да қазалы үй қаралы,  
Жандарының жүректері жаралы.  
Бар қауым боп ортақтасса қайғыға,  
Табылды ғой бір албасты арамы.

Ол албасты бөтен емес жақыны,  
Ой, масқара-ай, қысқа екен ақылы.



Қаралы үйде шу көтерді жанжалмен,  
Айғай-шумен лаң қылды ақыры.

Ет жақыны кеше ғана көмілді,  
Арсыз бұзды мына зарлы көңілді.  
Бата менен садақаны дау қылып,  
Көргенсіздік дүр сілкінні өнірді.

Қыршынынан қылды жас азамат,  
Мына жанжал арағын мазалап,  
Кеткен керен, көрсоқырды құдайым.  
Сыбағасын берсін дейміз жазалап.

Ақша даулап дүбір салған адамды,  
Сана тайыз, құнсыз пақыр наданды,  
Естігенде түнілерсін түкіріп,  
Еріксізден ұстарсың-ау жағанды.

Не айтарсың мұндай үятсыз қазаққа,  
Қазақ атын қиған сайқы-мазаққа.  
Қылмыс дейміз қылған қара қылышын,  
Түсер сөзсіз о дүниеде азапқа.

## Толқимын, жаныма жай табылмайды

Ішімде сансыз сезім жалындаиды,  
Бәрі де санама еш бағынбайды.  
Шар тарапқа кетеді алып ұшып,  
Толқимын, жаныма жай табылмайды.

Жанымды жаралы ойлар жаралайды,  
Құлазыған көңіліме қарамайды.



Жұлқынып жақсы ойларға жармасамын,  
Теріс ой орын тепкен тарамайды.

Тәңірден тілейтінім біреу ғана,  
Құлғыныма жар бол деп тілеу ғана.  
Науқасы Жанатымның жаңымды жеп,  
Іште түр жарылмаған бітеу жара.

Құдай-ау, қартайғанда бердің қайғы,  
Аясайшы, үғынып біздің жайды.  
Өмірде жылығаным аз емес- ті,  
Аулақ әкет ажалды – сұмырайды,

Жанатымға жар болшы, жаратқаным,  
Нұрға толсын баламның атқан таңы.  
Қатарымға қосылар деп сенемін,  
Куанышты күн тузын деп келемін.


15.02.2013

### **Мәңгілік із қалдырдым артымда**

Мәңгілік із қалдырдым өз артымда,  
Өшпейтіндей сақталар қаз қалпында.  
Құрбан болған аруақтардың есімі,  
Аманат бол түрар үрпақ алдында.

Он бір жылым мемориал салуға,  
Тарихтағы нәубет есте қалуға,  
Күш-қуат пен білімімді арнадым,  
Халқымыздың рахметін алуға.

2 белгілі



Жеті мыңнан асқан ата-бабалар,  
Еш жазықсыз құрбан болған аналар.  
Мәйттепі қай шұқырда қалғанын,  
Мұны бүгін қалған кімдер таба алар.

Құғын-сүргін елімізді торлады,  
Жазықсыздан халқым мыңдап сорлады.  
НКВД – жаналғыштың орнына  
Сол нәубетке мемориал орнады.


Жеті мың да алты жұз он адамның,  
Қабырғаға есімдері жазылды.  
Бұл ескерткіш көркі болып алаңың,  
Еске салып абзалдар мен асылды.

Тұған-тыыс бауырлары келеді,  
Аруақтарға келіп сәлем береді.  
Тебіренеді, толғанады, толқиды,  
Елжірейді, қасірет мұңы жеңеді.

Көрді елім аштықтардың зардабын,  
Миллиондарға бір стелла арнадым.  
Қайран халқым қай нәубетті көрмедің,  
Қасірет шегіп сан алуан зарладың.

Миллиондарды жер аударды жазықсыз,  
Адамдардың кінәлары анықсыз.  
Мал сияқты айдалаға түсіріп,  
Тастап кеткен киім-кешек азықсыз.

Оннан аса ұлт өкілі келіпті,  
Өңірімнің өміріне еніпті.  
Дархан қазақ бауырына алыпты,  
Сонғы дәмін байғұстарға беріпті.



Бұл нәубетке бір ескерткіш қаланды,  
Беріп оған лайықты бір алаңды.  
Келер үрпақ кездеспесін сендерге,  
Мұндай қасірет уландырар сананды.

Осы он бір жыл өмірімнің кезеңі,  
Тыңдырылған істерімнің өзегі.  
Есте қалды аруақтардың есімі,  
Алдық міне армандаған межені.

Әке! Саған парызымында ақтадым,  
Есімінді үрпақтарға сақтадым.  
Қолдан келген құрметімді көрсеттім,  
Әттең ғана қабірінді таппадым.


Разы болғай жетімегің ісіне,  
Нәрестеден жеттім мұндай кісіге.  
Есім білмей қалым өзің артында,  
Сондықтан ба, кірмей өттің түсіме.

## Құдайдан сұраймын

Құдай-ау күш-қуатсыз кәрілерге,  
Зар жылатар қасірет қайғы берме.  
Не берсең де ризамын жасаған-ай,  
Көрсетпе өз балаңды көмген жерге.

Жалбарынам алдында балалардың,  
Немере, шөберелер, асыл жардың.  
Қалдырмағын олардың арттарында,  
Таттырып ашы дәмін қайғы зардың.

Арманы осы оллағы әрбір қарттың,  
Өмір сүрдік келгенше шама -шарқың.



Артта қалсын үрпағым ұлағатты,  
Өмір сұрсін бақытты, көңіл жарқын.

Қыршынынан қыылды көпей балам,  
Қалғанына жалтақтап, болам алаң.  
Жар бола гөр жаратқан Мұратыма,  
Жалбарынып сұраушы құлыш болам.


## Азғындану

Кеше қандай жігіт еді, шіркін-ай,  
Бүгін міне ұсқынсызданған шырқын-ай!  
Серіз қырлы азаматты қор қылған  
Тоймайтұғын шіріп кеткір құлқын-ай.

Сау адамды азғындырған ақ арак,  
Ақыл-естен жүрдай қылған у тарап.  
Үй жоқ, күй жоқ қаңғыбасқа айналған,  
Жүр, әнекей, екі көзі жаудырап.

Ішкен еді айлап үзбей, жатып ап,  
Жиган-терген түгеліне сатып-ап.  
Ар-намысын аяғына таптатып,  
Тентіреткен өзін-өзі ақымақ.

Әйел менен бала қалды қалада,  
Енді өзі қаңғырып жүр далада.  
Ой масқара-ай қайыр сұрап кетіпті,  
Не қып сорлы дәл осылай қала ма?!



## Әзіл

Әзіл деген тек қазақтың үлесі,  
Шешендіктің сөз майданы күресі.  
Күліп, ойнап отырганда сынайды  
Ақыл-оймен астарлы сөз тіресі.

Әзіл деген – сындарлы сын айнасы,  
Шеберлікпен мінді атқару айласы.  
Шымылдықтың аржағында ақиқат,  
Күмілжітер жоқ-ау жуып-шаймасы.

Әзілдесу, біле-білсең зор өнер,  
Білгірлікпен ашы-тұщы ой өрер.  
Айту бар да, түсіну бар әзілді  
Бейбақтар бар мінін есту қор көрер.


Әзілдесе алмайды екен ешбір ұлт,  
Бұл қазақтың басына кеп қонған құт.  
Тек қазағым көтереді әзілді,  
Салмағы оның болса дағы тоғыз пүт.

Әзілдің тұщысы бар, ашысы бар,  
Ұға алмас ұғымы кем, апшысы тар.  
Беті қисық айнаға өкпелемес,  
Неше жерден болса да ақылға зар.

## Қызғаныш

Қызғаныш – қызба сезім, жолы тайғак,  
Бұрқ етер сөйлемесе жөнін байқап.  
Ақылыңды жеңеді алқымнан ап,  
Қоймасаң тентек ойдың қолын байлаң.

2 белгіт



Қызғаныш жақсылыққа жолдамайды,  
Байсалдылық үғымды қолдамайды.  
Дөрекілік мінезбен көкке шапшып,  
Тыныш жерде қыздырар дау- дамайды.

Қызғаншақ әйел байғұс сорлайды екен,  
Өз-өзін масқаралап қорлайды екен.  
Жанұяның бұзады тыныш шырқын,  
Ұрыс – керіс шаңыраққа орнайды екен.


Қызғаншақтық ерлерге жараспайды,  
Ар-намыс абырой да жанааспайды.  
Шаңырақты шайқалтқан шарасыз бол,  
Үл-қыздың ертеңімен санааспайды.

Қызғаныш туса тума жақындарда,  
Алыс жүр, ондайларға жақынданма  
Бар болса көре алмайтын, жоқ болса  
Бере алмайтын бақырларға.

Қызғаншақтық -жатқылық жарамайтын  
Адамдар бір-біріне қаламайтын.  
Жамандықты егетін әлеуметке  
Жүқпалы ауру қоғамды аралайтын.

## **Әкенің қадірін біл айналайын,**

Әкеңнің қадірін біл, айналайын,  
Жиі-жіі біліп түр халін-жайын.



Мұқтажы мен қажетін орындауға,  
Қайткенде де қарағым болғай дайын.

Ұмытпа бұл өмірге әкелгенін,  
Өмір сүру қызықты әпергенін.  
Ғайыптан әкпелетіп ренжітпе  
Ақырғы рет алғанша әке демін.

Қадірлі қасиетті әке деген,  
Өсіріп алақанда мәпелеген.  
Жақсылықтың шегі жоқ саған берген,  
Тек аспаннан жұлдызды әпермелеген.

Әке сыйла, алдыңа келер деген,  
Алла саған рахымын берер деген.  
Әкенің разылығы марапат боп,  
Жұмаққа бала шіркін енер деген.

Өмірге өзі келген өкінбесін,  
Куанышпен еншалла, өтті десін.  
«рахмет, ризамын құлышыма,  
Мейірін, ықыласын төкті» десін.

Кошеметте, аяла әкенді сен,  
Бар ма адам дүниеде әкеңе тең.  
Бабын тап, балаша күт, тілін тауып,  
Тарылма болсын әркез ниетің кең.

Әке тілін алмаған оңбайды екен,  
Еш қашан оның жолы болмайды екен.  
Әкесін жәбірлекен бала екеш,  
Бұл дүниеде бұлтармай сорлайды екен.



## Қайран Бостандығым

Айтатын менің аңы зар мұңым бұл,  
Келешегін ауылым тым бұлыңғыр.  
Жыл сайын жүдеп-жадап барасың-ау,  
Уайымдап соны мендей бір ұлың жүр.

Бөлінгеннең жік-жікке ауыл жүртү,  
Жоғалып-ақ кеткенбе ата ғұрпы.  
Үйін бұзып көшкендер көбеюде,  
Сұрғылттанып мекен-жай көрік сұрқы.


Ауырып қалғандайсың, ауылым-ай,  
Қамыққандай қайратты қауымым-ай.  
Кіндік қаным тамған жер Бостандығым,  
Бүгінгінді көрудің ауырын-ай.

Өркендереген ауыл ең дәл кешеде,  
Жүз жиырма үй бар еді төрт көшеде.  
Жыл сайын қатарлары сирей берсе,  
Қайғырам, ауылымның аты өше ме!

Қариялар қалмапты -ауыл көркі,  
Жоғалыпты салтымнан қазақ бөркі.  
Баяғыдай той думан қайда кеткен,  
Бәрін ойлап лаулайды іштің өрті.

Жоғалтқан құндылықтар табылар ма,  
Бара-бара мектеп те жабылар ма,  
Баяғы бақыр заман басқа келіп,  
Балалар басқа елге сабылар ма?!

Алтын бесік ауылым Бостандығым.  
Баянды болғай сенің бостандығың.  
Арайлы болсын әрбір атқан таңың,  
Үлесім сені жырға қосқандығым.



## Кәрілік сүмның жеткені-ай

Әттең, шіркін, әттең-ай,  
Кәрілік сүмның жеткені-ай.  
Асауды женіп қара күш,  
Аямай тастап кеткені-ай.

Оу, кәрілік, кәрілік  
Ағымнан айтам жарылып.  
Қыл құрықты салдың ғой,  
Кетпеспін сенен арылып.


Келесің-ау бағындырып,  
Аяғымды шалындырып.  
Нық басып жүрген күнімді,  
Әй, қойдың-ау сағындырып.

Жүрісің неге өнбейді  
Аяғың неге көнбейді,  
Бұл пәлені, ойпырай,  
Қандай күш кеп жөндейді?!

Көзді шелей жабады,  
Сорғалап сұы ағады.  
Бұл сүмьрай кәрілік  
Қайдан мұны табады?!

Буындарың сырқырап,  
Бөлшек бол бойың қырық құрак.  
Сезінесің ұдайы  
Кетердей қазір ыдырап.

2 белгілі



## Қарт сыйлау бабамның дәстүр-салты

Қарт көнілі жайдары кең даладай,  
Мінезі өте нәзік жас баладай.  
Жүйкесі жұлқа-жұлқа жүдеу тартқан,  
Жұқарған, тозық жеткен тым шалағай.

Жараланып қалуы өте оңай,  
Жауап берем, сұрасаң: «Неге олай?»  
Басына не келмеді, не өтпеді,  
Өткеріп өткелдерін талай-талай.


Қарттардың нәзік жанын аяландар,  
Мейірлі қамқор, құрмет аямандар.  
Олардан тәрбие алып үйреніндер,  
Өмірден тәжрибесі бай адамдар.

Қартты сыйлау бабамның дәстүр- салты,  
Осыменен ерекше қазақ халқы.  
Қарттарды құрметпенен мәпелеу,  
Санаңа түй – бұл берік өмір шарты.

Қартынды кәдуілгі жас сәби де,  
Қамқорлықты аяма бұл фәниде.  
Қарт – төрінің тамаша көркі емес пе,  
Құт береке әкелер әрбір үйге.

Ертең сен де қарағым, қарт боласың,  
Бүгін өзің не ексең соны орасың.  
Қартқа деген көзқарас, ісің қандай,  
Алда соған тапжылмай тап боласың.

Қарттарды қамқорлықта бөлейікші,  
Қолда бардың барлығын берейікші.



Олар, шіркін, төгілді сарқылғанша,  
Аянбай ақтайықшы, төлейікші.

## Жүрегімнің зары

Қан аралас көз жасыммен жазамын,  
Абақтыда әкем көрген азабын.  
Ғазірайыл жендеттердің оғынан  
Қырық бесінде келді-ау сенің ажалың.

Не көрмедің қайран менің қазағым,  
Бастан кештің талай түрін жазаның.  
Өз елінде өз халқының «жауы» боп,  
Көрдің, ой-хой отаршылар мазағын.

Соңғы демім таусылғанша жазамын,  
Откерді елім көкелерін азаның.  
Бүгінгі үрпақ, келер үрпақ білсін деп,  
Тарихымның ұмытылmas сабағын.

Аңқау халқым ұлылығын паш еткен,  
«Мұртты қесем» өз халқына қас екен.  
Милиондардың қан жылаған, зарлаған,  
Жүректерін нағылед, атсын тас еткен.

Құғын-сургін – жазылmas жан жарасы,  
Жоқ қой бұған еш адамның таласы.  
Ашылғанда ақиқаты өткеннің  
Анықталды ағы менен қарасы.

Тарихтың қаралы сан беттерін,  
Шерге толы өткені мен кеткенін.  
Талай жүз жыл ұлағатты үрпақтың  
Мен қалаймын дәріс- сабақ еткенін.



Құғын-сүргін құрбандарын еске алып,  
«Қылмыстарын» сараласам дес салып.  
Жауыздардың ойлат тапқан жаласы,  
Айқындаадық, оқып, біліп, көз қанып.

## Оу ағайын қайда кетіп барамыз


Оу ағайын қайда кетіп барамыз,  
Көз жүгіртіп айналаға қараңыз.  
Ұлтымыздың рухы жүдеп кетті ме,  
Уланды ма салиқалы санамыз.

Өкінішті-ақ шытынауда шырқымыз,  
Елегізіп, алаңдауда жүрттымыз.  
Кеше кеңес, бүгін батыс таратқан  
Кесепаттан зиян шекті халқымыз.

Ата-ананы сыйлау кетіп барады,  
Тастап кету деген әдет тарады.  
Қартайғанда қамқорсыз бол байғұстар  
Жүдеп-жадап өз жүрттында қалады.

Жуырда бір жігіт екеш жексүрын,  
Үйден қуып шығыпты ол кешқұрым.  
Өз анасын зар жылатқан көрсоқыр,  
Тас жүректер болмағанда еш бұрын.

Құрметтемес қасиетін ананың,  
Бұты бір-ақ тыын ондай баланың.  
Ақтамаған ана сүтін ақымак,  
Ілігеді қаһарына Алланың.



Естігенде сойқан, сүмдық былайды,  
Жан-жүрегің зар еніреп, жылайды.  
Имандағылық, салт-дәстүрді таптаған  
Көргенсіздер ұмытқан ғой құдайды.

Өз әкесін боктаған бір жігітті,  
Жігіт түгіл адам емес мігітті.  
Естіп, көріп жағамызды ұстадық,  
Дәл мынандай құдай атқан шірікті.


Біліппедік қарттар үйі дегенді,  
Өткізетін оған ата-ененди.  
О, масқарай, басы бүтін тапсырып,  
Көріп жүрміз пенсиясын жегенді.

Тәрбие жоқ талбесікten әлбетте,  
Үйренбеген имандағылық әдепке.  
Жүкті болу отырып ап оң жақта  
Қыздарымыз айналдырды әдетке.

Кездесуде қоғамымда жат адам,  
Бала тауып алып жүр-ау шатадан.  
Шаранасын лақтырып қоқысқа,  
Ар-ұяттан жүрдай болған қас надан.

Тағылыққа өкініп таң қаласың,  
Жануар да өлтірмейді баласын.  
Арамыздан алыштатып қуайық,  
Көзімізге көрсетпесін қарасын.

Ашық-тесік киінуді салт етті,  
Ұялу мен имену де қалт кетті.  
Омырауды, сирақ санды жасыру,  
Биязы боп қымсынуды жат етті.



Арыла алмай келеді жат қылықтан,  
Үлкендерді құрметтеуді ұмытқан.  
Арақ ішу, шылым тарту секілді  
Қашан, шіркін, құтыламыз былықтан.

Сақта құдай, мұндай қатыгездіктен,  
Имандылық қасіреттен бездірткен.  
Ата-баба аманатын аздырып,  
Қаншықтардың бұл қылығы – ездіктен.


Жаназа асты тойға үқсатып келеміз,  
Кит сияқты киім-кешек береміз.  
Ысырап қып, төгіп-шашип барыңды,  
Есерлерге еліктейміз, ереміз.

## **Мсакунемнің көріп едік талайын...**

Бұл жалғанда ағарғанша самайым,  
Маскунемнің көріп едік талайын,  
Тап мынандай азғынданып кеткендер  
Толтырды ғой жұртыймыздың маңайын.

Оразасын арақпенен ашады,  
Сұмырайдың сұрқы мұлдем қашады.  
Түрі адамға үқсаған мен қылығы,  
Маймылға тен, тіпті одан да асады.

Тәлтіректеп, басы оның айналып,  
Сөйлей алмай тілі қалған байланып.  
Бұл сорлының салбырайған қалпынан  
Жиіркенесің, қарай алмай жай налып.



Жанұяның жайында жоқ жұмысы,  
Ойламайды, тарылмайды тынысы.  
Ұят-ардан жүрдай болған болмысы –  
Елі-жұртты алдындағы қылмысы.

Санасы жоқ, малға сорлы ұқсайды,  
Азғынданып кеткенін ол ұқпайды.  
Жанашырдың ұрсып, ақыл айтқаны  
Жалмауыздың жан-тәніне жүқпайды.

Сезінбейді-ау арақ түпке жетер деп,  
Қайыршы бол, қаңғыбас бол кетем деп.  
Сайтан жеңіп, адамдықтан айрылып,  
Бұл дүниеге келіппін-ау бекер деп.

Ақ арақты емін-еркін еміп жүр,  
Құмарлықтың жетегіне еріп жүр.  
Адамшылық кейпін оңай жоғалтып,  
Ібілістің ерігіне беріп жүр.

## Жас аналар ойланындар біліндер

Шала қазақ аналар бар арада,  
Үлттық рух жоқ, эттең, шіркін, санада.  
Шүлдірлейді орысшылап, сайдайды,  
Не тәрбие берер олар балаға.

Тән орысша тәрбиесі алғаны,  
Қазақшадан мақрұм болып қалғаны.  
Салт-дәстүрден хабары жоқ байғұстың,  
Әрі-сәрі санасына салғаны.

Тиісті білімінің көлемі жоқ,  
Балаға беретүғын көмегі жоқ.  
Толыққанды тәрбие ала алмаса,  
Ондайдың келешекте көрері жоқ.

Осыларын біле ме екен өздері,  
Намыссыздық дегенінді көз көрді.  
Жас аналар!  
Ойланындар, біліндер,  
Өзгеріндер заман бүгін өзгерді.

Болашақтың иелерін елімнің,  
Ұлан байтақ ұлы даала жерімнің.  
Тәрбиесі саған бүгін жүктелді,  
Соған арна әр тамшысын терінің.


Ана деген қасиетті тұлғаның,  
Мойнында біл зор міндет тұрғанын.  
Лайық болмай ана деген атаққа;  
Мақрұм қалсаң құдай сені үрганын.

Қолында тұр жас үрпақтың тағдыры,  
Өсіретін өнегелі сан қырлы.  
Талпын, үйрен, ізден үстаз болуға  
Қонсын десең тәрбиенің бар сыры.

## Сен болмасаң

Сен болмасаң мен осылай жүрер ме ем?  
Көнілім тоқ бақытты өмір сүрер ме ем?  
Жан шуағың маған қуат бермесе,  
Осы жасқа келгенде мен түлер ме ем?

Сенің арқаң жүзім жарқын сергекпін,  
Арман қуып қиялымға ермекпін.



Өзің аған шабыт беріп келесің,  
Талай-талай жырларымды бермекпін.

Өзің келіп түтінімді түзедің,  
Көктем еттің курең тартқан күз едім.  
Жаңырттың сен тозаң басқан жанымды,  
Келешектен үмітімді үзбедім.

Сен болмасаң көңілімді кім табар,  
Сен болмасаң шөгірімді кім алар?  
Ұмытқанды, ұқпаганды түзетіп,  
Мезгілінде оны есіме кім салар?


Бүгін міне, қатарымнан қалмаймын,  
Қайраттымын, шаршамаймын, талмаймын.  
«Тәубе» деймін, Күннәрімнің жанында,  
Жайлыш жазда жаңа атқан таңдаймын.

## Тәрбие тал бесіктен

Тәрбие тал бесіктен дейді халық,  
Бұл сөздің ақиқаты айдай анық.  
Өмірдің өзі оны дәлелдеді,  
Шындығына өзіміз болдық қанық.

Тал бесікті бүгін кім тербетіп жур,  
Тербеткеннің, оу қандай келбеті тұр.  
Тілден, ділден, діннен де мақрұм ғой,  
Қазақи тәрбиеден кер кетіп жур.

Тіл шықса сәби бала мамалайды,  
Анашым дегенінді қаламайды.  
Әлди-әлди әнімен ұйықтамаған,  
Бесік жырын әнім деп санамайды.



Не жаңалық күтеміз бұл күтімнен,  
Не береді бұл ана ақ сүтімен.  
Жан азығын алмаса жүргімен  
Не күтеміз іш түтін, сырт бүтіннен.

Жас балапан үядан нені көрсе,  
Соны іледі биіктеп өрге өрсे.  
Жанына құнары мол дән егілсе,  
Шіркін-ау, сол өнімді елің терсे.

Жас ананы бүгіннен өсірейік,  
Имандылық жолына көшірейік,  
Не ексең соны орасың дейді халық,  
Олақтықты өмірден өшірейік.

### **Мінеки мен жетпіс алтыдамын**

Зымырап өтіп жатыр легі жастың,  
Мінеки жетпіс алты қырдан астым,  
Өзеннің ағынындаі аялдамай,  
Жетпіс жеті төріне аяқ бастым.

Шалмын деп несіне мен аптығамын,  
Әлі де бар салатын шаттық әнім,  
Қартайып қатарымнан қалғаным жоқ.  
Мұңайманымын таусылмай актық әнім.

Өтсе де жастық деген тәтті шағым,  
Жас та емес, кәрі де емес қалпындағын.  
Алдыңда асқаралы арманым көп,  
Қалайша мен шаршаймын шалдығамын.



Бір қараған адамға сыртым сұлу,  
Жарасқан сақалым бар мұртым сұлу.  
Әдег құрғыр қартайып қалмайды екен,  
Көз қадайсың жалт етсе сылқым сұлу.

Өмір кезі осы ма алды сағым,  
Қарттыққа несіне мен алдырамын.  
Талай-талай тыңдырар жоспарым бап,  
Игі істерді мұра қып қалдырамын.

Алла жазса сексенге жетсем деймін,  
Әлі де жемісті еңбек етсем деймін.  
Шаңырағым шайқалмай қайғы көрмей,  
Үрпағымның алдында өтсем деймін.


## Қызылжарым

Тарихтың тағдырласы Қызылжарым,  
Өткердің қылы-қылы, сынның бәрін.  
Дүниенің түрлі-түрлі дүрбеленін,  
Дүбірін ақтар менен қызылдардың.

Дәуірдің куәсі сен Қызылжарым,  
Биліктің көрдің алуан құзырларын.  
Құйтырқы саясаттың құрсауында  
Таныдық тағдырдың мол қыр-сырларын.

Жайлаған ерке Есілдің құзды жарын,  
Сүйікті әсем шаһар Қызылжарым.  
Өзінде, алтын ұям, қанаттанып,  
Ұшқан-ды ұлағатты үл-қыздарын.

«Қызылжар» деп Елбасы да айтады,  
Төл атауың қашан ғана қайтады.



Өзгертеік деген сыйыс естілсе,  
Өзгелердің ұстал жүр ғой сайтаны.

Қазағымның байырғы алтын бесігі,  
Солтустікте тұрған елдің есігі.  
Күн туар ма ардақталып айтылар  
Қызылжардың байырғы төл есімі?!

## Жемісті жиырма жыл

Жиырма жыл желбіреп тұр жалауымыз,  
Өркениет ел болу қалауымыз.  
Болжаған болашағым айқындалып,  
Құтты болды қарқынды қадамымыз.


Жиырма жылда халқымның бағы жанып,  
Дәрежемді дүние жүзі танып.  
Көшіміз көршілердіен көш ілгері,  
Жетістігім жемісті болғаны анық.

Сарыарқада сән түзеп Астанамыз,  
Күн санап гүлденуде бас қаламыз.  
Көркіне көрген адам таңдануда,  
Ақ ордам келбетіне шаттанамыз.

Жиырма жыл егеменді елімізге,  
Құт-береке орнады жерімізге.  
Халықтың игілігі алтын астық,  
Мұнай мен газ, көмір де, кеніміз де.

Жиырма жыл жарқырап жұлдызымыз,  
Аз емес біз игерген шың-құзымыз.  
Әлемге әйгілі етті елімізді,  
Өнерпаз ұлагатты ұл-қызымыз.

Нығаюда жарасқан бірлігіміз,  
Бірлігіміз жемісі- тірлігіміз.



Қазақстан – ерекше дамыған ел,  
Жер жүзіне танылды дүрлігіміз.

Қарышты қадам басып келеміз біз,  
Болашаққа нық, берік сенеміз біз.  
Нұрекен – Ел басымыз – кепіліміз,  
Күмәнсіз жетегіне ереміз біз.

2011 жыл.

## Әжелер угиверситеті

Әженің тәрбиесін көрген бала,  
Өмірде ешқешен да болмас шала.  
Әженің қасиетті құшағына,  
Беру кеорек сәбиді келсе шама.


Әже деген балабақша емеспе,  
Нағыз асқан тәрбиесі ерекше.  
Немеренің қылыштарын қылышты,  
Ету үшін сұрыптасты елекше.

Әжеміздің баууырында өстік біз,  
Өміршенді мектебінен өттік біз.  
Ешкінен де кем болмай-ақ өрбідік,  
Ел үшін деп маңдай терді төктік біз.

Әжелердің университетін өтпеген,  
Болмас, сірә, көгал болып көктеген.  
Әжелердің алақаны аялы,  
Құлпыртады, шұғыласы тең көктеммен.

Әже өсірген Абай менен Шоқанды,  
Ойланбай бер әжесіне ботанды.

2 белгілі



Абзал жан азамат ер болсын деп,  
Сүйетін де, қорғайтын да Отанды.

Әжелер де кейуанаға тең болсын,  
Жан дүниесі даламыздай кең болсын.  
Әжелердің шуағынан нәр алған  
Жас жеткіншек қай адамнан кем болсын.

2013 жыл.

## Нагашы жұрт


Қазағымның салт-дәстүрі тамаша,  
Бұған қай жұрт қояр еken таласа.  
Жалғыз мысал келтірейін дәлелге,  
Тыңдасанызы, көніліңіз қаласа.

Нагашыны екінші жұрт санайды,  
Сол жұрт қызы - анасынан тарайды.  
Нагашылар жиендерін қадірлеп,  
Ет жақыным, бауырым деп қарайды.

Ер көнілі құлазыса, жүдесе,  
Ауыр жағдай басқа түссе, үдесе,  
Нагашыға баратұғын дәстүр бар,  
Сырын-мұңын шағып қайтар, жүздесе.

Таршылықта тарыққанда балалар,  
Шауып барып нағашыны паналар.  
Нагашылар қамқоршылар жан-ашыр,  
Жөн сілтейтін ақыл берер даналар.

Нагашыға тартады еken адамдар,  
Нагашыға тартпайтын да адам бар.



Нагашыңың ұлағаты кем болса,  
Ата жұрты тарта ма деп алаңдар.

Нагашыны құрметтейік сыйлайық,  
Көңіл шырқын бұзуға еш қимайық.  
Жиендікті жалау етіп еркелеп,  
Қымбаттысын қалаймын деп қинайық.

Анау күні жиендікті жалау қып,  
Нагашыға барып қайттым калау қып.  
Орындасты тілегімді сөз айтпай,  
Бетті қағып көрсеткен жоқ қараулық.

Нагашылар аман болсын, бар болсын,  
Нагашысы жоқтар, оған зар болсын.  
Нагашы жүрт үрпақтармен қәбейіп,  
Әр біріне әр кез Аллам жар болсын.

1.03.2011 ж.

## Төркін

Төркін – қыздың туып өскен отаны,  
Оған ыстық аулының қотаны.  
Құбыларын сағынады бірге өскен,  
Әжелерді қамзол киген оқалы.

Қыз кетсе де белес асып белеске,  
Өз төркінің құрметтейді ерекше.  
Төркін қызды мәпелейді төр сыйлап,  
Еркелеген өз тумасы емес пе.

Қыздар бар-ау ізгілікті білмейтін,  
Ілтифатты санасына ілмейтін.



Биіктесе ірімін деп өз-өзін,  
Бауырына, туыстарға кірмейтін.

Бауырынан биік санау басқаны –  
Надандықпен шала асып-тасқаны.  
Кейуана көрініп жур жасанды,  
Тіреп өзі тұрғандай көк аспанды.

Байыған қызы өз тәркінін танымас,  
Бөтен жүртты жақын қылып жарымас.  
Сыйластардың бәрі де өтер ертең-ак,  
Туыстарың ниеті еш тарылmas


## Кеңпейілдік

Кеңпейілді көңілімнің кеңдігі,  
Мейірлігі пейілімнің теңдігі.  
Бар ма жоқ па тарылмайды ешқашан,  
Білінбейді артығы мен кемдігі.

Кеңпейілдің көңілі кең теңіздей,  
Ақ ниеті дарқандықпен егіздей.  
Сонғысымен бөліседі бөгелмей,  
Жақынбысың бөтенбісің дегізбей.

Кеңпейілге құдай өзі береді,  
Құт-береке соңына кеп ереді.  
Адами да имандылық парыздың  
Лайықты жемісін ол тереді,

Кеңпейілдік мінез қонсын әркімге,  
Шапагатын шашсын мына әр күнге.  
Тарылмасын пейіліміз кең болсын,  
Өмір сәнді тереземіз тең болсын.



## Отырғанда өткенімді ойға сап

Отырғанда өткенімді ойға сап,  
Көз алдында балалығым – балғын шак,  
Шыбықты ат қып, жарыстарда озғанда,  
Бәйге алғандай қуанасың, болып шат.

Асық ойнал, Ардақты ұтып алғанда,  
Ол жылайтын өзі ұтылып қалғанда.  
Кәмәл апай арашаға түсетін,  
Ұтыстарым шын ба әлде жалған ба.


Қани доспен ауылдың дәл сыртында,  
Асыр салып ескі қоныс жүртүнда.  
Көнің шаңын бүркүратып аспанға,  
Кір баспайтын жер қалмайтын шырқында.

Ұзақ күнге ойынға біз тоймаймыз,  
Ойынға сол шаршамаймыз, қоймаймыз.  
Ауыл іші түн жамылған шағында,  
Қыз-қырқын боп ақсүйекті ойнаймыз.

Келді суыт сүм соғыстың суығы,  
Шайқалды елдің шаңырағы, уығы.  
Қасірет тез балаларды есейтті,  
Ересек боп қатпаса да буыны.

Атқа міндік буын-буын сықырлап,  
Атжал салдық тырнауышпен шөп тырнап.  
Таң сәріден шырт үйқыда жатқанда,  
Бригадир оятатын тұр-тұрлап.

Ауылымса ерте барам, кеш барам,  
Барған сайын балалықты еске алам.



Балдан тәтті балғын шаққа не жетсін,  
Мұңайамын, ой кетеді жүз тарам.


Содан бері жылдар өтті зымырап,  
Өтіп өмір салаланып мың жырақ.  
Тағдыр тартқан тауқыметті өткердік,  
Егделендік, мың қуанып, мың жылап.

Балалықтың белестерін ақтардым,  
Тату-тәтті өткен өмір шақтарын.  
Әттең ғана мұңайамын, елжіреп,  
Қалыпты ғой азайып-ақ қатарым.

Бүгін мен де ақсақал боп қалыппын,  
Өткенімнің қыр-сырына қанықпын.  
Елу жылдай еңбек етіп еліме,  
Айқын, анық өз ізімді салыппын.

Мақтанайын мен бір бейне барыспын,  
Қылы-қылы қызындықпен алыштым.  
Ризамын жеңіс туын ұстадым,  
Қолым жетті жемісіне сан істің.

Енді арманым- қазына қарт болайын,  
Көрсем деймін қызықтардың талайын.  
Дихандықтан ақындыққа ауыстым,  
Шабыттанып шырайлы жыр жазайын.



## Мен әлі нықпыш

Менің әлі шаруага ебім бар,  
Әйелімнің күйбеніне себім бар.  
Қарт болсам да қамықпаймын, нығызыбын,  
Талай істі атқарапта сенім бар.

Көмір әкеп күл төгуте машықпышын,  
Қол қабысқа ынталымын, асықпышын.  
Байқап көрсем осы жылдар ішінде,  
Мындақ құшақ отынды мен тасыппын.

Аз емес іс қолымыздан келері:  
Қар күреудің болып алдым шебері,  
Орамымда тау-тау қылып үйемін,  
Мұның да көп денсаулыққа берері.

Көктем шыға қолға күрек аламын,  
Бау-бақшаны сапалы етіп қазамын.  
Күн жылынып, өз мезгілі жеткенде  
Көкөністің түр-түрінен саламын.

Аз үйиқтап ала таңнан тұрамын,  
Тап-таза қып арамшөпті жұламын.  
Жылы сумен себелетіп суарып,  
Қандырамын әр өсімдік сұрамын.

Қызыл-жасыл гүлге толы орамым,  
Күні бойы баптауменен боламын.  
Бұған қоса гүлдегенде ағаштар  
Хош иіске оранады торабым.

Осылайша сәнге бөлеп тұрақты,  
Өз қолыммен құрдым мына жұмақты.

250



Еңбегімді өзім еткен мадақтап,  
Жаздым осы жеті санды шумақты.

## Қарттарым

Қарттар елдің қазынасы, байлығы,  
Куантады әр заманға қалығы.  
Қайраттары құрыштайын шыныққан,  
Көрсө дағы талай қасірет қайғыны.


Қан майданда қанын төккен солар да,  
Жоғалтқанның орны ой-хой толар ма.  
Жеңімпаздар бейбіт өмір сыйлады,  
Зор құрметпен қараймыз біз оларға.

Ауру-сырқау кәрілікпен тең жүреді,  
Бойыңды жеңгеніне сендіреді.  
Қажымас қара нарым дегендердің  
Қатары күн-күн санап селдіреді.

Асықпаңдар, қарттарым, ана жаққа,  
Өкіметтің қамқоры өскен шақта.  
Қатарымның, төрімнің сәні болып,  
Жүріндерші алшаңдал алғы сапта.

Сендер барда жас болып жүреміз де,  
Қызмет қып етек-женде түреміз де.  
Жандарыңның шуағы жылытады,  
Алдарында шаттанып күлеміз де.

Орденъ, медаль төсіңнің сәні болып,  
Жеңіс жыры шырқайтын әнің болып.  
Жұптарың жазылмасын, сиремесін,  
Жеңіс тойын тойлай бер бәрің болып.



## Әй кәрілік, кәрілік

Ана күні барып қайттым ауылға,  
Сәлем беріп қайтайын деп қауымға.  
Ағайынды аралап бір шығайын,  
Көз жеткізіп қарттардың есен-сауына.


Аға-женғем қаусап мұлде қалыпты,  
Өндөрі оңып жудеп-жадап арыпты  
Әй кәрілік дегенінді қылыпсың,  
Міне, осыған көзім менің қанықты.

Кәрілік-ай, бастарына қоныпты,  
Жарқыраған жанарлары солыпты.  
Қазіргісін қазір ғана ұмытып,  
Бір айтқанды қайталайтын болыпты.

Женешемнің жоқ бұрынғы қалжыңы,  
Мендерген-ау кәріліктің салқыны.  
Кеше ғана әзіліміз жарасқан  
Қалай қиям деуге оны алжыды.

Ағам отыр бір уыс боп, шұқшиып,  
Бас салбырап қабактары түксіп,  
Оймен сырын ақтарғандай кейпі бар,  
Тұл бойына қайтып қалай тұр сиып.

Әй, кәрілік, қайырымсыз, қаталсың,  
Сені жеңу әр адамға қатал сын.  
Біреуге ақ боп, енді бірдің жауысың,  
Мейірімсіздік, жұтпен өзің қатарсың.



Болмау керек кәрілікке басты иіп,  
Не жетсінші, қарсы алғанға қасқып.  
Қартайдым деп іс-қимылды қалдырма,  
Женді түріп, белді буып тас-түйін.

1.03.2011 ж.

### **Ағайынның татулығын сақтайық**

Аруагыңнан айналайын агам-ау,  
Дәрісінді ойға сап, таң қалам-ау.  
Ағайынның татаулығын сақтайтын  
Сөздерінді әр кез еске алам-ау.

Жолдас-жоран, көршілер де төрең де,  
Олар сені бауырыңдай көре ме?!

Тату-тәтті қанша сыйлас болсаң та,  
Тұысыңдай бар-жоғынды бөле ме?

Тұысыңды өкпеге сен қисаң да,  
Қарым-қатынас, көрісуді тыйсаң да.  
Тұысыңды өлімге сен қимайсың,  
Реңішті қанша бойға жисаң да.

Кешірімді болу қажнет адамға,  
Өз тұысың жақсы ма, әлде жаман ба,  
Ойлайықшы-одан артық туысты,  
Қалай ғана, қайдан іздел табам да!

## Қос шөбере

Шөбере аталардың әз арманы,  
Шөберені бір сүйсек шөл қанғаны  
Шөберені асығып тосасың-ау,  
Шөбере өссе үрпағың жалғанғаны.

Шөберені әр ата көрмейді ғой,  
Көргендер жұмақ барып, төрлейді ғой.  
Ұлы ата болғаның бір ғанибет,  
Көңілін шың басына өрлейді ғой.


Құдай берген мінеки қос немере,  
Алып келді өзіме қос шөбере.  
Куанышым қойыныма сыймай отыр.  
Шыққандаймын биік арман төбеге.

Қос құлымым Дәмелі мен Қайсарайм,  
Өздерінді көруге мен аңсадым.  
Кеуде керіп иіскесем тоймаймын,  
Аймалауға ауып тұрад аңсарайм.

Өрімдей бол өсіп соңға ерсін деп,  
Ата жасын, өнегесін берсін деп,  
Ақ тілегім -адал адам болыңдар,  
«Аманаты атамыздың» дерсіндер.

2012 ж.

2 белгілі



## Бірлік

Қастерледік қасиетін бірліктің,  
Бірлік – берік іргетасы тірліктің.  
Бірлік пенен тірлік бірге біріксе,  
Туары анық ерекше, ерен ерліктің.

Ел бірлігі – бабалардың арманы,  
Кепілі ғой мақсаттардың алдағы.  
Бірлікті аңсап ақындар мен жыраулар  
Сан ғасырлар өлеңдерін арнады.


Бұғін біздің бірлігіміз жарасты,  
Болмысыммен бүкіл әлем санасты.  
Жиырма жылда зор жеңіске жетті ел,  
Өркенділер санатына таласты.

Бірлік қажет ағайынга, туысқа,  
Құнделікті іске, журіс-тұрысқа.  
Табыс, жеңіс, бақыт кілті қолында,  
Мақсат, ниет жиылса бір уысқа.

Бірлік деген қасиетті сақтайық,  
Бірлік үшін ұмтылысты жақтайық.  
Бірлік деген игі істің жемісін,  
Шабыт пенен ардақтайық, мақтайық.

## Парыз

Адам болып бүл өмірге келдің бе,  
Дүниенің есігінен ендің бе,  
Азды-көпті аларыңды алдың ба,  
Алғанға сай берерінді бердің бе?



Адам болып жарадың сен, жарқыным,  
Үктың ба екен өміріңің бар қырын.  
Пендерсің ғой түссө өзің басыңа  
Өткерерсің ыстығы мен салқынын.


Қағида бар ата салтта, ғұрыпта:  
Адамдықты, адалдықты ұлықта.  
Қайда, қандай іс тыңдырып жүрсөң де,  
Ел-жұртыңа парызыңды ұмытпа.

Ең әуелі парызың бар анаңа,  
Ақ сүтімен сезім құйған санаңа.  
Бұл әлемде тендерсі жоқ асылға,  
Ардақтыңа, асып тұған данаңа.

Парыздарсың есіміне бабаңың,  
Басыңды іи аруағына, қарағым.  
Ширек жерді жау қолына бермеген  
Мынау байтак, байлығы мол даламның.

Парыздарсың мәпелеген әкеңе,  
Аға, інің, қарындастың, әпкеңе.  
Тұған-туыс, көрші- қолаң бәріне,  
Парызың бар, біреуін де жат деме.

Өміріңе қерегінді алдың ба,  
Парызың зор қоғамыңың алдында.  
Отаныңа арналады қалдықсыз,  
Адал еңбек, намысың да, арың да.



## Мен құрметті азамат

Жетпіс жеті бір қуаныш әкелді,  
Айта алам ба алғаш алған әсерді.  
Әрине, ол көктен түсе қалған жоқ,  
Ұзақ жылғы еңбек бұны әперді.

Өз елінің құрметтісі болғаның,  
Шындалғаның, кемелденіп толғаның.  
Елу жылғы еккен егін жайқалып,  
Бүгін, міне, сол өнімді орғаным.


Азаматтың облыстың құрметті,  
Қуанышты хабар бір күн дүр етті.  
Тебірентпей, толқытпій жай қоя ма,  
Кенеттен кеп көңліме нұр септі.

Өмірінің мәресіне жетерде,  
Базарыңдан кейін қарай кетерде,  
Өзіміздей отқа, суға шыныққан,  
Адамдарды марапаттау бекер ме?!

Құрмет қымбат қара менен төреге,  
Үрпағыңа қалдыратын өнеге.  
Сенен кейін асыл мұра бол тұrap,  
Іліп қойсан төріндегі сөреге.

Мен құрметті азаматы елімнің,  
Гүлі екенмін қаным тамған жерімнің.  
Ақтағаны жан аямай қырманда,  
Ағыл-тегіл аққан менің терімнің.

Азаматы құрметті өңірімнің,  
– Атағым зор – табысы өмірімнің.



Елу жылғы еңбегімнің елеңіп,  
Шарықтаған сәті ғой көңілімнің.

Бұл – бір қымбат өмірімнің парагы,  
Үрпағыма мұра болып қалады.  
Парасатты тәрбиелік мәні зор,  
Болашақта жастар сабақ алады.

Бұл марапат – менің жиған байлығым,  
Тең келеді бүған, кәне, қай пұлның?!  
Өз еліңе адал еңбек сіңрсен,  
Қоғамыңың мүддесіне сайлышың.

Құрметтісі болу деген еліңің,  
Гүлі болу өзің туған жеріңің.  
Маған қымбат орден, медальдарыңнан,  
Аз-ақ биік атағы еңбек ерінің.

## Жетпіс алты

Жетпіс алты алқымнан алады екен,  
Әлсін-әлсін әлегін салады екен.  
Сырқырап буындары аяқ-қолдың,  
Қайысып бел омыртқаң талады екен.

Кәрілік қармағына іледі екен,  
Ұмытшақтық басыңа кіреді екен.  
Мақтап қойса марқайып жас баладай,  
Көңілі көлдей болып жүрді екен.

Босаңсып қалады екен құралың шың,  
Күн сайын азаяды сұранымың.  
Құйқылжыған құмарың солмаса да,  
Солғынданып сирейді жұмалығың.



Қолымнан келетіні – өлең жазам,  
Тым ұзақ жазбай қойсам кетер мазам.  
Көкейдегі күйімді ақтаруға,  
Жыр кенінің қазынасын терең қазам.

Қоғамда қатарымнан қалмай келем,  
Еліме жырларымды арнай берем.  
Өмірде өтіп жатқан өзгеріске,  
Үн қосып отыруға болам елең.


Жазғаным – үрпағыма өсиетім,  
Санасын жетілдіріп өсіретін.  
Қаламым мұқалмаса екен деймін,  
Жыр төгіл емін-еркін көслетін.

Кездер бар қүйіп-пісіп ашынатын,  
Кездер бар бұлтым тарап ашылатын.  
Кездер бар шабыт шалқып шалқардайын  
Жырларым шашу болып шашылатын.

## Бұрым

Тегілсе жас арудың қос бұрымы,  
Көзіме елестейді салт бұрынғы.  
Шолпысы сылдырлаған бел тұсында,  
Түсінсөң білдіргендей сан ұғымды.

Еліктеп әлде кімге шашты кестік,  
Сондықтан сұлулығы асты дестік.  
Сымпиган бас бейнесін көргендейсің  
Жал, қүйрығын күзеген дөнен, бестік.



Бұрымсыз сұлуларды көру қын,  
Жоғалтқандай өмірдің берген сиын.  
Қыздарды жас кезінен тәрбиелеп,  
Аналар шаш кесуге салсын тиым.

Сұлу құшу жігіттің арманы да,  
Арманына сай болса алғаны да.  
Алма мойын, қыпша бел сыландааса  
Сәйкес келер ержігіттің талғамына.

## Ризамың жазмышына Алланың


Қарап тұрсам 79 аз да емес,  
Көктем де емес, әрине, жаз да емес.  
Буын-буын әлсіреп, шамаң кеміп,  
Көңіл-күйің, қайтерсің мәз де емес.

Дәл осы күн дүниеге келіппін,  
Өмірімнің есігінен еніппін.  
Есімімді Болат атап қойғасын  
Мен осындағы құрыштайын берікпін.

Осы тұста біткенінді білерсің,  
Бүтінгідей болмысыңа күлерсің.  
Өткеніңе риза болып, «шүкір» деп.  
Алламыздан ақ өлімді тілерсің.

Күн-күн сайын кеміп жатыр халың да,  
Сөніп кетті бойындағы жалын да.  
Бар тілегім – аманшылық үрпаққа,  
Жан зайыбым болса еken жанымда.

2 ылғыл



Бар өмірді бір адамдай өткердім,  
Аман өттім талай өмір өткелін.  
Ризамын жазмышына Алланың,  
Қызықты да, шыбықты да көп көрдім.

Әттен ғана Жанатымның өлімі,  
Тым қысқа бол балапаным өмірі.  
Қартайғанда қайғы түсіп басыма  
Қан жылатып, құлдыратты көнілді.

Еңбек жолым диқанышыдан бастадым,  
Бір қызметтен көрген жоқпын жасқанып.  
Сатылармен биіктедім белеске,  
Ірі болып ешбір асып-таспадым.


Не атқардым деймін бүгін көлемді,  
Диқаншылық елу жылым еленді.  
Үлкен-кіші марапатқа ие бол,  
Өткен жолым қуанышқа бөлениді.

## Өтті ғұмыр

Өтті ғұмыр бір күндей-ақ зыр етіп,  
Айтарлықтай сағынышпен жыр етіп.  
Қалдық бүгін қажып, тозып, қуарып,  
Тұл бойымда сын қалса да сыр кетіп.

Жапырағың сарғайған соң соларсың,  
Жеңіл жеоге шайқалғандай боларсың.  
Бұрынғыдай гүлдемесің жайқалып,  
Қайтіп енді толықсырсың, толарсың.

Өтті дәурен түнгі көрген түсіңдей,  
Елестердің бәрін түгел түсінбей.



Толастаған тағдырыңа тоймайсың,  
Артында бір бітпей қалған ісіндей.

Өтер өмір сәулең сөніп, жалп етіп,  
Жиган, терген дүниенде сарп етіп,  
Өткеніңе қимастықпен қарайсың,  
Енді мұлде келмейтіндей жарқ етіп.

Өкінбеймін мен өткерген ісіме,  
Салмақты жүк болардай бір кісіге.  
Еселі еңбек жемісі мен жеңісі,  
Толқытады кейде кіріп түсіме.


Ағаш ектім, бала өсірдім, үй салдым,  
Аламанда қай тұлпардан кем қалдым.  
Ізім жатыр менің басқан қоғамда,  
Қындықты қайсарлық пен жеңе алдым.

Ұялмаймын үрпағымның алдында,  
Адал болдым, жамандық жоқ жадымда.  
Арттағылар айта жүрер әділін,  
Қоғамыма қарыздар бол қалдым ба?!

## Шамаңды біл

Шама деген адамның күш мөлшері,  
Анық-қанық мүмкіндіктің өлшемі.  
Әрбір адам шама-шарқын білген жөн,  
Орның тауып мына өткін көштегі.

Шамаңдан тыс ауыр жүкке жармаспа,  
Әлің жетпес әлділермен арбаспа.  
Қолдан келер тыңдыра біл ісінди,  
Әрбірінің жөн-жобасы әр басқа.



Іс атқарма ойланбастан ат үсті,  
Бұл сөз бүгін кәсіпкерге қатысты.  
Шаш етектен қарыздарға батасын,  
Қолыңа алсаң өз шамаңа жат істі.

Әлін білмей әлектенер жандар бар,  
Іс бастарда тамаша деп таңданар,  
Қоспақ түгіл қолда барын жоғалтып,  
Ақырында түгі қалмас майданар.


Шамаңды біл, тыраштанба, жарқыным,  
Абайла, істің не боларын артының.  
Қызып кетіп қармағына ілікпе,  
Тым құйтырқы құбылмалы нарқыңың.

## Алаяқтар, азғындар

Ардан безген алаяқтар, азғындар,  
Аюандықпен айла орын қаздындар  
Алдап, арбап, ақша тауып жүрсіндер,  
Адамшылық арды сатып, аздындар.

Арсыздарды қандай ана туды екен.  
Қайтіп қана таза сумен жуды екен.  
Адал сүтті емген болса жауыздар,  
Қалайша бұл жамандықты қуды екен.

Үятты жоқ құдай үрган үрі топ,  
Жүрдай болған, адамшылық құны жоқ.  
Кісі тонау өмірінің өзегі,  
Қара ниет мақсатының құлы бол.



Күнің түссін қылмысыңа өкінер,  
Өксіп-өксіп өз көрінде өкірер.  
Қарғыс атсын үрпағынды ұл-қызды,  
Жиіркенішті өмір берсін өткізер.

Алғандарың ас болмасын, у болсын,  
Бастарында таусылмайтын шу болсын.  
Шаңырактарың сағат сайын шайқалып,  
Ішкендерің қан аралас су болсын.


### **Қария бол, қалаулы қазына бол**

Қартайғанда азаяр миың дағы,  
Бірте-бірте кемиді сиың дағы.  
Қатарларың өткен соң бүл өмірден  
Селдірейді ортақтас жиын дағы.

Біреулерге ақсақал қадірлісің,  
Байыпты, байсалдысың, сабырлысың.  
Көп жасаған, көп көрген, көпті түйген,  
Қажымас, қайраттысың қажырлысың.

Біреулер шал деп сені кем көреді,  
Қыржиған қарт қайыңға тең көреді.  
Жарылған мұздай көшіп ағатүғын,  
Өзен бойлап кететін сең көреді.

Біреулерге қазымыр мылжындаіссың,  
Кәрімен де жаспен де қылжындаіссың.  
Айтқан сенің ақлың ұнамайды,  
Тыңдаушы жоқ бекерге ызындаіссың.



\*\*\*

Қария бол қалаулы қазына бол,  
Ұргағыңың өзінен алары мол.  
Араласпай жастардың арасына  
Жайлап қана жаасты көрсетіп жол.

## Сақаулар бар қалада


Ана тілді шұбарлаған шалагай,  
Тілі жаңа шыққан сәби баладай.  
Шүлдірлеген шіркіндерге не дерсің,  
Жүргендерге жетік тілді қаламай.

Шенеуніктер сөйлемесе қазақ боп,  
Біле ме еken жүргендерін мазақ боп.  
Қайран менің баба тілім қор болған,  
Күн туар ма сақаулардан азат боп.

«Н» орнына «Н» айтып сөйлейді,  
Алдындағы жазуды да көрмейді.  
Былшылдаса басшылардың өздері  
Ана тілім қашан, қалай өрлейді?!

Жүрт алдында ыңыранып ыңқылдал,  
Сөзін дұрыс айта алмайтын мыңқылдал,  
«Шешендерге» қанша уақыт берілер  
Еркін сайрап кету үшін сұңқылдал.

Сақауларды, шолжындарды айырып,  
Қызыметтен күу керек қайырып.  
Мемлекеттік тілді алсын менгеріп,  
Шала-шұбар сөйлеуінен айығып.



Азаяр ма сақаулардың қатары,  
Осы қайғы қабырғаңа батады.  
Айқын, ертең егеменді еліме  
Ана тілдің ақ таңының атары.

## Өтті ғұмыр

Өтті ғұмыр бір күндей-ақ зыр етіп,  
Айтарлықтай сағынышпен жыр етіп.  
Қалдық бүгін қажып, тозып, қуарып,  
Тұл бойымда сын қалса да сыр кетіп.


Жапырағың сарғайған соң соларсың,  
Женіл желге шайқалғандай боларсың.  
Бұрынғыдай гүлдемейсің жайқалып,  
Қайтіп енді толықсырсың, толарсың.

Өтті дәурен тұнгі көрген түсіндей,  
Елестердің бәрін түгел түсінбей.  
Толастаған тағдырыңа тоймайсың,  
Артында бір бітпей қалған ісіндей.

Өтер өмір сәулең сөніп, жалп етіп,  
Жиған, терген дүниенде сарп етіп,  
Өткеніңе қимастықлен қарайсың,  
Енді мұлде келмейтіндей жарқ етіп.

Өкінбеймін мен өткерген ісіме,  
Салмақты жүк болардай бір кісіге.  
Еселі еңбек жемісі мен жеңісі,  
Толқытады кейде кіріп түсіме.

250



Ағаш ектім, бала өсірдім, үй салдым,  
Аламанда қай тұлпардан кем қалдым.  
Ізім жатыр менің басқан қоғамда,  
Қызындықты қайсарлық пен жеңе алдым.

Ұялмаймын үрпағымның алдында,  
Адал болдым, жамандық жоқ жадымда.  
Арттағылар айта жүрер әділін,  
Қоғамыма қарыздар боп қалдым ба?!

## Ауыр сөз

Ауыр сөз адам жанын жарапайды,  
Ұыты ұзақ уақыт тарамайды.  
Жүрекке тыртық салып, сырқыратып,  
Тұл бойынды тынымсыз арапайды.


Ашумен ұғысады қаламайды,  
Бір-біріне жағады қара майды.  
Өкпенді қый ағайын арасында  
Кикілжінің кіруі жарамайды.



## Қайран әкем

(әкем Мағаздың туганына 110 жыл)

Қайран әкем, қыршыныңнан қылдың,  
Бастан кешіп ауқыметтің қынын,  
Қырық бесінде өмірменен қоштасып,  
Көре алмай бетін тағдыр сыйының.



Сеніп едің большевиктік кеңеске,  
Көтеруге ұжымшарды белеске,  
Еңбегінді «зор бағалап» жауыздар,  
Халық жауы еткен солар емес пе.


Пайда болып «үштік» деген пәлекет,  
Жасау үшін қасіретті әрекет.  
Сол нәубеттің құрбаны бол жазықсыз,  
Айталмадым өз әкеме «Әке!» деп.

Ризамын өмір бердің сен маган,  
Бұл әлемде жоқ қой саған тең адам.  
Қолдан келген іс-шараны жасаймын,  
Өтеу үшін борышымды мен саған.

Есімдері мәңгі есте қалуға,  
Аруақтарды келіп еске алуға,  
Аянбадым, ат салыстым бас болып,  
Құрбандарға ескерткішті салуға.

Қызылдармен келген заман кер болды,  
Ел көргені қасірет болды, шер болды,  
Осы ескерткіш тұрғызылған бұл алаң,  
Бұдан былай қасиетті жер болды.

Өзім, әке, шынығумен ер жеттім,  
Анам барда, айтпады ешкім деп жетім,  
Аруағыңа бас иемін құрметтеп,  
Аяладың, ебеп-жебеп ер еттің.



## Ең кішкентай немерем

Ең кішкентай немерем Батырханым,  
Сен туғанда, бақытқа батты жаным,  
Куанышым қойныма сыймай кетті,  
Тағы да бір арайлы атты таңым,

Толып туган түлегім ай шырайлы,  
Бет бейнесі өзімнен айнымайды.

Қалайша еміренбей тұра алайын,  
Кім сезбес жүрек жарды мына жайды.

Сыйы ғой өзіме деп берген Аллам,  
Ризамын сендерге де келін, балам.  
Дәл бүгін менен асқан кім бақытты!  
Өзеуреп, іскеуге қолға аlam.

Аймалап, сүйіп алдым шөтейінен,  
Бөпем-ау садағаң боп кетейін мен,  
Қолынан қарт атаңың не келеді,  
Құлыным, құлың болып өтейін мен.

Көруге сені күнім, айым менің,  
Күткенмін қарсы алуға дайын едім.  
Сүйсініп, саған арнап жазармын-ау,  
Жырымды келгенінше жайым менің.

Өсе бер, еркін елдің ертеңгі ерім,  
Құлпырып, гүлдендіріп қазақ жерін,  
Үлтүмның тілегі бол, тірегі бол,  
Өркендең өсу үшін азат елің.

## Тұсіністік

Тұсіністік – татулықтың кепілі,  
Тұсіністік қосар бірге екіні  
Күйбеленғмен көңіл сүйп кеткенде  
Талайлардың аралары бекіді.

Тұсіністік тату еткен талайды,  
Татулықтың туы іспеттес санайды,  
Тұсіністік тұн тұндігін тұреді,  
Аялаумен атар таңы арайлы.

Тұсініксіз махаббат та сөнеді,  
Берік деген достығың да өледі.  
Тұсіністік тыңғылықты тұрганда,  
Иглікті істерің де өнеді.

Тұсіністік байыпсызыға қонбайды,  
Оны әрқашан төзімділік қолдайды.  
Әпер бақан тайыздыққа жол берсөң,  
Ауыз бірлік, сенімділік болмайды.

Тұсіністік – жетістіктің тетігі,  
Мұны ұғар адамдардың жетігі,  
Тұсіністік құт береке әкелер,  
Толып тұрар өмірдің кем-кетігі.

Тұсіністік ынтымаққа жеткізер,  
Тығырықтан аман-есен өткізер,  
Ризығыңды ризашылық байытып,  
Азды көп қып берекелі еткізер.



## Жанұяның беріктігі қолында


Тағдыр қосты сыңарымен таңдаған,  
Ақыл көркін алғашқыда аңдаған  
Ынтымақ пен төзімділік таусылмас,  
Қос жүректі бір-бірімен жалғаған.

Махабbat қой махабатпен қосылған,  
Беріктігі жанұяның осыдан.  
Сүттей үйіп, толықсыған қосақты,  
Келсе дағы бір кесепат тосыннан,

Біріктірер өзара нық сыйластық,  
Сенімсіздік, арамдыққа қыймастық,  
Ақ тілекті адалдықпен жарасып,  
Өсек-аяң, бүтін сөзді жыймастық.

Көніліңе кіrbің келсе, өй десіп,  
Үйлесіңдер ашық-ашып сөйлесіп,  
Ұлықтық пен ұғысқанға не жетсін,  
Бір-біріне тоқтау айтып, қой десіп.

Қасқағымдай қысқа ғұмыр өтеді,  
Күйбеленімен байқатпай-ақ кетеді,  
Өз қимасын сыйлаған жан-жарыңмен,  
Жарасымды өмірге не жетеді.



## Қиялға батып

Ой кенішін қазамын,  
Теремін бәрін тазаның.  
Толғанып, толқып отырып,  
Жыр жолдарын жазамын.

Ой кетсе быт-шыт таралып,  
Шабыттан нәзік нәр алып,  
Жинасам бәрін арнаға,  
Жатады жырлар жаралып.

Шабыт кейде қара бұлт,  
Аспаннан түн боп төнеді,  
Қара жер бетін көл қызып,  
Төпелеп нұрын төгеді.

Шабыт кейде шөл болып,  
Жер бетін желмен кептірер,  
Құрдымға кетіп жыр деген,  
Мазанды мүлде кетірер.

Жыр – сапалы дәнге үқсас,  
Біркелкі өсіп, көктейді,  
Сапасыз болса дән тұтас,  
Шығымды болып өспейді.

Ақын үқсас диқанға,  
Егін егер жаһанда,  
Марқайып қалар масайрап,  
Өнімін күзде жиғанда.

Жүгіндей ауыр түйенің,  
Ойымды буып, түйемін.  
Қиялға батып, баптанып,  
Жыр жазуды сүйемін.



## Өмірге тоймайтын бір пендеміз-ау

Жетпіс сегіз аз емес ғұмыр екен,  
Алады тозып тұрған тұғыр секем.  
Керген, білген бәрі де сия берер  
Шынында адам басы жұмыр екен.


Кәрілік тоздырады, аздырады,  
Азапты белуардан қаздырады.  
Кейінгіге мирас қып қалдыруды  
Мақсат етіп еріксіз жаздырады.

Жыл болды жұмалықтан айрылғалы,  
Жалынып сұрасам да қайырылмады.  
Қимасты қиса дағы қауқарың жоқ,  
Көңіліңе қуатынды сай қылмады.

Жаудырап қарай берер көзің қалды,  
Майы тамған, сайраган сөзің қалды.  
Жігерің құм болады, амалың не,  
Уатар өзінді-өзің төзім қалды.

Бұл адам жастығынды қимайды екен,  
Кәрілік кімнің басын сипайды екен.  
Жанды күтіп отыру керек дейді,  
Бірақ, ішке мұң-қайғы сыймайды екен.

Талай тәтті сәттерден кендеңіз-ау,  
Көңіл сергек, әйтеуір, қеудеміз сау.  
Откен-кеткен ойынды мазалайды,  
Өмірге тоймайтын бір пендеміз-ау.



## Мәрияшты еске алып

Қырық жыл тастап артыма жыр жазамын,  
Таусылмасын білдім де мұн, азаның.  
Қабыргамды тастаған қайыстырып,  
Ұға алмадым мән-жайын бұл қазаның.

Сол жылы отыз төртке келіп едің,  
Сонынан ерке болып еріп едің,  
Жасынан құмар болып, құлай сүйіп,  
Махаббат бар ыстығын беріп едің.


Өлімің өзім үшін жұмбақ болды,  
Тұл бойым қасірет пен мұнға толды.  
Артыңа үш сәбиді тастап кетіп,  
Неліктен бақылықта тынбақ болдың.

Биыл сен жетпіс беске келер едің,  
Жан жылуын ұрпаққа берер едің,  
Қызықтың арасында жүрер едің.  
Үш немере және үш шөберенің.

Үш балам анасы боп есте қалдың,  
Айтартыз талайларын есте бардың.  
Алғашқы жұбайым ең, сүйіп алған,  
Толықсып бүгін сені еске салдым.

Ойға алып өткен жайды қырық жыл бұрын,  
Жадымда жатыр әлі қайғы-мұңым.  
Реніштің реңі елестеді,  
Алғаш рет жаздым бұл жүрек сырын.

2 белгілі



Нұрға толсын, Мәрияш, жатқан жерін,  
Аруағың шат болсын – менің дерім.  
Разы бол қабірінде бір аунап тұс,  
Тарқады менің дағы мұң мен шерім.

## Шіркін, ана жүрегі

Алғаш ана болғанда,  
Бақыт құсы қонғанда.  
Қуанышқа толғанда,  
Елжірер ана жүрегі.


Бір ер жастан асқанда,  
Сәбіі тәй-тәй басқанда.  
Көнілі ұшып аспанға,  
Толқиды ана жүрегі.

Болашақ мектеп түлегі,  
Сабаққа барып жүреді,  
Гүл-гүл жайнап, құледі,  
Қуанар ана жүрегі.

Есейіп ер жеткенде,  
Алыстап үйден кеткенде,  
Сағыныш сезім сепкенде,  
Лепірер ана жүрегі.

Теңін тауып үйленсе,  
Асығар немере сүйгенше,  
Әжелікке үйренсе,  
Қайтер-ау ана жүрегі

Өз балаң өсіл-өнгенше,  
Немерең өзің өлгенше.



Махаббатың өзгеше  
Деп соғар ана жүрегі.

Шіркін ана жүрегі,  
Алып та дана жүрегі.  
Нұрын сеуіп тұрады,  
Әрдайым бала тірегі.

## ЫҚЫЛАС


Ықылас – сана-сезім жемісі ғой,  
Ықылас талабыңың женісі ғой.  
Ықылас адам жанын алға бастар,  
Ықылас ынтаның бір желісі ғой.

Ықылас пен ынтымақ егіз ұғым,  
Екеуі бір-біріне еретүғын.  
Екеуі – жақсылықтың шарапаты,  
Құт береке өмірге беретүғын.

Ықылас-қалас деген бірлік басы,  
Татулықтың қаланған ірге тасы.  
«Бірлік бар да – тірлік бар» қағидасын  
Туы етсін елімнің кәрі-жасы.

## Құнығу

Құнығу құрып кеткір заман дерті,  
Жалмауыз жанды жегір адам дерті.  
Байлыққа басын тігіп құрбан болар,  
Бүгінгі мансаптылар қасіреті.



Құнығу – құлқындының құнсыздығы,  
Қылығына қалт етпес сынсыздығы.  
Қампиган қалтасына қанағатсыз,  
Арманы – көзсіз баю, мұңсыздығы.

Құнығу құрығына түскендерді,  
Құрдымға кетіреді ісмендерді.  
Көріп жүрміз байлығын көтере алмай,  
Қоқып, көкіректе наң піскендерді.


Құнығу түсіреді теріс жолға,  
Апарады алуға арам олжа.  
Үрліқпен алыс-беріс іске кірсек,  
Өкінішті боларсың түсіп қолға.

Құнығуга әуес қой жоғары сап,  
Жылпости жемқорлыққа соғары хак.  
Адал жолдан ауытқып кеткендері,  
Құқық қорғау жолына болады тап.

Өсіп кетті өмірдің бұл шатағы,  
Іріленді жемқорлардың қатары.  
Ой, масқар-ай, көзге түсті үрілар  
Тым жоғары шеніменен атағы.

Бұл не болды! Әкімдер де үрлайды,  
Тере болса-ақ үрлай алмай түрмайды.  
Үріларға генералдар қосылды,  
Ер намысын, ел намысын қорлайды.  
Басшы ездер талап жатса қазынаны,  
Мемлекеттің мүддесін кім қорғайды?!

Оу, не дерсің құныққандар көбейді,  
Мақсат еткен толтыруды көмейді.  
Қолы жетсе байлығына халықтың,  
Миллиондап, миллиардтап көсейді.



Қанағат қасиетін сақтау керек,  
Адам деген атақты сақтау керек.  
Таза жүріп табысқа разы болып,  
Адалдықты арынды сақтау керек.

## Тәуекел


«Тәуекел тұбі желқайық,  
Мінерсің де өтерсің»  
Тәуекел десең әр істің  
Женсіне жетерсің.

Тәуекел- иғі тілегің,  
Күш алар мықты тірегің.  
Тәуекел алғай сүйрейді,  
Батыл да болар жүргегің.

Тәуекелге сенбесең,  
Нық шешімге келмесең,  
Асуладардан аспас ең,  
Қындықты жеңбес ең.

Тәуекел, жігер бересің, –  
Өз күшіңе сенесің,  
Тайсақсымай тартынбай,  
Жасқанышты жеңесің.

Әрбір ізгі, тың істі,  
Тәуекел деп бастайық.  
Мол етіп тапқан кіресті,  
Қанағат дейік аспайық.



## Жүректі жарып шыққан жырым еді

Сексеннің сенгірінің етегінде,  
Сұмырай кәріліктің жетегінде,  
Жүрмін-ау тіршіліктің тәлкегінде,  
Тенселіп, тәлтіректеп өтемін де.

Өмірдің өткелдері терендейді,  
Жасымда терендейгі еленбеді.  
Еңбекпен алғаным көп азсынбаймын,  
Қайтейін, қара терді төгем бе енді?!


Таң атса, күн батуға асықпайды,  
Арман-қиял елес бол алыстайды.  
Қартайғанда қайғы ойлап қажисын-ау,  
Тұла бойды кернейді тасып қайғы.

Кейде осылай күйзелем ойлар басып,  
Кейде кетем қайғырып, шектен асып.  
Қайсар едім, қайратты жас кезімнен,  
Қайраймын өз-өзімді, кетпей жасып.

Сөкпегін, сөгілген бұл сырым еді,  
Жүректі жарып шыққан жырым еді.  
Кездескен қыындыққа берілмейтін,  
Қайыспайтын, сынбайтын қырым еді.



З БӨЛІМ



## Ақсақалдар

Ақсақалдар ежелден ел қаймағы,  
Құрметтеп, сыйлап өткен ел аймағы.  
Әр ігі істі басқарған, ақылшы бол,  
Елді ертіп өткөрген жол тайғағын.


Ақсақал отырғанда тойдың сәні,  
Ақсақалмен тарқайды сөздің мәні.  
Салт-дәстүр жаңа ғана жандануда,  
Ат салысар аталар алда бәрі.

Байлығым – қазыналы қариялар,  
Оларда ақыл деген дария бар.  
Сол дария елімнің ырызығы,  
Әр шаңырақ басына кеп үялар.

Ақсақалды әрдайым сыйлау керек,  
Көңілін қаялыққа қимау керек.  
Өмірден шеттеп қағыс қалмасын деп,  
Бастарын жиі қосып жинау керек.

Ақсақал саған да ата, маған да ата,  
Жалғыз қап жалықласын жата-жата.  
«Батамен ел көгерер» деген сөз бар,  
Қадірле, қонағың қыл, берсін бата.

Қанша журер дейсіндер ақсақалдар,  
Азайып бара жатыр ақ шаш шалдар.  
Қазымырлық танытса кәрілікпен,  
Құдай қашан алады деп қақсамандар.



## Сермұхаммет – ер тұлға

Кер заманның кесапаты келгенде,  
Айдаһар бол ел ішіне енгенде,  
Зұлматына ілінбекен қалмады  
Қасірет шекпей қазағымда еш пенде.

Кеңес келіп кеңірдектен алғанда,  
Ортамызда ойран-топыр салғанда,  
Өкіметі өз халқына озбыр бол,  
Зомбылықты көрсөтті жоқ жалғанда.

Бай-манапты қанауышылар табы деп,  
Арыстарды өз халқының жауы деп,  
Жер аударды Каспий теңіз жағына,  
Қоғамға олар тым сенімсіз қауым деп.

Жазықсыздан жала жауып қайдағы,  
Ит жеккенге біраздарын айдады.  
Абактыда атты адал жандарды,  
Міне, осы зұлымдықтың айғағы.

Бейбіт өмір сүрген әulet-әuletпен,  
Барымызға шүкіршілік тәубе еткен.  
Коммунизм құрам деген кеңестен,  
Көз ашпадық талай-талай наубеттен.

Жерімізге зұлмат дәнін септі ғой,  
Қыргын көздеп улы өсімдік екті ғой.  
Бір-біріне айдал салып адамды,  
Шаңырағымнан құт-береке кетті ғой.

“Джаміт”

Қауіп төніп, қайран қазақ састы ғой  
Ұжымдастық науқанынан қашты ғой.  
Елін тастап, жерін тастап дүрлігіп,  
Жұздел, мыңдал щекарадан асты ғой.

Қашқын болып бөтен жерді аралап,  
Күнкөріске Ресей жерін жағалап.  
Өмір үшін өлімменен шайқасып,  
Қалды емес пе атақты «Ішті» паналап.


Тектен-текке мақтамаймын өзімді,  
Біздің қазақ қыындыққа тәзімді.  
Үрпақтарын сақтап қалған ерлікпен,  
Дәлелдейді мына жазған сөзімді.

Бүгін, міне, Егеменді ел болдық,  
Кей іргелі елдерменен тең болдық.  
Жиырма жылда озып, өрлең, өркендең,  
Көршілерге қол жеткізег бел болдық.

Арттағылар санатынан кеткенбіз,  
Озық елу ел шебіне жеткенбіз.  
Алды алдыңғы отыздықтың ішіне,  
Кіреміз деп ұлы мақсат еткенбіз.

Мақсатымыз қиял емес дәлелді,  
Қадамымыз таңдандырды әлемді.  
Тәубе-тәубе қарқынның қарымды,  
Ұзақ тастап айналамда әр елді.

Жарқырады Отанымның ажары,  
Бүгін үлгі Қазақстан ғажабы.  
Әлі талай бар жаһанға көрсетер,  
Женістерін түркілердің қазағы.



Орындалды бабалардың тілегі,  
Жылжып-есіп елім жылы лебі.  
Бейбіт өмір бір шаңырак астында,  
Бір қосылып жұз отыз үлт білегі.  
Мызғымайтын достық пенен келісім,  
Болашақтың бұлжымайтын тірегі.

Қуанышты жақсылықтың нышаны,  
Қандастарға жайылды ел құшағы.  
Оралмандар оралуда Отанға,  
Толастамай тасымалдар ұшағы.

Қандастарым жүздеп, мыңдал көшуде,  
Көші-қонның қатарлары өсуде.  
Сан көбейіп, қуат – күшім нығайды,  
Қызыл көздер қызғанышы өсуде.


\*\*\*

Оралмандар отта-суда шыныққан,  
Шетте жүріп өмір сырын нық ұққан.  
Еңбек қана жанұяның азығы,  
Қол еңбекке үрпағымен құныққан.

Соның бірі Орал деген оралман,  
Ой түйінде Отанына оралған.  
Еті тірі, сүйегі асыл азамат,  
Ата-баба мұрасынан қор алған.

Тоқсаныншы тығырық жыл басында,  
Үй-орманы, бала-шага қасында,  
Тәуекел деп қоныстанды Бескөлде,  
Өзі болса зейнеткерлік жасында.

Өмір бойы еңбегімен көз ашқан,  
Еңбегімен өміріне нұр шашқан.  
Жана елде, жаңа өмір күтіп тұр,  
Нені қолға алсам дейді шу бастан.



Сермұхамбет ұлы оның тірегі,  
Осы жігіт үміті де тілегі.  
Еңбек сүйгіш қағидада өскең ол,  
Сайма-сай да ақылына білегі.

Өз кәсібін бензин сатып бастаған,  
Ойланыпты оңтайлы іс басқадан.  
Көрді енді жаңа жоспар жобалап,  
Кірісті іске ашпаған-ды басқа адам.


Өнірімнің баға жетпес байлығы,  
Аққайындар болар іске жайлышы.  
Тәуекел деп қолға алды қамданып,  
Керек енді құрал-сайман сайлығы.

Талапқа сай шеберхана салынды,  
Станоктар шет елдерден алынды.  
Шығып жатыр құралдар мен жиһаздар,  
Қанағат қып тұтынушы қауымды.

Жабдықтар бар ағаш өнім өндірер,  
Кесіндіні керегіне көндірер.  
Неше түрлі шығарады заттарды,  
Ағаш өндеу шеберлері жөн білер.

Тауарларын тұтынады шет жерде,  
Жоспар да бар шығаратын шет елге.  
Бір тамаша бұтақтар мен ұлпалар,  
Пайдаланбай қалмайды екен бекерге.

Сермаганбет еңбек жолы – ізденіс,  
Жаңа өмірдің талабынша ізгілік.  
Бір жаңалық енгізуғе ұтымды,  
Шығаратын ұнтақтардан отынды.



Бүкіл елге танымал ол кәсіпкер,  
Өз ісінде білікті ол әдіскер  
Нығыз ұққан заманының бағытын,  
Нұрлы жолмен келе жатқан тән іскер.

Сұранысқа сай шығатын бұйымдар,  
Ағаш заттан түйілетін түйіндер.  
Сұранысқа бүгін ие болып тұр,  
Алып жатыр адамдар, көп ұйымдар.


Жұмыскерге барлық жағдай жасалған,  
Еңбекте жай, үйде тұрмыс жақсарған.  
Замануй өндірістің ошағы,  
Үлгілі іскер Сермұхаммет басқарған.

Тұрғын үйлер салыпты ол жүрттына,  
Ылайықтап бүгінгінің ғүрпіна.  
Ыстық, суық су мен жылу тартылған,  
Көз сүрінер іші менен сыртына.

Жұмысшылар тынығатын баспана,  
Тағы да бар тамақтанар асқана.  
Бүгін барлық мәселелер шешілген,  
Болар демей кейін, жата-жастана.

Жол салуда нарығыңа баратын,  
Тауарларын бәсекеге салатын.  
Замануй талаптарға сай болып,  
Дәрежелі табыс көзін табатын.

Серіктестік шаруа құрған қосалқы,  
Қой мен жылқы, қара мал бар қосалқы.  
Картоп пенен көкөніс те салады,  
Өздеріне қажетті өнім алады.



Айта берсең бір жақалық тағы бар,  
Тал өсірер шағын тәлім бағы бар.  
Жайқалады қайың менен қарағай,  
Керек десең тағы-тағы тағылар.

Парасатты қолға алған ісіне,  
Ол сенімді кәсіпкерлік күшіне.  
Шаруақорлық, біржактылық онда жок,  
Әлеуметтік жұрт парызын түсіне.


Сермұхаммет – қалаулысы халықтың,  
Қамқоршысы жетім-жесір ғаріптің.  
Еңбегінде ерен ерлік көрсетіп,  
Өмірінің қасиеттерін танытты.

Жақсының жақсы ісін айт сырын ашып,  
Жүргенін айналаға нұрын шашып.  
Кем-кетікпен қарттарға көмегі көп,  
Жатпаса да байлығы асып-тасып.

Сендей болсын қазагымның ұлдары,  
Рухани бай істері бар сындарлы.  
Алға бассын еліңе еткен еңбегің,  
Өріне өрле кәсіпкерлік шындардың.

Тал бесіктен тәрбие алған ұлықты,  
Жақсы-жақсы қасиеттер жұғыпты.  
Парыздарын ата-ананың алдында,  
Өтеу абзал екендігін ұғыпты.

Әке бірде отырды ойға шомып,  
Көкейінде ақтарар сырға толып.  
Балам, тыңда бері кеп құлағың сал.  
Айтарым бар өзіңе әкең болып,



Қажылыққа бару еді арманым,  
Біл, қарағым орындалмай қалғанын.  
Алда-жалда өтіп кетсем өмірден,  
Дұрыс болар, ұлым, сенің барғаның.

Асықпа әке, әлі өмір сүресің,  
Ұзак жылдар арамызда жүресің.  
Қажылыққа апарамын арқалап,  
Толығады өмірдегі үлесің.


Толқыды әке баласының сөзіне,  
Тебіреніп жас та келді көзіне.  
Ризамын ниетіңе, құлыным,  
Күш қосылар қуат бердің өзіме.

Кешіктірмей бастап кетті сапарды,  
Әкежанын қажылыққа апарды.  
Әке арманын бұлжытпай-ақ орындал,  
Сәкен солай зор парызын атқарды.

Бұл өнеге кез-келген әр кісіге,  
Сүйінердей парасатты ісіне.  
Имандылқ ишараты емес пе,  
Үлгі болар үлкенге де, кішіге.

Ораза ұстап намаз оқып келеді,  
Зекет, пітір садақасын береді.  
Үлкен-кіші қажылығын атқарды,  
Құран-кәрім, хадиске нық сенеді.

Бөтен жанның ала жібін аттамай,  
Біреулерді тектен-текке даттамай.  
Еш адамға жасамаған жамандық,  
Көрген емес жақсылықты актамай.



Ақ жарқын күлімдеген жұзі райлы,  
Атжақты, қырмұрынды, кең маңдайлы.  
Келбеті нағыз ердің сипатындай,  
Сөйлесе ақтарады ой шұрайлы.

Кең пейіл мейірбанды, қолы ашық,  
Байсалды көрген емес асып-сасып.  
Алыс-жақын демейді жетпегенге,  
Әрқашанда қол ұшын беруге ашық.

Сермұхаммет – қазағымның тұмасы,  
Заманының лайықты тұлғасы.  
Алға басып, өрлеп тұрган кәсібі –  
Егеменді еліміздің құрдасы.


Өсе берсін өнерпаздар қатары,  
Оң болсыншы жастарымның сапары.  
Осыларда Отанымның тағдыры,  
Биіктесін қазақ елі асқары.

\*\*\*

Жастарға үлгі еңбектегі ерлігі,  
Іскерлігі нағыз ерлік дерлігі.  
Азаматтар бәрі осылай болса егер,  
Өркендейді еліміздің елдігі.

Сәкендерге дағдарыс кесел емес,  
Еңбек жолын еш нәрсе кесер емес.  
Еңбек бәрін жеңеді деген нақыл  
Тектен-текке айттылу бекер емес.

Дағдарыс, дағдарыс деп айтамыз көп,  
Түсіне алмай дағдарыс мәніне дөп.  
Ісінді дағдарысқа сәйкестемей,  
Қол қусырып отырсаң өзінді сөк.



Дағдарысты жеңіуге еңбек керек,  
Жай емес жеміс берер еңбек дерек.  
Жақсы, жаман болуың өз қолыңда,  
Үққайсың, бәріне де еңбек себеп.


Жұмыс жоқ деп салынба жалқаулыққа,  
Ауырлықты аударып ақжаулыққа.  
Бар пәлеге өкімет кінәлі деп,  
Қол қусырма салынып аңқаулыққа.

Білгейсің, қимылдаса екі қолың,  
Аузың да қимылдайды болып жолың.  
Түс аузыма деп жатсаң ұзак қүнге,  
Дағдарыстан дал болар өзің сорың.

Дағдарыстың талайын жеңіп өттік,  
Ол үшін құлшыныспен терді төктік.  
Біз қазақпаз төзімді тығырыққа  
Сындырмаған сын салған аштық, жоқтық.

Бұл дағдарыс біздерге тағы бір сын,  
Бірақ ол ала алмайтын емес құз, шың.  
«Нұрлы жол» бар бастайтын болашаққа,  
Нық басып бұлышынғырдан шығамыз тың.


2015 жыл



## Ұлан нағыз инженер

Өңірде бар Бостандық деген ауылы,  
Болған еді қасиетті қауымы.  
Талай мықты азаматтар болған-ды,  
Басталғанша Отан соғысы дауылы.

3 белгілі



Осы елде тұрды Қажен Сүгіров,  
Аңыз бар да: «Жүретінді жүгіріп».  
Еті тірі пысық болған шамасы  
Барлық ісін тыңдыратын үлгіріп.

Жеті жылдық мектепті ол басқарды,  
Білім беріп тәрбиелеп жастарды.  
Болашағын Отанымның қайратты,  
Қамал бұзар, қопарар тау мен тастарды.

Қан майданға кетті Қажен аға да,  
Аттанғандар қатарынан қала ма.  
Арта қалды оның сүйген жары да,  
Жаңа туған ұлы Ұлан бала да.

Қамқоршылар: Ұланның жас анасы,  
Қаженге іні – Зейнолладай ағасы.  
Өсірді олар еркелетіп, мәпелеп,  
Өздері үшін көздің ақ пен қарасы.

Мектепте Ұлан өте үздік оқыды,  
Оқығанын санасына тоқыды.  
Жайшылықта тынышсыздау болса да,  
Әр сабакты үқыпты үғып отырды.

Болашағы санасына қонды да,  
Тани бастап нақ солды да, онды да.  
Инженерлік мамандықты алуға,  
Аттанды ол «Сибака»ға Омбыда.

Дипломын алды міне, қолына,  
Түсті нағыз инженерлік жолына.  
Мамандықтың қырын-сырын таныды,  
Тәжкібесі жыл-жыл сайын толыға.



Тыңда өтті жалындаған жастығы,  
Болған емес тың төсінің аз сыны.  
Ұлесіне разы болып жүреді,  
Мақтанышы – тыңда өсірген астығы.

«Инженер» сөз – ойшыл деген түсінік,  
Әркім мұны үқпайды еken түсініп.  
Біздің Ұлан нағыз ойшыл инженер,  
Бірақ өзі көрген емес күлпсініп.

Өңірімде инженер көп, білемін,  
Өте сирек түргендері білегін.  
Білімі зор, білігі мол, еңбеккор  
Мақтайды ел Ұландардай түлегін.

Техниканың жетік білер мән-жайын,  
Зерттеп жүрер тетіктерін әрдайым.  
Түрлі-түрлі жаңалықтар енгізді,  
Жақсартуға дихандардың жағдайын.

Төрт жыл бірге бір кеңшарда істедік,  
Терді төгіп ат үстінен түспедік.  
Жұмыстарды жеңілтуге жол бердік,  
Механика ұлесіне үстемдік.

Сонда білдім Ұланның мол өнерін,  
Өнеріне әр курделі іс көнерін.  
Ауыл үшін жарапған ер өзі деп,  
Аянбай-ақ маңдай терін төгерін.

Елу жылдай еңбектенді беріле,  
Өзі туған, өзі сүйген еліне.  
Зейнетінде дем алған жоқ көсіле,  
Егін егіп өзі игерген жеріне.

Ұлан –тұлға қажымайтын, талмайтын,  
Шаршамайтын шекім тыным алмайтын.  
Жаңалықты барлаушыдай іздейтін,  
Алға тартар ауқымды істен қалмайтын.

Өнірдегі оң істерді саралап,  
Біліктілік сын көзімен бағалап,  
Оңтайлы іске өз ілесін қосуға  
Жүреді ол елді-мекен аралап.


Мысалы, айтсақ елге әкелген кешегі,  
Шетелдердің себу ірі кешені,  
Кіші-гірім шаруаларға тым қымбат,  
Байғұстардың қабыспайды есебі.

Ұлан талты buquerque кіші балама,  
Өнімі сай шағын-шағын далага.  
Қожалықтар істеріне жаратты  
Лайықты қолжетімді бағага.

Еңбеккөр жан биіктерді жеңбей ме,  
Жауалты істі қас маманға сенбей ме,  
Шаруашылық бір саласын менгерді,  
Кезінде ол облыстық деңгейде.

Өмірімнің туы нағыз адалдық,  
Оның жауы – жалқаулық пен надандық.  
Ол жетпісті жағалатып жүрсе де,  
Ойы терең, бойы сергек, қадам нық.

Ұланның бар саналы өткен өмірі,  
Тыңда туған Тимирязев өнірі.  
Қызылжарда болса дағы тұрагы,  
Сол ауданға ауа берер көңілі.



Осы ауданның «Құрметті азаматы».  
Беріліпті Ұланға зор маралаты  
Орден, медаль бұған еш тең келмейді,  
Бұл да бір Отанымның шарапаты.

Бұл атақ – Ұланның зор еңбегі – ғой,  
Кез келген қындықты жеңгені ғой.  
Елінің адал, абзal өз ұлына,  
Шұрайлы шарапатты бергені ғой.

Есімі үрпақтарға мәлім болар,  
Үлгі алар тәрбие мен тәлім болар.  
Тұлғасы ұлағатты Ұландардың,  
Тарихтың беттерінің сыны болар


## Алжир

Алжир деген кер заманның тамығы,  
Талайлардың жанын-тәнін қарыды.  
75 жыл тарихы бар тажалдың,  
Бүгін ғана актарылды тарихы.

16 жыл нәзік жандар мекені,  
Мекен емес зынданмен тең екені.  
Жазықсыздан бейкүнә сол адамдар,  
Қорлық, зорлық, қайғы-қасірет шеккені.

Күтын-сүргін құрбандырың жарлары,  
Итшілікпен артта қалып зарлады.  
Қындыққа төзе білген арулар,  
Сынған емес адал ұстап пәк арды.

3 белгілі



Бұл тамықта болды аналар мындаған,  
Сталиннің зұлматына сынбаған.  
Әрқайсысы батырлыққа ылайық,  
Қамаудағы қайғы қасірет шындаған.

Құрбан болған асыл, абзал ерлердің,  
Айдаудағы әйелдері әр елдің,  
Қамаудағы мал секілді сорланар,  
Тұтқындары болды осы тар жердің.


Қарағанды ГУЛАГ-нің бөлімі,  
Мұнда шыққан зарлағандар төл үні.  
Аштықпенен ауыр жұмыс қинаған,  
Талайлардың келді аңы өлімі.

Тым азапты тіршілікten жабайы,  
Өмірменен қоштасты-ау талайы.  
Қыста өлген әйелдердің мәйіті,  
Сақталатын орны – лагерь сарайы.

Бір мың жарым нәрестенің отаны,  
Туған жері осы лагерь қотаны.  
Көпшілігі сәбілердің мерт болды,  
Аштық, сұық жалмады да, отады.

Таратылды тірі қалған балалар,  
Қайда кетті біле алмаған аналар.  
Уақыт озып бостандыққа шыққанда,  
Байғұс ана қай түкпірден таба алар.

Қамыс жағып жылта алмайды баракты,  
Беріп түрған ит жемейтін тамақты.  
«Шықпа жаным, шықпа» деген күн кешіп,  
Тоз-тоз болған киімдерін жамапты.



Тағдырының тауқыметін көп көрген,  
Жан түршігер зұлымдықты өткерген.  
Құрбандардың қаны менен көз жасын  
Тарих берген білдік шерлі беттерден.

Мұртты «кесем» өлді, «Алжир» жабылды,  
Өлгендер мен жоғалғандар табылды.  
Мұражай тұр құрбандарды еске алар,  
Бүгінгі үрпақ көруге оған сабылды.

Көріп журміз зор қабырға тұрғанын,  
Есімі бар сан мындаған құрбанның.  
Тарихта бұл мәңгіліктे тұрады,  
Ескерткіші болып әрбір тұлғаның.

Алжирдегі әрбір асыл ананың,  
Өткергенін қас ерлікке баладым.  
Есмідерін есте мәңгі сақтайық,  
Құрбандарын сонау зұлмат заманның.

2012 жыл

Бұғінгі өмірде өкінішке орай орын алып отырған келеңсіз жәйіттердің күесі болып жүрген соң өз көзқарасымды сын жолдармен білдіремін. Сын түзелмей, мін түзелмейді деген қагиданы ескеріп, оқырман қауымға пайдалы әсер етеріне сенемін және НұрОтан партиясының қабылдаған Доктринасындағы мақсаттардың орындалу жолындағы іс-шаралармен үндес келетіні сөзсіз.

Көкіректе кептелген шерімді ақтарып, жұртыммен сырласуды жөн көрдім.

Сынымды сөкпегейсің, санаңмен ұғарсың.


## **Коррупция**

Коррупция етек жайып кетті ғой,  
Өсіп, өрлең дәл шыңына жетті ғой.  
Осы сұмдық бар қоғымға жайылып,  
Жазылмайтын жан-жарасы етті ғой.

Қызметке тек алу үшін барады,  
Бара сала сұғанақ бол алады.  
Алмауына ырқы жоқ қой байғустың,  
Жоғары жақ зілді салық салады.

Коррупция кеңінен кеп тарады,  
Айырмайды төре менен қараны.  
Жоғарғы жақ шулап жатыр даурығып,  
Қандай қаулы іске асуға жарады.

Байып жүр ғой қызыл-жасыл жағалар,  
Солар, әне, үш қабатты там салар.  
Қандай ғана табысына жылпостар  
Жол таңдамас жалт-жұлт еткен «Джип»алар.



Мынау қайдан қелді дейтін сұрау жок,  
Жан алқымға-ап құйрықтарын бұрау жок.  
Көрушілер көрсоқып бол кеткен бе,  
Алушы да, беруші де тұр-ау тоқ.

Қырағылық көрсетсе әділ қазылар,  
Қылмыстыға өз көрін қаздырар.  
Жемқорлықтан қоғамымыз тазарып,  
Бұл жайылған жарасынан жазылар.

Қанағат қасиетін сақтау керек,  
Адам деген атақты ақтау керек.  
Таза жүріп табысқа разы болып,  
Адалдықты арыңды сатпау керек.

### **Біздің қазақ жетімінен жерімен**

Қашан қазақ жетімінен жеріген,  
Алшақтатып өзі тұған жерінен.  
Қалай ғана айырады сәбиді  
Бауырлардан, жұртыменен елінен.

Осы күні тірі жетім көбейді,  
Ар-намысқа таңба түсті демейді.  
Аналар бар азғындыққа салынған  
Ішімдіктен құрғата алмай көмейді.

Қыздар да бар отырып – ап он жақта,  
Жүкті болу үят емес бейбаққа.  
Баға алмай бала тапқан қанышықтың  
Айтшы, жүзі қара емей, аппақ па!

3  
Балық

Кемімей тұр жетімдердің қатары,  
Тастандылар көбісінің атағы.  
Өсе келе ата-анасын іздейді,  
Таба алмаса сәби жанға батады.

Жетімдердің тағдыр басын сорлаған,  
Туыс, бауыр жетімдікten қорғаған.  
Ата-анасыз қалса егер үл мен қыз,  
Зар жылатып, жатқа беру болмаған.


Бабаларым жетімхана дегенді,  
Жетімдердің ашы дәмін жегенді,  
Әлмисақтан білмеген де көрмеген,  
Әрқашанда жетімдерді жебеді.

## Бір қалыптылық

Қалған сөз көп бабалардан, асылдан,  
Қалыптасып, төселген сан ғасырдан.  
Мінез-құлық, сана-сезім, қасиет  
Қалыптасар сәби бала жасынан.

Бір қалыпты бола білу – құндылық,  
Сақтай білсөң, керней әркез құбылып.  
Өмірдегі өзгерісті өңгеріп,  
Сынбау керек, сүрініп те жығылып.

Бай болсаң да, кедей, жарлы болсаң да,  
Мейлі төре, тақ басына қонсаң да.  
Бір қалыпты қалу, шіркін, абзал ау,  
Қайғы-қасірет мендең әбден солсаң да.



Егде тартып, қарт болсаң шаш ағарып,  
Көпті көріп, қайтса дағы базарың.  
Құлдырама, тұғырыңды түсіріп,  
Жарқырай біл, жан-тәніңмен тазарып.

Ер жігітке мінездеме бергенде,  
Бір адамды жақтауға сәт келгенде,  
Бірқалыпты қасиетін атайды,  
Сыйпаттауға тұрарлық әр пендеге.

Өмір деген өткел, биік белес қой,  
Тар жол, тайғақ кешуменен теңес қой.  
Қала беру бірқалыпты қалпында  
Біле білсен, саған оңай емес қой.

## Жалт еттің де өте шықтың, Маралым

Жұртыймыздың болдың силы Маралы,  
Сен бақылық, біздің күндер қаралы.  
Жалт еттің де өте шықтың, қарағым,  
Жанымызға салып ауыр жараны.

Үлкенді де, кішіні де сыйлайтын,  
Сыр жоқ еді тұл бойыңа сыймайтын.  
Әттең, әттең қысқа болды ғұмырың,  
Жан едің сен сүм ажалға қимайтын.

Көргеніңнен көрерің көп еді ғой,  
Өте ерте ажал саған келді ғой.  
Отбасының уайымы мен қайғысы,  
Жаныңды өртеп, жегідейін жеді ғой.

Байсалды едің, сары алтындаі сабырың,  
Соедықтан да асып еді қадірің.  
Жаңың сенің болсын дейміз жұмақта,  
Нұрга толсын мәңгі мекен қабірің.

## **Кешегі еңбеккерлер қалыс қалды**


Сауыншы ұзақ күнге еңбек етті,  
Жұмыстан кеш оралып ерте кетті.  
Ауыр жұмыс атқарды әйел жаны,  
Боқ-сідіктің арасы түпке жетті.

Аяқ-қол буындары сырқырайды,  
Әжім-әкім қартайтқан бет-шырайды.  
Бел бүкшиіп, аяғын әрең басқан  
Бұл қалай деп байғустан кім сұрайды.

Бүгінде осыларға тұрмыс қыын,  
Зейнетақы бүйірған тебен-тиын.  
Ескі-құсқы үстінде киғен киім,  
Үй-ішінде ұсқынсыз жиһаз, бүйым.

Тракторшы май-май бол, күндіз-түні,  
Құлағында шуылдал мотор үні.  
Отыз-қырық жыл қырманмен тағдырласқан,  
Ісіне сай емес-ті еңбек құны.

Еңбекте қайратымен жасымаған,  
Осылар халқымызды асыраған.  
Ақ жаулықты аналар, ақсақалдар,  
Ауылда әр зейнеткер асыл маған.



Кешегі еңбеккерлер қалыс қалды,  
Қамқорлық құрметінен алыс қалды.  
Зейнетакы жетпейді күнкөріске,  
Ардагерде енді не табыс қалды!

Үкіметке кез жетті аялайтын,  
Бұл жандардан құрметті аямайтын.  
Еліміз байыды деп қол соғамыз,  
Не пәле қарттарына қарамайтын.

Шенділерге биліктер басындағы,  
Төрелер Ел басының қасындағы!  
Ұақыт жетті көз салар ауылдағы,  
Адамдарға зейнеткер жасындағы.


## Киелі берік

Бәйкен ағам асында беріп еді,  
Тәберікке таратқан берік еді.  
Тастамай киілп журмін қадір тұтып,  
Басымның жарасымды көрігі еді.

Бір күні көк тайғақта құлап тұстім,  
Гұрс етіп шалқамнан кеп сұлап тұстім.  
Осы берік сақтады бір қатерден,  
Басыма тарс еткізіп соққан күшті.

Басымда болғаннан соң осы берік,  
Жарады қолданысқа аса берік.  
Бәйкен аға аруағы қасиетті,  
Шалағаты тиді-ау болып серік.

3 белгілі



Сол сәтте өзім тірі қалар ма едім,  
Болмаса мол жарақат алар ма едім.  
Әуелі Алла, сосынғы аруағың,  
Өзінді перштеге санар едім.

Осы бөрік- киелі киім екен,  
Қорғаным, қасиетті бұйым екен.  
Мына бір жәйттеп соң ойға келдім,  
Құдайдың маған берген сиы ма екен.

Айналдым аруағыңданabyз аға,  
Құрметтісі елінің жетпес баға.  
Бақылықта жүрсөң де қамқоршысын,  
Фәнидегі болмыстай болып дана.


## Жарыста

Жарыста жанды біздің жұлдызымыз,  
Сан қылы бағындырған шың-құзымыз.  
Лондонда жеңіс туы желбіреді  
Бес алтын алқа алып үл-қызымыз.

Көрсеткен толағайлар ерлігіне,  
Егеменді елімнің елдігіне.  
Біз түгіл әлем түгел дүр сілкінді,  
Зор қуаныш жұртыма келді міне.

Винокуров алтынға ізін салды,  
Іле алтынды Зүлфия қызым алды.  
Мая менен Света жұлдегерлер,  
Екеуі қос алтынды тізіп алды.

Илья дара тұлға ердің ері,  
Әлемнің екі дүркін жұлдегері.



Олимпия төріне жету үшін  
Ақталды төрт жыл бойы тәккен тери.

Сайысты толағайлар арасында,  
Күш сынасып Лондон қаласында.  
Ең ауыр штанганы бағындырып,  
Бас жүлдені жеңді ол ара сында.

Еш кетпес Ильяның ер еңбегі –  
Жаңарды екі рекорд әлемдегі –  
Екі мәрте олимпия чемпионы,  
Ерлігі – ел мерейі әр женғені.

Көк аспанда көк туым қалықтады,  
Жер жүзіне даңқымыз шарықтады.  
Толағайлар толассыз топ жарады,  
Алда да алтын алқа алып тағы.


2012 жыл

## Бокс – біздің брендіміз секілді

Бокс деген өмірдегі керім іс,  
Бокс деген мен сүйеттің көрініс.  
Қызықтайық тамашалап шайқаста,  
Үйқынды қи, бізben бірге көріңіз.

Бокс – біздің брендіміз секілді,  
Жыл-жыл сайын өрлең, өсіп жетілді.  
Халықаралық сайыстарда дүрілдеп,  
Басқалардың мазаларын кетірді.

3 балл



Көк туымыз көтеріліп аспанға,  
Сарбаздардың шеберлігі асқанға.  
Қуанамыз «Тек алға!» деп жастарға –  
«Қарсыласты бет қаратпа жасқанба».

Тарихта қол жетпеген женісіміз,  
Тәүелсіздік тергізген жемісіміз.  
Рухымыздың өскені, өрлегені,  
Мәңгілік ескерткішке тең ісіміз.


Бес құрлықтан қолқаптың шеберлері,  
Сайысатрдың атақты ерендері,  
Әлемдік чемпионатқа жиналыпты,  
Менен мықты жоқ мұнда дегендері.

Қазақтың қасиетті топырағы,  
Торқалы тойды әр кез толтырады.  
Жер жүзі жайсандарын жиып алып,  
Іс-шаралар өткізіп отырады.

Жиналды жүз он елдің дүлділдері,  
Додалардың тек өңшең жүлдегері.  
Он сарбазын қосты әне қазақ елі,  
Сүрінбей сыннан өткен ердің ери.

Шаршы алаңда қазақтың таңы атты,  
Жүйріктердің бағы асты, бабы шапты.  
Серіз жігіт сабалап қарсыласын,  
Теңселгені теңселіп, құлап жатты.

Алты азамат алтынға таласқанда,  
«Жауының» атағымен санасқан ба.  
Қарсыластың әр-бірін шаң қалтырып,  
Шарықтады алтаудың бағы аспанға.



Алты алтын, екеуден күміс, қола,  
Марапатқа байыдық қоржын тола.  
«Қазақстан тек алға» – ұранымыз,  
Бұл жеңіс болашаққа жақсы жора.

Ел басы осында отыр көңілі толып,  
Жігіттер қимылына риза болып.  
Әр жеңіске тәбесі кекке тиіп,  
Куанышпен құлімдеп қолын соғып.


Жұзден жүйрік шығып біз, оздық бүгін,  
Арқалап жеңімпаздың нұрлы жүгін.  
Кек туым қалықтады кек аспанда,  
Әнұранның әлемге жайып үнін.

Біздің Гена мақтанарлық батыр ғой,  
Кездескендер таяқ жейтін пақыр ғой.  
Мен «Қазақын» деп әлемге жар салып,  
Намыс отын бермей келе жатыр ғой.

Головкинге риза ғой қалайық,  
Женіліс жоқ сұлатып жүр талайын.  
Геннадийдің тәбелесін бүгінгі  
Көру үшін оң жайланаң алайық.

Әне Гена сабалайды, үрады,  
Қарсыласы тәлтіректеп тұрады.  
Көзді ашып-жүмғандай-ақ бір сәтте,  
Ана байғұс құлады да сұлады.

Осы жылда тәртінші рет кездесті,  
Қарсыласы Стивенспен жүздесті.  
Сырттай бөсіп, мақтаныпты байғұсың,  
«Өлтіріпті табытқа сап күндесті»



Гена оны әкесіне танытты,  
Елестетіл көзіне нақ табытты.  
Шаршы алаңға шыққан беттен төпелеп,  
Үрган сайын шарықтатты шабытты.

Қызып жүріп әр бұрышқа қамайды,  
Бүрістіріп бет қаратпай сабайды.  
Балкерлері ақ орамал тастады,  
Міне, мұны өлімге тең санайды.


Жиырма сегіз қарсыласын түгендеп,  
Құрық салып тастағанын жүгендеп.  
«Келесіде кездесетін кім екен»  
Бабымдамын келсін, күтіп жүрем деп.

Супер боксер атаңды біздің батыр,  
Бұл батырды бар әлем танып жатыр.  
Жасай бер, жарқырай бер Генадиім,  
Қарсылстың әрдайым шаңын қаптыр.

Лондонда Сапиевтің бағы жанды,  
Серік батыр жігерлі қызу қанды.  
Шаршы алаңда соңғы рет кездесуде,  
Кубалық қарсыласы естен танды.

Соққысынан талайы аласүрды,  
Жерлестердің жеңісін жалғастырды.  
Қоқырайып, жеңем деп келгендерді,  
Төмпештеп естерінен адастырды.

Олимпиада чемпионы Сапиевты,  
Әлемде атағы зор тән сүйікті.  
Баркердің кубогына ие болған,  
Кім сүймейді батырды ақынты.



Бокстағы жеңістер табыс болды,  
Қазақ елі әлемге таныс болды.  
Спортта алдыңғы елдер қатарында,  
Бізге жету көбіне алыс болды.

## Балапаным Батырханым


Балапаным, Батырханым,  
Балаусам да, балдырганым.  
Әкең тыныш емделсін деп,  
Дұрыс болды алдырганым.

Неге жаным, жылап тұрсын,  
Көзің жасын бұлап тұрсың.  
Дала сүйк сыртқа шығып,  
Қыдым деп сұрап тұрсың.

Анашыңды сағынасын,  
Барамын деп жалынасын.  
Мында қалу керек бол тұр,  
Қажеттікке бағынасын.

Ертең әкең тәуір болар,  
Бастарыңа бақыт қонар.  
Жұздерінде күлкі ойнап,  
Жанұяға қуаныш толар.

Ержеткенде, балапаным,  
Жарқыраған атып таңың.  
Ұмытпағын бір кез күткен,  
Гуля апаңың алақанын.



## Жазылмас жан жарасы


Жиырмасыншы ғасыр сыры сан қилы,  
Бір өзіне талай-талай лаң сыйды.  
Ел басына түсті ауыр қасырет,  
Жау атанаң асылдарым жан қиды.

Бізге келген сүм тағдырдың нәубеті,  
Өзімізді-өзімізге жау етті.  
Қайран халқым қанды қара жамылды,  
Қырды-жойды сан мындаған әuletті.

Кез келгенге тауып пәле жабылды,  
Жапондардың жансыздары табылды.  
Төре демей, қара демей бәрінің,  
Беттеріне қара қүйе жағылды.

Жау іздеген жауыздар ел торлады,  
Ұстағанды жансызың деп қорлады.  
Толтыруға жоғарының жоспарын,  
«Кеңес жауы» едім деуге зорлады.

Тергеушілер түрлі амал қолданды,  
Үрды, соқты, көз қызырып долданды.  
Үйқы бермей күндіз-түні тепкілеп,  
Дегенине көнбей қарсы болғанды.



## Ата-анаңды аялай аласың ба?

Анаңның ақ сүтін ақтадың ба?  
Ақылын сананда сақтадың ба?  
Аяулы анаңды аялап,  
Балалық парызды атқардың ба?


Айттың ба асылым, анашым, деп  
Жадымда мәңгілік қаласың деп,  
Жаныңың жалынды мейрінмен,  
Күн сайын қымбат боп барасың деп.

Көрсетіп жұрсің бе сый -құрмет,  
Айттың ба қолымда тұр, жұр деп,  
Қажыға апарып келем деп,  
Не тілек айтсаң да берем деп.

Әкеңнің махаббат сезімін,  
Жүргегі елжіреп езілген,  
Сананда сақтаулы жатыр ма?  
Сүйгенің сәбілік кезіңнің.

Аяла қамқоршы әкеңді,  
Тапқанын өзіңе әкелді.  
Мәпелеп, өсіріл, жеткізіп,  
Жаныңа жарынды әперді.

Кылған жоқ құрбыңнан кем қылып.  
Өсірді жайсаңмен тең қылып.  
Ренжітпе әкеңді ешқашан,  
Көрсетпе қисынсыз сен қылық.




Қадірле анаңды, әкенді,  
Сені олар өмірге әкелді.  
Қолыңнан келерді аяма,  
Қамқоршы бола біл әсерлі.

## Асыл-абзал құрбылар

Студенттік асыл-абзал құрбылар  
Қызығы мол өтті жылдар жыр қылар.  
Сибакада\* алдық білім, тәрбие  
Бойға сінді өмірдегі құндылар.


Бүгін, міне, егде тартты жасымыз,  
Не көрмеді қырау шалған басымыз.  
Шың басынан құлдилады тәменге  
Бір кездегі өрге өрлеген тасымыз.

Елуінші жылдардың сұлулары,  
Қайтпаған жүргегінің жылулары.  
Бір кезде арман болған жігіттерге  
Көктемдей көнілдерін бұрулары.



Мына Алтынға жігіт көп ед көз тігер,  
Тұл бойында бұрқыраған күш-жігір.  
Еңбегімен ғалым болды білікті,  
Аграрлық салада ол текті тер.

Қабирамыз шығыстың тән түлегі,  
Аузын ашса көрінеді жүргегі.  
Әзіл айтсан аңқылдайды балаша,  
Саңқылдайды, күледі де жүреді.



Бұл екі қыз дінге бетін бұрыпты,  
Қолына алып имандылық ғұрыпты.  
Ақ жауалықты әже болып өздері,  
Берік сақтап байрғы әдет ғұрыпты.

Жамалды да біз жүруші ек женгелеп,  
Қайны болып маңайында дөңгелеп.  
Бұйырмады Мерген атты ағама,  
Төтіп жатыр ғұмыр бейне дөңгелек.

Отыр міне Хайрош қажы арада,  
Қосағынан қалғандайын далада.  
Мына үш қызға көңілді сал саралап,  
Болып қалар Мәшекерге балама.

Бірәзіміз жұбайлардан айрылдық,  
Әйелден де ерге қыын жалғыздық.  
Ебін тауып жүрегіне қол салсаң,  
Мүмкін бірі кетер құрық салғызып.

Ойын арзан дейді гой күлкі қымбат,  
Отырмын гой әзілмен байқап, ымдал.  
Өкпелеуші болмаңдар құрбыларым,  
Ойын-шыны аралас сөзді тыңдап.

Ғазекене ризамын басты қосқан,  
Алдымызға адал дәм, асты тосқан.  
Бір жасадық бүгінгі қауышқаннан,  
Бұл жақсы іс келеді сендей достан.

Көп жасасын Құлбарам, асыл жарың,  
Кездесуге сыйлықтың беріп бәрін.  
Жарқырап жүре бергін қосақталып,  
Айықсын, аулақ тастап ауруларын.

Кім білсін алда өмір көп пе, аз ба,  
Кездесер аязды қыс, жасыл жаз да.  
Не берсөн де, құдайым, бейнет берме,  
Қартайғанда батардай балшық сазға.

Сау болайық ендігі көріскенше,  
Ойын қалжың, әзілмен бөліскенше,  
Құшақтасып, сүйісіп, еміреніп,  
Қуанғаннан көз жасты төгіскенше.


Сау болындар қадірлі қимастарым,  
Бір анадан тұғандай сыйластарым.  
Алыс-жақын жүрсек те анда-санда,  
Кездесуге уақытты қи, достарым.

*Сибака – Сибир Академиясы*  
*1.12.2013 ж.*

### **Бибізара – мейірбанды ана еді (Бибізара Сыздыққызына)**

Бибізара – мейірбанды ана еді,  
Тұмысынан ерекше бір дана еді.  
Қарапайым жанұяда жаралған  
Тұла бойы толған ақыл-сана еді.

Жетімдерге қамқоршы бір жан еді,  
Көмек, қолдау өмірінің заңы еді.  
Өзіндегі жеті бала болса да  
Өзгелерге қолын созу қамы еді.



Бибізара – Тереза ана секілді,  
Қамқорында талай кемдер жетілді.  
Көңілі кең, жаны жарқын, жайдары,  
Әлпештеген әлде неше жетімді.

Қолындағы барыменен бөлісті,  
Кемтарлардың болмысына болысты.  
Ұлағатты ұрпағына өнеге  
Білер бәрі Ана атқарған оң істі.

## Бостандық ауылшының 80-жылдығына


Ізетпен бас иемін ауылымға,  
Қадірлі ата жүртym қауымына!  
Жиналған 80 жылдық мерейтойға  
Мәуелі ну орманың бауырына.

Армысың құрмет тұтар қонақтарым,  
Келіпсіздер қошаметтеп қолдан бәрің.  
Еске алып ел ғұмырын 80 жылғы  
Тарихтың атқарайық параптаратын.

Алты ауыл басын қосып колхоз құрған,  
Жаңаша бір дәүірге бетін бұрған.  
«Бостандық» деп ат қойып, үміттеніп,  
Еңбек еткен аянбай талай тұлғаң.

Кеңес келіп, аулады «халық жауын»,  
Зарлады қасіреттен қалың қауым.  
Жасөспірім жетімдер, жесірлердің  
Еншісіне тиді ғой тұрмыс ауыр.

3 Галым



Күә болдық соғыстың келгеніне,  
Қырғидай тиді емес пе ерлеріме.  
Қыргынның майданында қанша жігіт,  
Жан берді орала алмай елдеріне.

Біз өстік балалықты көрмей, білмей,  
Ерте есейдік, еркелеп, ойнап, күлмей.  
Аналар ауырлықты арқалады,  
Жұмыста құндіз- тұні көзін ілмей.

«Бостандығым» бостандық ала алмады,  
Коммунизм шебіне бара алмады.  
Еңбек күн деген пәле пайда болып,  
Колхозшының еңбегі пұл саналмады.

Еске алам аталарды, апаларды,  
Албырттықты аттаған ағаларды.  
Жаңа ғана гүл жарған аруларды,  
Бал дәуренді білмеген балаларды.

Ауыртпалық бәріне бірдей болды,  
Бірдей күйіп, сұықса бірдей тонды.  
Тағдырдың тауқыметін тауып тұрып,  
Аш-жалаңаш алысып, бірдей тозды.

Өтті бәрі бүгінде елес болып,  
Құрып кетті кешегі кеңес тозып.  
Егеменді ел бодық армандаған,  
Барады бір белестен белес озып.

Жиырма жыл қол жеткелі азаттыққа,  
Қош дедік бодандыққа, азаптыққа.  
Оралды ортамызға ділім, тілім,  
Дәстүрге бай байырғы қазақтыққа.



Ата жұртым, ауылым тұған елім!  
Бабалар сауық-сайран құрган жерім,  
Ғұмырың ұзақ болсын жасара бер,  
Жылдан жылға гүлденсін асқар белім.

## Сағынышпен үн қаттым

Міне, бес жыл өзіңсіз өткізгелі,  
Ойдан өтті өмірдің көп тізбегі.  
Бірге өткізген күндер-ай деп сағынам,  
Еске салып нелерді ой іздери.

Елу бес жыл сен келін боп түскелі,  
Өте шықты көріністей түстегі.  
Кош айтысып айрылғалы өзіңмен  
Бес жыл бопты биылғы жыл үстегі.

Жарқын бейнең көз алдында тұр бүгін,  
Құлім қағып тұрғандайсың сен бұрын.  
Әзіл-қалжың тұл бойында тұратын  
Қымбат бізге, Машекер-ая, әр күнін.

Бас қосылып отырғанда базар ең,  
Көркінменен әр жиында ажар ең.  
Келіп қалса айтатұғын бір сәтте,  
Сәнді нәзік әзіліңмен қажар ең.

Хайрош жүр жалғыздықта күйзеліп,  
Қартайғанда жал-қүйрығы күзеліп.  
Қайғырады, сенің орның толар ма,  
Қалай ғана өмір кетер түзеліп.

3 белгілі



Топырағың торқа болсын қымбаттым,  
Жұмақтарда орның болсын, сымбаттым.  
Саған тілек иманыңың байлығын,  
Сағынышпен мұңайып мен үн қаттым.

2015 ж

## Жасасын ғажайып тіл- қазақ тілім


Төрелер бар елімде шала қазақ,  
Жазғанды оқи алмай көрер азап.  
Мінбеден сөз сөйлейді маңғазданып,  
Сезбей ме екен тұрганын болып мазақ.

Қазақтың әліп биін менгерменеген,  
Ана тілді өзгеге тең көрменеген.  
Неше жыл басшы болып жүрсе дағы,  
Орысша шүлдірлеуден өзгерменеген.

Үят-ау қызметкерге тіл білменеген,  
Қазақшага келгенде тіл күрмелген.  
Жиырма екі жыл егемен ел болсақ та,  
Ана тілді үйреніп үлгерменеген.

Орыс, неміс, басқалар қазақ тілде,  
Еркін сөйлеп, сайрайды таза мұлде.  
Мемлекеттік тілдегі сайыстарда,  
Алшаң басып алып жүр женіс жүлде.

Намыс қайда, айтшы өзің, шенді адам,  
Ана тілге бассайшы жалғыз қадам.  
Қазақ тілін білменеген қазағыма  
Берер бағам. «Сен өзің нағыз надан!»



Төре басшы болмаса ұлтқа лайық,  
Ондейлардан тазарып, құтылайық.  
Өркеніміз өрге асып өркендеуде,  
Өзге елден кем қалып ұтылмайық.

Жасасын ғажайып тіл- қазақ тілім,  
Алшақтап алға басқан азат тілім.  
Іс жүзінді мемлекет тілі болсын,  
Өз тілімде асқақтап ғылым, білім.

## Тәубе, тәубе!


Өмірбаян қысқаша таратайын,  
Өнеге өснеге жаратайыг.  
Бай да емес, жарлы да емеспін,  
Күн көрдім қатардағы қарапайым.

Үш қабат зәулім коттедж салғаным жоқ,  
Шетелдік қымбат көлік алғаным жоқ.  
Сыпайылық – тұрмыстың ережесі,  
Ешқашан өз теңімнен қалғаным жоқ.

Үй жиһазы жұпныны, жанға жайлы,  
Қызығып үлгі етпедім не бір байды.  
Дүние – адамдардың бақыты емес,  
Санаада сақтау керек осы жайды.

Нелер кетіп, адамға нелер келер,  
Сабыр сақта, құдайым өзі берер.  
Жиған-терген байлығым, бақытым да  
Үрпағым – балалар мен немерелер.

3 балалар



Аз ба, көп пе ғұмырым енді қалған,  
Өтіп кетер менен де дүние жалған.  
Қайғы, қасірет, бейнетсіз кәрілікті,  
Бере көр мұһминіңе жалғыз Аллам.

Ел аман, жұртым тыныш болсын деймін,  
Төбеге бақыт құсы қонсын деймін.  
Қазақтың абыройы арта берсін,  
Шаңырақ зор бақытқа толсын деймін!


## Хайрош, қайдасың?!

Хайрош қасқа қыдырып кеттің қайда?  
Жүрсің бе әлде қырда, әлде сайда.  
Денің сау, бойың жеңіл, көңілің кек,  
Жүрмісің сапар шегіп, жақсы жайда.

Неше күн сені ізден, таба алмадым,  
Ресейіне кетті-аудеп жобаладым.  
Ізінді анық айтып кетпеймісің,  
Қайда болдың қай елді арападың?

Аман бол, көне досым Хайрош қажы,  
Шамаң келсе отырма қысы-жазы.  
Іздедім ауыз ашар рәсіміне  
Табылып, келіп қалсаң, болам разы.

Телефоның сөндіріп қоймағайсың,  
Мені ізден қалар деп ойлағайсың.  
Шаба бер, той-томалақ дегендерге  
Ізгілік өз жолыңдан қалмағайсың.



Жолықса ылайықты кемпір-семпір,  
Жайланып ебін тауып, ретін келтір.  
Жол сапарда құрғактай жүре берме,  
Бір мезгіл бойың жазып, еркін серпіл.

Июнь, 2015 ж

## Сағыныш сазы

Қадіріңе жетпейтін ешбір баға,  
Қайда кеттің хабарсыз қажы аға?!  
Екі-үш күн тілдесе алмай өзіңменен  
Орын таппай өзімнен кетті маза.


Сағынамын көрмесем бір өзінді,  
Естімесем зерделі әр сөзінді.  
Ақылың эшшолонға жүк болардай,  
Мезгейсің кей шындыққа сен көзімді.

Ауырмай жүре берші адал досым,  
Қызыққа, қуанышқа қойның толсын.  
Тайрандал та, сайрандал жүре бергін,  
Ойын- тойға жүретін шамаң болсын.

Жарты ғасыр жарасқан сырласымсың,  
Кейде аға, кейде бір құрдасымсың.  
Жан беретін жансың-ау мен дегенде,  
Әр қашан жанашыр боп тұрганымсың.

Коғамда зиялышың Зеке-қажы,  
Қажылардың ішінде жеке қажы.  
Өлеңменен білдірген өз құрметін  
Болатыңның осылай сырлы назы.

3 белгілі



## Абзал жандар қатарына қосылмай

Бір жүзің бар, ақылгөйсіп жүресің,  
Маңайдағы ақымақтарға құлесің.  
Көзің көрген жат қылықты сынайсың,  
Салмақтылық – өмірдегі үлесің.


Ішімпазды шенеп-мінеп сөгесің,  
Сөгісінді ол бейбаққа төгесің.  
Таңырқайсың неге осындан болды деп,  
Салиқалы санаң биік төбесің.

Тұрасың ғой періште бол көрініп,  
Майда сөзбен шешенсіп бір төгіліп.  
Тіл мен жаққа сүйенген сен жансың-ау,  
Сөзден ісің тұрмадандаі бөлініп.

Сөйлеп кетсе өзін-өзі абыз қып,  
Шешенсиді сөздің майын ағызып.  
Көпті көрген көсемдей-ақ, шіркін-ай,  
Шындығы жоқ әңгімені аңыз қып.

Екінші бір жүзің басқа шынайы,  
Тұп-тұзу бол жүре алмайсың ұдайы.  
Ішіп кетсең бірнеше күн тоқтамай,  
Тегіледі тұр-тұлғаңның лайы.

Мінезің де күрт өзгеріп кетесің,  
Балаларға әлімжеттік етесің,  
Айдаһардай ақырасың үрей бол,  
Бейпілдіктің шегіне де жетесің.



Мыжындаисың өз-өзінен ашынып,  
Жанұяның берекесін қашырып.  
Мұләйімсіп, аяушылық іздейсін,  
Байғұс болып байбаламға бас ұрып.

Бұзыласың ұмыт болып ақылың,  
Арақ болып, жының басар жақының.  
Бала шағаң үркіп сенен қашады,  
Батқаннан соң титіктарға тақымың.

Екіжүзді еркексің-ау осындей,  
Жүрсің қалай ой-өрісің осылмай.  
Құйқылжыған мінезіңмен жүрсің ғой  
Абзал жандар қатарына қосылмай.

### **Ақсақалдар, сақал-мұртты қояйық**

Қарт адамды ақсақал деп атаған,  
Салт-дәстүр ғой келе жатқан атадан.  
Немерелі, шөберелі болды деп,  
Тұп-тұқыл бол жүргендерді актаман.

Дүр заманда ата жолдан адасып,  
Тұрмадық қой ізгілікпен санасып.  
Тіршілікке тікаяқтық орнықты,  
Мода қудық жастарменен таласып.

Сақалыңды жас сәбілер сипаса,  
Үлкен-кіші құрметпенен сыйласа.  
Көк тұқыл бол төрде отырсақ не дер ең,  
Жас үрпағың сақал сұрап қинаса.



Келбетіңе жарасар сақал мен мұрт,  
Ақсақал деп соңда айтар бар қалың жүрт.  
Қазақ елі өркендейді халқымен,  
Гүлдендірер көрікті бай салтымен.

Қанат жайып келе жатыр тіліміз,  
Жаңғыруда, жарқырауда діліміз.  
Имандылық орын алып қоғамда,  
Нығаюда қасиетті дініміз.


Ақсақалдар сақал-мұртты қояйық,  
Керенауыз ғұрыптарды жояйық.  
Отыз елдей озықтарға жетерде  
Салтымызбен дәрежелі болайық.

### Ешкіні апа, текені жездे қылып

Бұл мәтелдің, ойлансан, мәні қандай,  
Ұғарсың даналықты қағып таңдай.  
Таң қаласың астарлап айтқанына  
Түсінбейсің тереңін зейін салмай.

Қазақтың бір мақалы бір дастандай,  
Қарап тұрсақ бірінен бірі асқандай.  
Өмірдің әр жайына реті кеп,  
Айтасың нақыл етіп еш жасқанбай.

Мақал-мәтел қазақтың саналығы,  
Бабалар мұрасының даналығы.  
Ұлы сөз ұрлақ үшін ұлықталып,  
Жалғасқан ғасырлардың аралығы.



Білейік ұлтымыздың мол мұрасын,  
Шешендікпен шегелеп сөз құрасың.  
Ұтымды пайдалансаң мақал-мәтел  
Зиялы жандарменен тең тұрасың.

Ешкіні апа текені жезде қылып,  
Инабатпен қолданған әдеп-қылық.,  
Маңайдағы жандарға бірқалыпты,  
Білдірген нағыз жайсан қазақылық.

## Таусылмайтын жиналыс


Мекемелер өнірде  
Жиналысты қоймайды.  
Шен билігі өмірде  
Отырысқа тоймайды.

Ұзақ күнге қарайды  
Мәселелер топтарын.  
Кейде түнде тарайды,  
Бекітіп істің жоспарын.

Күнделікті іс-шара,  
Топталып шұғыл тұрады.  
Кезегін күтпес іс-дара  
Шенділер басын құрады.

Жиналысты қысқарт деп,  
Елбасы қатты ескертті.  
Отырыстардан бас тарт деп,  
Қадағалап, тексертті.

3 белгілі



Қалса да ауру адамнан,  
Қалмайды әдет жойылып,  
Ерген ескі заманнан  
Болмайды мұлде қойылып.

Таусылмайтын жиналыс –  
Басқарудың тәсілі.  
Ертелі кеш отырыс  
Басшылардың қасібі.


## «Аймақтар аламаны»

Сайыстарда «Аймақтар аламаны»  
Айқын түр өнерімнің жаңа таңы.  
Тәуелсіздік күн нұры сәуле шашып,  
Орындалды байырғы баба арманы.

Сызылтып ән салады бұлбұлдарым,  
Мың бүралып билейді ұл қыздарым.  
Домбырада күйлерім құйқылжиды,  
Жаңғыртып Алатаудың шың-құздарын.

Бойыма ерекше бір сезім тарап,  
Көз алмай экраннан тұрмын қарап.  
Сазды күй, сызылған ән, әдемі би,  
Өнердің гүлденгені күн-күн санап.

Әр заманда басылып қалған бұрын,  
Оянды үйқысынан өнер бүгін.  
Дарынды өнерпаздар қазагымның,  
Жаңғыртты мұралардың неше түрін.



Сахна иелері оралыпты,  
Сілкініп, бойын жазып торалыпты.  
Кешегі есіктерде отырғандар  
Қадірлі боп, құрметті төр алыпты.

Айналайын бәйгелі аламандар,  
Өнеріңмен жер шарын аралаңдар.  
Егеменді елімнің еркелері,  
Жалтақтап жан жағыңа қарамандар.

## Мультиварка


«Мультиварка» – жетістігі заманның,  
Бүгінгі бір әсем түрі қазанның.  
Дәмді етіп пісіретін заматта  
Сапасы зор түрлі-түрлі тағамның.

«Мультиварка» – асхананың сәні екен,  
Қасиеті піскен астың дәмі екен.  
Ас пісетін белгілеген уақытта  
Орындаитын бір мұлтіксіз мәні екен.

Жанат еді апасына сыйлаған,  
«зор рахмет, Альбинадан сый алған» –  
Гуля апасы бір көмекші алғандай  
Қуанышы қойынына сыймаған.

Рахатын көріп жүрміз тамаша,  
Риза болып, қуанамыз, балаша.  
Ас пісіру жеңілденді осынша,  
Асханаға жан кіргендей жаңаша.

3 белгілі



Жатқан жерің жұмақ болсын балапан,  
Ақ батамды берем жайып алақан.  
Жаңың жайлы, берсін иман байлығын  
Бір өзіңе жаны жайсаң жаратқан.

## Келіннің парызы мен қарызы


Келіннің өмірдегі парызы не?  
Ата-баба алдында қарызы не?  
Әр келін осы күні ұға ма екен,  
Өзінің өмірінің маңызы не.

Мақсаты – теңін тауып жар сую ме,  
Арманға жеттім деп тек ой тую ме.  
Күнделікті болмысқа балқып, байып,  
Дүние- бок жиналышп көбею ме.

Кей келіннің қол жетер ойы жансақ,  
Сәби сүйіп асырау дейді мақсат.  
Ұлағатты ұрпақты тәрбиелеу,  
Дәл бүгін кенде қалып тұр-ау ақсал.

Қыз баланы ертеңгі ана ету,  
Үлгілі, иман жүзді дана ету.  
Әйелдің Алла алдында парызы бұл,  
Құран -кәрім, хадистің уағызы бұл.

Судай сіңіп, тастай батсын жұртына,  
Берік болсын ата-ана ғұрпына.  
Қыз өсіріп қылықты ғып, сүйкімді,  
Ұлықты ғып үл өсірсін үлтына.



От басына құт береке қондырсын,  
Шаңырақты қуанышқа толтырысын.  
Ата-анаға құрмет, сиын көрсетіп,  
Жанұясын үлгілі отау болдырсын.

## Сырым батыр

Сырым батыр жол сапарда жүріпті,  
Бір үйге кеп аттан түсіп, кіріпті.  
«Ассалаумағалейкүм!» деп иіліп,  
Төрде отырган қартқа сәлем беріпті.

Ару қызды төрде отырган көріпті,  
Көз алмайды сол сұлудан көрікті.  
Таңданыпты, тамсаныпты, қылғынып,  
Іштей тынып, бар көнілін бөліпті.

Сырым толқып, қиялымен құлапты,  
Айттар ойын оңайлықпен құрапты.  
Қарттан тұрып, ат басына кигізер  
Астаяу бар ма сіздерде деп сұрапты –

Астаяу жоқ қой деп қызына қарады,  
Бізде болса қызыым ізденеп табады.  
Қыз түсініп сөз астарын айтылған,  
Әзілменен Сырымды кеп қағады.

Бір астаяу бар өте ескі, ұсталған,  
Екіншісі орташа, сәл ысталған.  
Жаңасы бар жуытпаймын қасыңа,  
Атың түгіл, кигізбен өз басыңа.

Сырым сезіп, қайтқанын өз тауалын,  
Таба алматты қызға айтар жауабын.  
Сасқалақтап батыр басы салбырап,  
Шығып кеткен жалтыратып табанын.

Бұл аңызды айтты біздің женгеміз,  
Шындығына, әрине, біз сенгенбіз.  
Өзіміз де жаңа астау таппайтын,  
Сол жағдайға баяғыда келгенбіз.


Бұл аңыздың маңызы зор қарасаң,  
Салиқалы сабақ-ау деп санасан.  
Тарау-тарау тарқатайын ойымды,  
Тыңғылықты тыңдауды сен қаласаң.

Сырым батыр қалай сауал қойғанын,  
Астар салып жеткізе алды ой мәнін.  
Тек қазақтың жігіттері жеткізер,  
Қабатталған әзіл менен ой дәмін.

Төрде отырған ақсақалды қария,  
Парасатты ақыл ойы дария.  
Сөз жауабын өз қызына аударып,  
Сауал сырын етпеген-ау жария.

Сырым батыр ару қызға қызыға,  
Әке сезді қарағанын қызына.  
Бойжеткен де ойы тапқыр, сөзі өткір,  
Батылдықпен жауап қатты сыйыла.

Қайран қалам біздің қазақ үлтүна,  
Ұлағатты салт-дәстүрі, ғұрпына.  
Данышпанды, парасатты терең ой,  
Үлгі етерлік мына әлем жұртына.



Дәл мынандай ащы-түшү әзілді,  
Айтысқанда белдесуге әзір-ді.  
Тек қазақтың ұл-қызынан көресін,  
Көркем сөздің жарысы һәм тәрізді.

\*\*\*

Женгей айтты уақыттың озғанын,  
Астаулардың ұстауынан тозғанын.  
Әттең-әттең налисың да қоясын,  
Көресің-ау тағдырыңың жазғанын.

Неге женгей бұл аңызды қозғады,  
Не себепті Зекемізге жолдады.  
Еске салып қажы ағаңың өткенін,  
Қалған ізін сапар шеккен сол дағы.

Шебер айтқан әңгіменің желісін,  
Еске алып үзілмеген жемісін.  
Қоздырды ғой желебесін қарттардың,  
Ойға әкеліп жас кездегі женісін.


2015 жыл

## Жаза бергім келеді, жаза бергім

Жыр жазуға құмарттым бала кезден,  
Тәтті ойды түйіндең қара сөзбен.  
Шабыт деген жарықтық маза бермей,  
Шумақтары шұбырып бойды кезген.

З.Джант

Шырт үйқынды бір кезде ой бөледі,  
Тізбектеліп түрғанын бой сезеді.



Ақтарылып түскенше ақ қағазға,  
Ауытқыған аурудай бойды езеді.

Шытырман сөз тіркесін саптау керек,  
Мазмұнын қаз қалпында сақтау керек.  
Шумақ болып туғанда қалыптасып,  
Үйлестіріп, мәнерлеп балтау керек.


Жасымнан ақындыққа ғашық болдым,  
Біртіндеп жыр жазуға машық болдым.  
Құдыретті поэзия әлеміне,  
Бисмиллә деп кірге асық болдым.

Қартайсам да қаламым қажымады,  
Сөз тіркесім әзірше бажымады.  
Жаза бергім келеді, жаза бергім,  
Тіршіліктे талай жыр жазылады.

Әл кеткенше тастаман қаламымды,  
Тағдырым тауыспаса талабымды.  
Әлі де аздап-аздап берерім бар,  
Өмірден алдым, шүкір, аларымды.

Жыр жазсам бой жазылып жеңіледі,  
Ауру-сырқау жабырқау шегінеді.  
Біраз күн жазбай жүрсем сәті түспей,  
Жан жүдеп жаншылады, езіледі.

Жаза бергім келеді, жаза бергім,  
Терендегі жыр кенін қаза бергім.  
Айтарымды әлі де тауысқам жоқ,  
Жыр жазбауга келмейді маза бергім.



## Ардақта өз әкенді

Имандылық бойына жинамаған,  
Әдепсіздер әкесін сыйламаған.  
Бағып, қаққан еңбекті ақтаймын деп,  
Арсыз, азғын өз жанын қинамаған.

Білмейді әке сыйлау парызым деп,  
Сыйласам – қайтарылған қарызым деп,  
Дүниеге әкеліп, әлпештеген  
Бага жетпес қариям, абызым деп.

Тастама әке айтқан сөзін жерге,  
Әкең үшін түсерсің қара терге.  
Беттен қағып, көңілін қалтырмағын,  
Ренжіту – обал-ау намысты ерге.

Сінірген әке еңбегін бағалар ма,  
Көңіл-күйін тот басып таба алар ма!  
Не бары әкелерге құрмет қажет,  
Арқалап жүр демейсің балаларға.

Әкесін қадірлеген жігіттер бар,  
Ұяттан жүрдай болған мігіттер бар.  
Қорада қоқыс болып жатқанға үқсас  
Неше жыл түтілмеген түбіттер бар.

Осы өмірге адам боп неге келдің,  
Алғаның көп, қанеки нені бердің?!  
Өкінішті, осынша топаспысың,  
Не тоқыдың, не көрдің, нені тердің?!

Бұл дүниеде адал туған ұлмысың,  
Өзеуреген әлде өзіңе құлмысың.

З белгілі



Көк тиынға басқа жанға пайдаң жоқ,  
Қандай еді қайырымсыз болмысын.

## Айгүлді сағыну

Айгөлегім таң нұрымен тұратын  
Міндептіңдей бізге кіріп шығатын.  
Сіздер қалай өрдіңіздер деп сұрап,  
Амандықты біліп көңілі тынатын.


Әдетіммен терезеден қараймын,  
Киялменен бір көруді қалаймын.  
Күлім қаққан, томпаңдаған тұлғанды  
Сағынышпен күтеміз-ау талай күн.

Өзің жоқсын, қаңырап қалды орамын,  
Көрінбейсің маңайында қораның.  
Күйзелістен шаңырағың шайқалды,  
Қасіретке толып қара орманың.

Бір ай болды айрылғалы өзіңнен,  
Көрмегелі күлкі сұлу көзіңнен.  
Күрсінерміз, сағынармыз, сарғайып,  
Нәр алуды салиқалы сөзіңнен.

Бүгін жоқ арамызда Айгүліміз,  
Айгүлсіз өтпейтін-еді бір күніміз.  
Қараймыз орамыңа өңі кеткен,  
Солғандай сол жақтағы бір гүліміз.

Сарғайып, сағынамыз, жоқсың өзің,  
Естілмейді «Жезде» дер назды сөзің.  
Жарқ етіп кіріп келсен үйімізге  
Нұр төгіп, жылу шашар сұлу көзің.



Айгөлек, сенің орның толмайды ғой,  
Өзіндей бауырмал жан болмайды ғой.  
Жанұяң жудеу тартып түр әнекей,  
Дәл сендей бақыт құсы қонбайды ғой.

Аруагың шат болсын, балдыз жаным,  
Жұмақтан орын алсын жалғыз жаның.  
Тірілер тіршілігін жасай берер,  
Тағдырдың ауыр-жеңіл салғызғанын.

## Әсем сұлу Әйгерім


Кыпша белді құшу ердің арманы,  
Қарт қиялдың қылғынып тек қалғаны.  
Сұлұлыққа сүйсінгені соншама  
Қызыққаның болса дағы жалғаны.

Әрі биши, әрі әнши сұлу қызы,  
Орынды ма сұғынардай мұнымызы?!  
Құмартқаннан басқа амал бар ма екен,  
Болса дағы қалтамызыда пұлымызы.

Қадалғанда жарқыраған жанары,  
Бұлкілдесе әсем екі анары.  
Бұратылған бөкселері құбылса,  
Делебендеңі қоздырып ҳақ алары.

Қылманда сұлу ару қылығы,  
Тамсанумен тамылжыр ер ырығы.  
Тұла бойдың тамырлары толықсып,  
Толқып кетер дария сезім тұнығы.

3 балықт



Буынсыз бұлғағанда қолдарын,  
Қыстырып ән-өлеңнің жолдарын.  
Құшағыңа қонардай қыр көрсетіп,  
Нұсқағандай тура кетер жол барын.

Көз тоймайтын жайдары көркі қандай,  
Жаздықуні жарқырап туған айдай.  
Магниті тартады еркін құрып,  
Ғашық болып қалғандай құмар қанбай.


Пәктік көрдім Әсем қыздың көзінен,  
Жүрек жарып, бойды алар әр сөзінен.  
Періште ме, сахнада сылаң қаққан?  
Нұр шашылған, ғажайып, дәл өзінен.

Жан рақаты бойды алар балқытып,  
Құдыштеппі өнер көңіл шалқытып,  
Тәтті ән-күй қыздырады қанынды,  
Мазалайды бүйірінді сан қытық.

## Күміс ер

Жиырмасыншы жылдардың дүргелені,  
Қан жұтқызды. Өмір тым күрделенді.  
Байларды тап жауы деп жер аударып,  
«Жансыздарға» толғанды түрмелері.

Күтін-сүргін айналмай кетті бізді,  
Байсың деп жазықтады жездемізді.  
Құсбегі, тазы ұстаған аңшы екен,  
Байлардың қатарына лезде тізді.



Жездемнің болған екен сәйгүлігі,  
Жануар баға жетпес мал түлігі.  
Орташа шаруасы болса дағы  
Тәркіленіп кетіпті «бай» мұлігі.

Тығыпты алтындарын, құмістерін,  
Көршісіне беріпті құміс ерін.  
Ауылдың ортасынан жау іздеген,  
Жауыздар біліп қапты бүл істерін.

Ашылғанда Ақ үйі Абылайдың,  
Жиһазына айналып мұражайдың,  
Сол құміс ер түр, әне, түрін бұзбай,  
Тарихтың қуәсі боп түрғандайын.

Таныды осы ерді жиен ағам,  
Тарихын баяндады өзі маған.  
Тұра бер, бабалардың жәдігері,  
Асылдың сынығысың қымбат баған.

## Дәстүрлі әндер тағдыры

Жаныңды шымырлатып шырқалатын,  
Бойыңды елжіретіп тыңдалатын,  
Дәстүрлі әндер қайда шалықтаған  
Қалқытып көк аспанда жыр қанатын.

Қайда кетті байыргы «Құміс құмған»  
Тыңдаушы жан аузын ашып, көзін жұмған.  
Біржан сал, Ақансері, Ыбырайлар  
Тамаша әндерімен сауық құрған.

3 балық

Жас үрпақ құнсыз дәстүр етпес пе екен,  
Тарихтың тереңіне кетпес пе екен.  
Қиқаңбайдың қиқуы орын тепкен  
Сахнаға дәстүрлі ән жетпес пе екен?!

Сегіз сері, Сәкеннің әндеріне,  
Қастерлеп, үғатын бай мәндеріне,  
Бүгінгі жарқыраған жұлдыздарым,  
Шырқаса ғой шындалып тән беріле.

Толқытады дәстүрлі әндер тағдыры,  
Өшпесе екен қазағымның ән-жыры.  
Әжесінің әлдилерін естіген  
Аға буын айтатын бұл жан -сыры.


Қазағымның шаңырағында шырқалсын,  
Жас үрпаққа мұра болып жыр қалсын.  
Бесіктегі нәрестеден басталып,  
Жеткіншектер дәстүрлі әнмен нұрлансын.

2013 жыл

## Еліміздің ертеңгісі жастарда

Елімізде білім, ғылым саласы,  
Тұрақтауға келер ме екен шамасы.  
Сан құбылған сапырылыс сарқылып,  
Ұзарап ма реформалар арасы.

Министрлер жиі-жій ауысып,  
Үлгермейді қоғамменен қауышып.  
Құбылыстан қалжырады ұстаздар,  
Өзгерістен төзімдерін тауысып.



Тексерістер толастамай журеді,  
Мектеп бүгін тылсым өмір сүреді.  
Педагогтар комиссия күтумен,  
Дұрсілдейді байғұстардың жүргегі.

Жазу-сызу, есеп-қисап шегі жоқ,  
Мұғалімнің есебінің шебі жоқ.  
Оқыту мен тәрбиені қосуға,  
Уақыты аз, тынысы тар, демі жоқ.

Мектептерде құрал-жабдық жетпейді,  
Қалай ғана қаржы мұны шектейді.  
Оқулықтар мәселесі оңбай тұр,  
Министрлік осыны да шешпейді.


Қиқұлжулар құрылымды бажытты,  
Мұғалімдер қауымын да қажытты.  
Үкімет бір амал-шара табар ма,  
Орнатуға қажырлы бір бағытты.

Өміріміз өркендеді, өзгерді,  
Сан-алуан жетістікті көз көрді.  
Енді, міне, өркен өскен отыз ел,  
Қатарына енуді ел көздеді.

Еліміздің ертеңгісі жастанда,  
Болашаққа сара жолмен бастар да.  
Тыңғылықты терең білім меңгеріп,  
Отан даңқын шығаратын асқарға.

2013 жыл.

3 белгілі



## Жігіт емес, мігітсің

Сырт қарасаң, жігітсің,  
Жұп-жұмсақ шуда түбітсің.  
Ішің толған жаманат,  
Арамысың, мігітсің.

Алдасам деп тұрасың,  
Арбасам деп тұрасың.  
Ала жібін біреудің  
Аттасам деп тұрасың.


Келешекті ойласаң,  
Санаңа сап бойласаң.  
Адал адам болмайсың,  
Арамдықты қоймасаң.

Өзіңе қара қандайсың,  
Алысқа, бала, бармайсың.  
Тұтініңе тұншығып,  
От болып, жайнап жанбайсың.

Алдыңда қылыш заман бар,  
Алатын заңғар қамал бар.  
Салиқалы санамен  
Тыңдырар, істер тамамдар.

## Шешен қызы Тамараға

Бармысың Тамаражан сыныптастым,  
(ол кезде деуші едік кластастым)  
Жарты ғасыр өтсе де сен кеткелді,  
Қазақ елін бауырым ұмытпапсың.



Көз алдымда өзіңнің жарқын жүзің,  
Қыпша бел, толықсыған балғын мұсін.  
Бұл күнде қандай әже болдың екен,  
Өткенде талай-талай жазың, күзің.

Сабакта алғыр едің, зерек едің,  
Талапты еңбекте сен ерен едің.  
Алланың өзі берген қасиеті,  
Ойың, санаң, білімің терең еді.


Тарихи Отаныңа сен кеткелі,  
Өмірге не келмеді, не кетпеді.  
Қазагымның басына бақ орнады,  
Алла бізді тәуелсіз ел еткелі.

Біраз ел егемендік алып жатыр,  
Біразы бодандықта қалып жатыр.  
Бейбітшілік Отанға орнатам деп,  
Шешен елі ақ жолын салып жатыр.

Оқыдық газетке сен жазғаныңды,  
Білдірген сағыныш пен наздарыңды.  
Тебіреніп еске алсақ жас шағыңды,  
Бірге өткізген көктем мен жаздарыңды.

Жас келді, күрең тартқан күзің келді,  
Өмір, шіркін, базарын үзімдеді.  
Қайсарлық қаныңда бар өз үлтүңнің,  
Солғын тартып кетпесін жүзің енді.

Қазымыр қарттық бойды жендіреді,  
Қатарымыз азайды, селдіреді.  
Көзің көрген кешегі сұлу жігіт,  
Шашы ағарып, сақалы желбіреді.



Тамара, кәрілікке берілмейік,  
Бой түзеп, кер маралдай керілейік.  
Алдағы сексенді де күтіп алыш,  
Маза кетіп қарттықтан жерімейік.

*Август, 2011 жыл.*

## **Хамза ағаны еске алып**


Еске аламын Хамза ағамды майдангер,  
Абзал адам, ұстами зор, байсалды ер.  
Отыз бес жыл қажырлы ол еңбекте,  
Адалдықпен төккен еді маңдай тер.

Оралғасын қанмайданнан жаралы,  
Ел жайына зор үмітпен қарады.  
Бір адамға қиянат қып көрмеген,  
Мейірімді жан еді-ау саналы.

Біраз жылдар қызметтес болдық біз,  
Жастар едік үлгісімен толдық біз.  
Арамызда ұстазымыз санадық,  
Айқындалды біздің өмір жолымыз.

Жақсылардан бір асыл сөз қалады,  
Салиқалы ойға санаң қанады.  
Бірқалыпты мінез-құлық дәріптеу  
Насихаты Хам-ағаңнан тарады.

«Бірқалыпты» – қандай дана сөз еді!  
Қандай керім кісліктің көзі еді.  
Нақты ойды бойымызға сіңірген  
Бірқалыпты Хамағаның өзі еді.



Мейлі төре, мейлі қара болсаң да,  
Мейлі жарлы, мейлі бай боп толсаң да  
Бірқалыпты болу абзал адамға,  
Мейлі бәрің тақ басына қонсаң да.

Жылы еді тоқсанына келетін,  
Қариялар қатарына енетін.  
Сәні болып төрімізде отырып,  
Қолын жайып ақ батасын беретін.


Хамаагамен көрші едік құдайы,  
Тату-тәтті сыйлас болдық ұдайы.  
Алға тосқан дәм-тұзы мен ас-сүйн,  
Жеңгеміз де пейілі кең еді өте сыпайы.

Есіме алдым, келді менің ойыма,  
Жете алмадың мына жеңіс тойына.  
Үрпақ аман, шанырағыңца бақ қонсын,  
Иманды бол аруағың шат болсын.

### **Қызыым саған айтам, келінім, сен де тыңда**

Білгенің жән, ерекше ердің жолы,  
Бұл қазақи қағида нұрға толы.  
Таңдал алған жарыңды құрметтей біл,  
Зайыптық парызың бұл ұмытпа оны.

Күйеуіңің бетінен қаға көрме,  
Бейпіл сөзбен жағадан ала көрме.  
Абайсызда әбестік қадам басып,  
Көңіліне кір таңба сала көрме.



Әдептілік – әйелдің қасиеті,  
Бабалардың қалдығран өситеті.  
Ер сыйлауды үлгі еткен аналардың,  
Қагидалы әз ісі, ақ ниеті.

«Ерің бас, өзің мойын» – осыны біл,  
Ұлтымның ұлагатты асылы бұл.  
Ұлықтайық ұлылар ұлағатын,  
Әлемге әйгіленсін қазақи діл.

Біз – қазақпыз, өркенді елміз бүгін,  
Алға басып, арқалап өмір жүгін.  
Ұлайықты болсыншы қыз бер келін,  
Қызғалдақтай көркейіп әрбір күнім.


2014 жыл.

### Әсем қызыма (Ұшақ апатына ұшыраған)

Мың сәлем, айналайын Әсем қызыым,  
Елінді сүйсіндірер әсем жүзің.  
Ерлігің аңыздагы алыптардың  
Ісіндей дүр сілкінні әлем жүзін.

Батыр халық қазақтың ұрпағысын,  
Алтынның, гауһар тастың ұнтағысын,  
Қанында бабалардың тегі сіңген  
Тарихтың шынықтырган сұңқарысын.

Құтылып құрсауынан сүм ажалдың,  
Алтаудың өлімінен аман қалдың.  
Шала жансар қиналып жатсан дағы,  
Ұшақтың апатынан хабар салдың.



Бес отаны көтердің қайыспадың,  
Белгілі ажалменен сайысқаның.  
Шыныққан жастық отта құрыштайсың,  
Кезіккен соққыға сен майыспадың.

Күштісің, қуаттысың, қайраттысың,  
Ажалға қарсы шапқан айбаттысың.  
Апарттан аман шыққан олжа қызыым,  
Отанның ой-қырына айғақтысың.

Сырқатыңнан ертең-ақ тораласың,  
Оңалып өз ортаң ораласың.  
Сүйгеніңмен табысып, тебіреніп,  
Құс болып шаңырагыңа қона аласың.

2015 ж


## Қарағайым

Өзім еккен балапан қарағайым,  
Өсіремін мәпелеп баладайын.  
Он жылда ол жайқалып биіктеді,  
Көрінеді көгеріп анадайын.

Әсем, сұлу, жап-жасыл қарағайым,  
Сеніменен көрікті бар маңайым.  
Жасыл бақ орнап қалды орамымда,  
Жайылып емен, терек, тал мен қайың.

Жұпар исі аңқыған бағым қандай,  
Аралаймың, жұтамың мауқым қанбай.  
Жаңың жайға бөленіп тебіренеді,  
Кетпейсің-ау, кетпейсің рахаттанбай!

3 бет



Өз қолыммен өсірген қарагайым,  
Қалайша мен сүйсініп қарамайын.  
Сен көзіме ерекше көрінесін,  
Өсірсем де ағаштың мен талайын.

## Жанашырлық


Жанашырлық – имандылық белгісі,  
Жанға·жаннның, көмектесер келгісі.  
Ауырлықты басқа түскен басқаның,  
Өзімнен келіп тұрар бөлгісі.

Жанашырлық қазағыма таныс қой,  
Қолқабыстық көпшілікке таныс қой.  
Бірақ, бірақ қатыгездер әлі бар,  
Олар, шіркін, жақсылықтан алыс қой.

Біреулер бар іс түскенде келетін,  
Көмектесіп, қолда барын беретін.  
Біреулер бар немқұрайды қарайтын,  
Білмеген бол сырт айналып кететін.

Ауру сырқау, өлім·жітім дегенді,  
Ел ішінде әрқашанда еленді.  
Жанашырлар қайғыменен бөлісіп,  
Шын жүректен бірге уайым жегенді.

Жанашырлық – қасиетті жақсылық,  
Жанашырлық – құдайы іс, тап шыным.  
Екі дайда ауырлықты бөліскен,  
Нақты нағыз жанашырға төл іспен.



## Бейпілауыз бейшара

Бір бейшара осы жасқа келгенше,  
Немерелер өз сонына ергенше,  
Салиқалы ақыл айтар кезін ғой,  
Боғауыз бен былапыт сөз тергенше.

Боқтанасың қыз келіннің алдында,  
Ұят-ау деп ойыңа сен алдың ба.  
Ақсақалды үлкеннен де қымсынбай  
Жүрдай болдың жұрнағынан ардың да.

Бейпілауыз бейшарасың көргенсіз,  
Тәрбиесіз өз бетіңмен өргенсің.  
Бала-шаға, көрші-қолаң үшін сен  
Тірі емессің азып-тозып өлгендің.

Ашу қысса айрыласың ақылдан,  
Бақылаусыз даусың шығар бақырған.  
Өз-өзіңе ие болмай қаласың,  
Делқұлыдай жын-сайтаның шақырған.

Ақыл тоқтар жасқа келдің байыпта,  
Қылышыңды бүйірамын айыпқа.  
Үрпағыңа не тәрбие бересің,  
Өткенінді ой жүгіртіп сайыпта.

Білсен маржан, білмесен бұл сөз арзан да,  
Айрылғанға, ұят, намыс ардан да.  
Қор болды-ау деп жазғаным өкінем,  
Бейшарага, адамдықтан азғанға.

Тәріздестер жүр ғой біздің арада,  
Айырып ал жан-жағыңа қара да.  
Имандылық ишараттан айрылған,  
Я жұмаққа, я тамұққа бара ма?!

## Жемқорлық өршіп барады

Ұрып тұрған мына көрер көзіңе,  
Жемқорлық тым өршіп кеткен кезіне.  
«Жемқорлық ол жеңілмейді» дейтүғын,  
Сенеміз бе осы шындық сөзіне.

Өкінішті-ак, біз де бұған сенеміз,  
«Мұның бекер» сіз де қарсы демеңіз.  
Қанша уақыт айғай салып, ұрандал,  
Құрық салып, қүресіп-ак келеміз.


Миллиондар миллирдқа ауысты,  
Триллионға салап енді ауызды.  
Тойымсыздар, құныққандар көбейді,  
Мұліктерді қымқырып, жеп тауысты.

Былғаныпты білімнің де саласы,  
Ұстаздардың кірленген бе санасы.  
Қандай білім тәрбие алар бұлардан  
Алтын үя – мектеп шәкірт баласы.

Үздік шықты құқық қорғау саласы,  
Мемлекет пен халқымыздың панасы.  
«Сенген қойым сен болсаң» деп айтатын,  
Жұрттымыздың бар ма істер шамасы?!

Мемлекеттік ұйымдарда жемқорлар,  
Масқара гой, бұл жерлерде жемқор бар!  
Енді қайттық, айтар сөз жоқ, ұят-ау,  
Адалдарға қалмайықшы болып зар.

Асқынып тұр қоғамның бұл науқасы,  
Қарапайым халқымыздың жау, қасы.  
Қазынаны жегідей жеп жатқанга  
Бәрінің де ауырады сау басы.



## Сәулешіме арнадым

Қызыым Сәуле қанымыздан нәр алған,  
Зор жігерлі, мол тезімнен жаралған.  
Анам менің қуатты жан еді ғой,  
Қасиетті үрпағына таралған.

Жұбайы оның істі болып кеткенде,  
Сәулешімді тірі жетім еткенде,  
Қайсарлықпен қайыспады, сынбады,  
Тым ауыр жүк желкесіне жеткенде.


Жыырма алтыда жасы болды не бәрі,  
Естілген жоқ, еңіреген үн-зары.  
Белін буып, женін түріп күресті,  
Тұрмысының білінбеді жоқ -бары.

Тұсірмеді еңсесін де, басын да,  
Өрден төмен тұсірмеді тасын да.  
Он жыл бойы тапжылмастан тосқанда,  
Үміт, сенім болды оның қасында.

Жанды, міне, Сәулешімнің еңбегі,  
Аман-есен Аманышы келді енді.  
Шаңырағыңа бүгін бақыт қонғаны –  
Қайсарлықпен күресінің женғені.

30.10.2014 ж.

3 белгілі



## Салт-дәстүр жайлы

Біздің үлттық салт-дәстүрден байырғы,  
Кеңес келіп халқымызды айырды.  
Енді бүгін Егемен ел болдық қой,  
Болашагым болсын құтты қайырлы.


Басқалардан кенде емес халқымыз,  
Рухым биік бақуатты салтымыз.  
Сол байлықты жаңғырта алмай келеміз,  
Жаңаша бір жайылардай даңқымыз.

Жас үрпақтың бүгін айтар арызы,  
Аға үрпақтың атқарар зор парызы.  
Имандылық азайып түр арада,  
Жетіспейді бабалардың уағызы.

Үлкен сыйлау, кішіпейіл әз қылыш,  
Жастарымда, амал қанша, азшылық.  
Ойын-тойдың шырқы кетті бұзылып,  
Асабалар анекдотқа мәз қылыш.

Оңбай-ақ түр шұбарланған тіліміз,  
Алға баспай жүдеулеу түр діліміз.  
Араласып алаяқтар астыртын,  
Баяу ықпал етіп отыр дініміз.

Биік болсын десек біздің рухымыз,  
Жаңаша бір жарқырасын ғүрпымыз.  
Ат салысып көрейікші бәріміз,  
Ұлагатты үрпақты ел жүртімымыз.



## Көктем келді

Көктем келді. Күн қабагы ашылды.  
Қыс қаһары амалсыздан басылды.  
Шатырлардан тамшы тамып тал түсте,  
Кешке таман сырғалар боп асылды.

Торғайлар кеп, қаз тізіліп қоныпты,  
Күн-күн сайын қатарлары толыпты.  
Ұрпақ үшін осы жаққа келуге,  
Жылы жақтан аяқтапты жорықты.


Биыл қар көп. Есіл тасыр жайы бар.  
Алқамызға тасқын сұзы жайылар.  
Дариядан мейірі қанып, толығар  
Шөлден қалған саласы бар, сайы бар.

Дархан дала көктемесін көксейді,  
Бойын жазып, құлпырады, көктейді.  
Бұл тасқынға қуанады шаруа:  
«Мал жайылым, көк майса – көп шөп» – дейді.

Сағындырып келді, міне, көктемім,  
Ұмыттырып аязды қыс өткенін.  
Табиғаттың тіршілігі оянып,  
Көктемемен мен де бірге көктермін.

2-наурыз.  
2011 жыл.

3 белгілі



## Балқадиша

Біз келдік тойларыңа, «Балқадиша»,  
Әрбірің әсем сұлу сал Қадиша.  
Ақсақал ағалардың ақ тілегін,  
Ықыласпен қабылдап ал, Қадиша.

Тәнтіміз сендер салған әндеріңе,  
Сүйініп тұрамыз біз сәндеріңе.  
Әсерлі үндеріңмен шырқайсындар  
Дәстүрлі ән-жырларға тән беріле.

Өнерлерің өрлесін биік шыңға,  
Женіске жетерсіндер талай сында.  
Балқадиша, шырқай бер, шыңдала бер,  
Халқыңа қызмет қыл, шаршап, тыңба.


24.04.2013 жыл.

## Табиғат пен адам ғұмыры үқсас

Күн бүлттанып, тұнеріп, қабақ түйіп,  
Долданады тас-талқан ашу жиып.  
Ышқынып, ыскырады қоймай-қоймай,  
Төпелетіп нөсерін, құйып-құйып.

Шілдеде де құбылып тұр күн райы,  
Мұнша неге тұлданып, тұмырайды?!  
Салқын шашқан дауылы басыла ма,  
Ашу тартқан жайылса-ау күн шырайы?!

Табиғаттың тұлғасы құбылмалы,  
Сан қылы құбылыстан құрылады.



Бірде олай, болса егер, бірде бұлай,  
Кейде теріс, кейде он бұрылады.

Дәл осындаі адамның ғұмыры да,  
Әз басының тұлымдай тұғыры да.  
Нелер келіп жатпайды, нелер кетіп,  
Кезектесіп шырайы, зығыры да.


## **Егеменді ел бірлігін сақтайық** (Жаңаөзен оқиғасына қатысты)

Арамдар аңдып жүрген сыртымды,  
Ішке кіріп дүрліктірді жүртыймды.  
Тәуелсіздік мейрамының устінде  
Бұзбақ болып қуанышты шырқымды.

Ақымақтардың көзін шелей басқандық,  
Арсызықтың шет-шегінен асқандық.  
Көре алмай тәуелсіздік жеңісін,  
Жасалған бұл қызғаныш пен қастандық.  
Әлемдегі бейбітшілік аймағы,  
Бұзылған татулықтың қаймағы,  
Кімдер екен ойран салған ортаға,  
Біздің елде болмаған іс қайдағы.

Қандай ғана қара дауыл дем берді,  
Немен ғана желіккенді жемдеді.  
Есастар жамыраған жау болып,  
Тыныштықты талқан етті елдегі.

Азаматтар! Ар, намысты сатпайық,  
Егеменді ел бірлігін сақтайық.  
Халқымыздың абыробын төкпейік,  
Үлтимыз бол үятқа біз батпайық.



## Қазақ өнері

Өрендердің өнері өрлең өсіп келеді,  
Егеменді жылдарда табыстары келелі.  
Елім түгіл әлемге есімдері әйгілі,  
Толды толқып дәл бүгін өнерінің кемелі.

Шеберлігін шиratты әншілер мен күйшілер,  
Шара апайша шалықтап жүр той бүгін бишілер.  
Жас толқынның жұлдызы шарықтауда, жануда,  
Өнер сүйер қауымы қуанар да сүйсінер.


Қазақ елін қастерлі, қасиетті халқымды,  
Табысы Тяньшан тауындағы, ахуалың ауқымды.  
Өркені өскен елдердің, елуінің шебінде  
Екенін бүгін тәнті етті өнеріміз алдыңғы.

Жарқырай берсін нұр шашып, өнердің әр саласы,  
Туа берсін жұлдыз бол қазақтың әр баласы.  
Дүние жүзі жүрттының тамсандырган таңдайын  
Ән-күй, бимен гүлденсін елімнің дархан даласы.

## Ерік келіп еліне

Қарсы алдық біз қайнығаны-Ерікті,  
Сағынышпен Ресейден ол келіпті.  
Ауыл-аймақ ағайынды аралап,  
Үлкендерге барып сәлем беріпті.

Байқаймыз той жүр ол елді сағынып,  
Әңгімеден, сөйлегеннен ағылып.  
Туган жерін аңсаса да ауылын,  
Жүр той әзір тағдырына бағынып.



Аз болса да келед көңілі жайылып,  
Аз-мұздаған ауруынан айығып.  
Тұған елдің ауасына тоймайды,  
Босатса да кең қып төстің айылын.

Отан деген оттан ыстық осы ғой,  
Бабалардан қалған осы озық ой.  
Ерік келіп аунап-қунап кетеді,  
Әрбір күні есте қалар қызық той.

Жүрсे дағы оралуды ойланып,  
Кете алмайды жәй-күйіне байланып,  
Нижнийде қанша уақыт өтсе де,  
Ат табады үйрін кеп, айналып.


### Шабытың кейде шабады

Өлең жазам ақырын,  
Табылса тың тақырып.  
Ойға шомып отырам,  
Шабытымды шақырып.

Тақырып табу оңай ма?  
Орала бермес орайға.  
Бытырайды ойларың,  
Кіргендей қалың тогайға.

Жинақтап теріп дестелеп,  
Мәнерлеп, сәнді кестелеп.  
Қысқа да, нұсқа түйінде,  
Айтарды мәнді етsem деп.

3 белгілі



Шабытың тұрса шашырап,  
Асаяу аттай арындал.  
Асуладан асырад  
Шаршатады халінді ап.


Шабытың кейде шабады,  
Жүйріктей бауырын жазады.  
Шумақтар шұбырып кетеді,  
Көңілің жәй табады.

Кейде өлең қыса ма,  
Аурып та қаламын.  
Жазсам құс боп ұша ма,  
Жүгіріп кетет қаламым.

Ақындықтың сыры көп,  
Ойы менен қыры көп.  
Шабыт шалқып кеткенде  
Жазып тастар жыры көп.

Шипажай «Көктем» тұрағы –  
Алланың берген жұмағы.  
Көк- жасыл желеқ жамылып,  
Тербеліп, мұлгіп тұрады.  
Сылдышлап аққан бұлағы,  
Сазды үн болып шығады.  
Тоқтап тұрсаң тынығып,  
Әуенін жаның үгады.

Қалың ну қайың шыршалы,  
Тізіліп өскен шың талы.  
Тау бойына таласып,  
Ғасырлар өткен шыққалы.



Алатаудың баурайы,  
Жанынды жайлап баурайды.  
Қызыра берсең бектерде,  
Өзінді жіпсіз баулайды.

2013 жыл

## Ұрлаған мен ұрланғандар

Абылай қылышыңа түсінбедім,  
Хан атына лайық ісің бе еді!?  
Қонақтарым жоғалды ғайып болды,  
Білмеймін өңім бе еді, түсім бе еді.


Ұрлығыңа жол болсын, Абылайым,  
Қалайша дұрыстыққа қабылдаймын.  
Ағаңды жасырынып алып кеттің,  
Балдыз-ау, түсініксіз мына жайың.

Көп болар деп уайым жедің бе екен,  
Табағыңа қол сұғар дедің бе екен.  
Әңгімелеге ұйытып, мені тастап,  
Дайындалып ұрлыққа келдің бе екен.

Жемейтін едім ғой мен ырысынды,  
Ұмытпастай қылдың-ау бұл ісінді.  
Алып кетіп, оңаша сыйлайын деп,  
Ресейден келген мына туысынды.

Бұл-ынғайсыз, үятты жәйті болды,  
Абылай, сен төлейтін айып болды.  
Ат мінгізіп жаппасаң шапанынды,  
Жаюға барлық жұртқа лайық болды.

3 белгілі



Лектің жезденің жez қармағына,  
Ойланбай оқастыққа барғаныңа.  
Осындаida санаңмен сезесің ғой,  
Өмірде дүниенің жалғанына.

Ереке! Жасырынып кетіп қапсың,  
Тұысыңа зыр етіп жетіп қапсың.  
Келген үйден ұрланып кеткенің не?  
Абылайды ұрлықшы етіп қапсың.

Тұсінбедім бұл істің жөнін, мәнін,  
Қызғандың ба ініңің асын, дәмін.  
Мәңгіріп мен отырмын дел-сал болыш,  
Бұзар ма едім жиынның, төрдің сәнін.

Екеуің ағайынды іні-ага,  
Ойланбай тап болдыңдар іске шала.  
Ат-шапан айып төлеп жабу керек,  
Досқа құлкі дұшпанға болмай таба.


7 шілде, 2013 жыл

## Көктем келді

Көктем келді. Құн қабағы ашылды.  
Қыс қаһары амалсыздан басылды.  
Шатырлардан тамшы тамып тал түсте,  
Кешке таман сырғалар бол асылды.

Торғайлар кеп, қаз тізіліп қоныпты,  
Құн-құн сайын қатарлары толыпты.  
Үрпақ үшін осы жаққа келуге,  
Жылы жақтан аяқтапты жорықты.

Биыл қар көп. Есіл тасыр жайы бар.  
Алқамызға тасқын суы жайылар.



Дариядан мейірі қанып, толығар  
Шөлден қалған саласы бар, сайы бар.

Дархан дала көктемесін көксейді,  
Бойын жазып, құлпырады, көктейді.  
Бұл тасқынға қуанады шаруа:  
«Мал жайылым, көк майса – көп шөп» – дейді.

Сағындырып келді, міне, көктемім,  
Ұмыттырып аязды қыс өткенін.  
Табиғаттың тіршілігі оянып,  
Көктемемен мен де бірге көктермін.

2-наурыз. 2011 жыл.

## Сен ауырсан


Ауырмашы, шайқалмашы, тірегім,  
Сен ауырсаң, елжірейді жүрегім.  
Шырқым кетіп, күңгірттеніп көңілім,  
Үй ішінен орын таптай жүремін.

Сен ауырсаң аспанды бұлт жабады,  
Айналамыз салғырттанып қалады.  
Шаңырағымның оты лаулап жанбаса,  
Уа жалған-ай, неге көңілің шабады.

Ауырмашы, жанұямның тірегі,  
Міне, осы – сүйгеніңнің тілегі.  
Жадырашы, жайылып жарқырашы,  
Ашылсыншы көңіл-куйдің тұнегі.

Қасымда бол, тағдыр қосқан жұбайым,  
Айрмасын екеумізді құдайым.  
Өзің десем таусылмайды шабытым,  
Саған арнап жазар әр кез жыр дайын.

3 белгілі



*Балам Мұрат отбасымен*



Ескерткіш қабырғадан атапарының есімін ізден шет елден келген қонақтар



Інім Бауыржан Рәшұлы отбасымен



*Кәсіпкер Сермұхаммет Оралұлы*



*Озernerий орта мектебінде*



*Ғазез бен Құлбарам немересі Әлімжанмен*



*Бір топ қоғам қайраткерлері Б. Сагындықов,  
Т. Сүгірбаев, Е. Елеусізов, Қ. Қалиев*

ов А.А.  
ашев М.М.  
ев К.П.

а А.Д.  
ыко В.Ф.  
инский С.Ш.  
о Т.Д.  
лимов Х.  
иков С.Е.  
ых Я.М.  
рт П.Г.  
ш И.Я.  
в П.Г.  
енко И.Ф.  
ин С.М.  
айчев В.А.

Рудь А.Г.  
Рыбников П.А.  
Рябоконь М.И.

Сагиндыков Магаз  
Салтан Ф.С.  
Сандалов А.Н.  
Сафонов Е.М.  
Секисов С.Ф.  
Селезнев Н.Ф.  
Скибинский И.А.  
Слиников И.П.  
Смагулов У.  
Соколов С.В.  
Соловьев А.  
Сосновская  
Сугак И.Я.


Фурса С.И.  
Хабенка  
Хадж

Хан  
Ха  
Хл  
Хо  
Ца  
Циб  
Циг

Аманов А.Н.  
Андреев А.И.  
Андреевский А

Андрюшишен Л  
Андрющенко А  
Антошин Н.К.  
Арндт Э.Ф.  
Артвик А.А.  
Аснаймер В.Ф.  
Бабенко Г.Г.  
Биченко Т.К.  
А.А.

А.С.  
С  
Р  
О



Ескеркіш қабырғадағы әке есімінің қасында



Немерем Батырханмен




*Ажар мен Альбина*

— Ажар мен Альбина



*Студенттік жолдастар Қайрош пен Алтын*




*Немерем Батырханмен*



*Студенттік жолдастар Қабира мен Жамал*



Газез бен Құлбарам немересі Айлинмен



Париж-сюд университетінің  
магистранты Медетіміз



Қарындастым Бақытжан  
немерем Альбинамен



*Алма багымызда Күннэр,  
Менсұлу, Ақар*




*Немерем  
батырхан*




*Сәуле, Амангелді, Мәлике*



*Тіс емшіci Әнүәрбек*



*Экс депутат  
М. Трошихин екеуміз*




*Кіші келінім Дина, немерелерім Батырхан мен Альбина*




*Інім Қалел мен келінім Алма*




*Сүйкімді балдызыым Айгүл*



*Кенже ұлым Жанат*



*Бір мезгіл қар күреімін*



*Ерік пен Әсия отбасымен*



*Улкен үлым Қайыргелді отбасымен*



Облыс әкімі Ерік Сұлтанов



Құрбандарға арналған гүл шоғы



Саяси құгын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш алдында



Ескерткіш қабырғаның қасында



*Досым, інім Ұлан Сүгіров жолдасы Әлхаятпен*



*Агам Қилаждың отбасы*



*Біз Амангелдімен*



*Біз бажам Қайырмолова, болдыздарым Майра, Қулмәйдән*



Ержан мен Тойланның үйлену тойында



Қыздарым Сәүле, Бейнегүл, Жанар



75-жылдық мерей тойдан көріністер



Болат Сыздық, Рахия Әлібекова

## МАЗМУНЫ:

ЖУРЕГІ АҚЫН БОЛЫП ЖАРАЛҒАН АЗАМАТ	5
Өңіріміздің тамаша жыршысы	
Болат Сағындықовтың 80-жылдығына	8

### 1 БӨЛІМ

Жасасын Мәңгілік ел – қазақ елі	18
550 жыл Қазақ хандығына	19
Ел басына арнаймын	20
Мақтанамын!	20
Мақтанамын	21
Тәуелсіздік туы түр нұрын шашып	22
«Қазақ елі боламыз!»	23
Мәңгілік ел	24
Сен қазақсың (Немерммен әңгіме)	25
Жасасын Мәңгілік Ел – Қазақстан!	27
Қазақ жері – байырғы ата мекен	28
Нұрлы жол	29
Мәңгілік ел қақпасы	30
Қазақ жері	31
Астана жасыл белбеуі	32

### 2 БӨЛІМ

Сөз басы	36
Жарқ еттің де өте шықтың, кұлым	36
Бүтін Жанатымнан айрылғалы 8 ай болды	41
Сыр	42
Қош келіпсің сексенім!	43
Сексен жайлы ойласаң	44
Жетпіс жеті	46
Күннәрім	46
Қазагымыз қазақ болып жатқанда	47
Қамықла қартым қамықпа	49
Әке сенің жаққан шамың сөнбейді	51
Қалың қалай ауылдың ардагері (диалог)	51
Бұл менің назым	52
Күннәрімсің күнімсің	54
Балаға боктық үйреткен	54
Немерем Батырханға	55
Зор қуаныш	56
Ерге айғайлау жараспас	57
Батырханым бөбегім	58

Тымак .....	59
Қайсарым, шөберем .....	60
Тұңғыш шөберем Дәмелі .....	60
Ғарып болған әріптер .....	61
Табылар ма айтар бүтін дұрыс сын .....	62
Біздің қазақ жетімінен жеріметеген .....	63
Қайран ана асылын .....	64
Кірмеуші-ең ана түсіме .....	65
Тіл тағдыры .....	66
Рұмырдария .....	68
Ертең өзің қарт боласың, ұмытпа!	69
Екі сұрақ .....	71
Сөнбесе екен шырағым .....	72
Зейнеткердің мұнды .....	73
Шынайы достық .....	75
Сезім .....	77
Ұлы наубет .....	78
Ауыр жыл .....	81
Сәбілерді сағындым .....	83
Ой масқара-ай! (Болған оқиға ізімен)	83
Толқымын, жаңыма жай табылмайды .....	84
Мәңгілік із қалдырдым артымда .....	85
Құдайдан сұраймын .....	87
Азғындану .....	88
Әзіл .....	89
Қызғаныш .....	89
Әкенің қадірін біл айналайын,	90
Қайран Бостандығым .....	92
Кәрілік сүмның жеткені-ай .....	93
Қарт сыйлау бабамың дәстүр-салты .....	94
Жүргімнің зары .....	95
Оу ағайын қайда кетіп барамыз .....	96
Мсақунемнің көріп едік талайын..	98
Жас аналар ойланыңдар біліндер .....	99
Сен болмасаң .....	100
Тәрбие тал бесіктен .....	101
Мінеки мен жетпіс алтыдамын .....	102
Қызылжарым .....	103
Жемісті жиырма жыл .....	104
Әжелер університеті .....	105
Нағашы жүрт .....	106
Төркін .....	107
Кеңпейілдік .....	108
Отырғанда өткенімді ойға сал .....	109
Мен әлі нықпын .....	111

Қарттарым	112
Әй кәрілік, кәрілік	113
Ағайынның татулығын сақтайды	114
Қос шебере	115
Бірлік	116
Парыз	116
Мен күрметті азамат	118
Жетпіс алты	119
Бұрым	120
Ризамын жазмышына Алланың	121
Өтті ғұмыр	122
Шаманды біл	123
Алаяқтар, азғындар	124
Қария бол, қалаулы қазына бол	125
Сақаулар бар қалада	126
Өтті ғұмыр	127
Ауыр сез	128
Қайран әкем (әкем Мағаздың тұганына 110 жыл)	128
Ең кішкентай немерем	130
Түсіністік	131
Жанұяның беріктігі қолында	132
Қиялға батып	133
Өмірге тоймайтын бір пендеміз-ау	134
Мәрияшты еске алып	135
Шіркін, ана жүргегі	136
Ықылас	137
Құнығу	137
Тәуекел	139
Жүректі жарып шыққан жырым еді	140

### 3 БӨЛІМ

Ақсақалдар	142
Сермұхаммет – ер тұлға	143
Ұлан нағыз инженер	151
Алжир	155
Коррупция	158
Біздің қазақ жетімінен жерімеген	159
Бір қалыптылық	160
Жалт еттің де өте шықтың, Маралым	161
Кешегі еңбеккерлер қалыс қалды	162
Киелі бөрік	163
Жарыста	164
Бокс – біздің брендіміз секілді	165
Балапаным Батырханым	169

Жазылмас жан жарасы .....	170
Ата-анаңды аялай аласың ба? .....	171
Асыл-абзал құрбылар .....	172
Бибізара – мейірбанды ана еді (Бибізара Сыздыққызына) .....	174
Бостандық ауылының 80-жылдығына .....	175
Сағынышпен үн қаттым .....	177
Жасасын ғажайып тіл-қазақ тілім .....	178
Тәүбе, тәүбе! .....	179
Хайрош, қайдасың?! .....	180
Сағыныш сазы .....	181
Абзал жандар қатарына қосылмай .....	182
Ақсақалдар, сақал-мұртты қояйық .....	183
Ешкіні апа, текені жезде қылып .....	184
Таусылмайтын жиналыс .....	185
«Аймақтар аламаны» .....	186
Мультиварка .....	187
Келіннің парызы мен қарызы .....	188
Сырым батыр .....	189
Жаза бергім келеді, жаза бергім .....	191
Ардақта өз әкенді .....	193
Айгүлді сағыну .....	194
Әсем сұлу Әйгерім .....	195
Күміс ер .....	196
Дәстүрлі әндер тағдыры .....	197
Еліміздің ертеңгісі жастарда .....	198
Жігіт емес, мігітсің .....	200
Шешен қызы Тамарага .....	200
Хамза ағаны еске алып .....	202
Қызыл саған айтам, келінім, сен де тыңда .....	203
Әсем қызыма (Ұшақ апатына ұшыраган) .....	204
Карагайым .....	205
Жанаңырлық .....	206
Бейпілауыз бейшара .....	207
Жемқорлық өршіп барады .....	208
Сәулешіме арнадым .....	209
Салт-дәстүр жайлы .....	210
Көктем келді .....	211
Балқадиша .....	212
Табигат пен адам ғұмыры үқсас .....	212
Егеменді ел бірлігін сақтайық (Жанаөзен оқиғасына қатысты) .....	213
Казақ өнері .....	214
Ерік келіп еліне .....	214
Шабытың кейде шабады .....	215
Үрлаған мен үрланғандар .....	217
Көктем келді .....	218
Сен ауырсаң .....	219

**Осы өлеңдер жинағының шығуына демеушілік көрсеткен  
облыс әкімдігі және кәсіпкер Сермухаммет Оралұлына  
зор ризашылығымды білдіремін.**

Бұл өлеңдер жинағымның жарық  
көруіне зор еңбек сіңірген жұбайым  
Күннәр Жұқышқызына  
ризашылығымды білдіремін.

Отпечатано  
в ТОО «Издательство  
«Северный Казахстан»  
150001, г. Петропавловск,  
ул. Кошукова, 5.